

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**«БӨБЕК» ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ,
БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ**

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ

**Жалпы орта білім беретін мектептің
6-сыныбына арналған оқулық**

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі ұсынған*

**Алматы
2018**

ӘОЖ 373.167.1

КБЖ 87.77я72

Н 86

*«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру
бағдарламасының авторы С. А. Назарбаева*

Нұркеева С.

Н86 **Өзін-өзі тану:** Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық / Нұркеева С., Алиев Б.Ш., Бақаш Е. – Алматы, 2018. – 144 б.

ISBN 978–601–7819–88–0

6-сыныпқа арналған оқулық «Өзін-өзі тану» пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламасы негізінде әзірленген. Оқулықта адамның өзін-өзі танып, өзін-өзі жетілдіруіне игі ықпалын тигізетін жалпыадамзаттық құндылықтар мен қасиеттердің мәнін ашып, жарыққа шығаратын оқу материалдары ұсынылған. Оқулық материалдарымен жүргізілетін жұмыс түрлері әрбір оқушының өзінің рухани-адамгершілік табиғаты мен өмірлік мұратын ұғынуына ықпал етіп, өскелең ұрпақтың үйлесімді қалыптасуын қамтамасыз ету мақсатын көздейді.

ӘОЖ 373.167.1

КБЖ 87.77я72

ISBN 978–601–7819–88–0

© «Бөбек» ҰҒПББСО, 2018

ҚЫМБАТТЫ ЖАС ДОСТАР!

«Өзін-өзі тану» пәнін оқу барысында әлемді құндылық тұрғысынан ұғынып, өздеріңді оның бір бөлшегі ретінде сезінесіңдер. Өз өмірлеріңнің мәнін, оның қайталанбайтындығын ұғынып, өмірлік мақсат-мұраттарыңды адамгершілік тұрғыда айқындауға мүмкіндік аласыңдар.

Бойларыңдағы мүмкіндіктерің мен қабілеттеріңді барынша ашып, оны өз мүдделерің мен қоғамға адал қызмет ету үшін жасампаздықпен пайдалануға дағдыланасыңдар. Сонымен бірге күнделікті өмірде түрлі мәселелерді адамгершілік нормаларға сәйкес шешуге үйренесіңдер. Кеңпейілділік, кешірімділік, сүйіспеншілік, достық, жолдастық, жауапкершілік, өмірге, әсемдікке деген құштарлық арқылы адам мен қоршаған ортаның үйлесімді қарым-қатынасы жөнінде пікірлесесіңдер. Өздеріңе, адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасауға ден қоясыңдар.

Оқулық мазмұнындағы рухани-адамгершілік құндылықтар сендерге отбасындағы, ауладағы, мектептегі, қоршаған ортадағы өзара сыйластықты түсініп, халық даналығы, ата-баба дәстүрі және ұрпақ сабақтастығы туралы пайымдап, өмірде адамдардың бір-бірімен үйлесімділікте болуы керектігін үйретеді.

Айнала қоршаған ортаға қолдан келгенше көмек берудің, туыстарыңа және жақындарыңа қамқорлық көрсетудің маңыздылығын ұғына түсесіңдер. Өз-өздеріңмен үндестікте өмір сүруге, яғни ойдың, сөздің және іс-әрекеттің адал және шынайы болуын, оған жауапкершілікпен қарау қажеттілігін ұғынып, оны күнделікті өмірде ұстануға мән бересіңдер. Туған жерді қадірлеуді, Отанды құрметтеуді, табиғатты аялауды, денсаулықты сақтауды үйренесіңдер.

Оқулықтағы шартты белгілер өздеріңе таныс айдарларда берілген қызықты оқу материалдарымен танысып, пікірталастарға қатысуға, әртүрлі жағдаяттар бойынша жұмыс істеп, шығармашылық тапсырмаларды орындауға бағыттайды. Барлық тапсырмаларды адамгершілік құндылықтарды басшылыққа ала отырып, шығармашылықпен орындауға тырысыңдар.

Осы оқу жылында сендерге адам мен табиғаттың терең байланысын ұғынуға мүмкіндік беретін «Табиғат – баға жетпес сый» атты жоба бойынша жұмыс жасау ұсынылады.

Сендердің барлық істеріңде шабыт пен шығармашылық тілейміз!

Іске сәт!

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР



Дәйексөз



Оқып үйренейік



Ойланайық, пікірлесейік



Шығармашылық жұмыс



Жаңа ақпарат



Жүректен жүрекке



Жобалық іс-әрекет



Жаңа сабақ

«ТАБИҒАТ – БАҒА ЖЕТПЕС СЫЙ» ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ

Осы оқу жылында сендерге «**Табиғат – баға жетпес сый**» атты жоба бойынша жұмыс жасау ұсынылады. Жоба әрекеті дегеніміз – қоғамға қызмет етуге бағытталған бұл әрі зерттеу, әрі шығармашылық әрекеттің тәжірибеде жүзеге асырылуы болып табылады. Жоба жұмысы бүкіл оқу жылы бойына жүргізіледі. Жобаны дайындау көздеріне өзін-өзі тану оқулығы, танымдық кітаптар, телехабарлар, ғаламтор, отбасы мүшелерімен, сыныптастармен, достармен, өмірі өнегелі адамдармен және әрине, табиғатпен байланыс, сондай-ақ қызықты істерге, шараларға қатысу, оларды өткізуге атсалысу және іс-әрекеттің басқа да түрлері жатады.

Жоба сендерге адам мен табиғаттың байланысын қаншалықты терең түсінетіндерінді, қоршаған ортаның, өздерің тұратын жердің өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғап, сақтап қалу үшін көптеген пайдалы және қайырымды істер жасай алатындарыңды дәлелдеуге мүмкіндік береді. Жобамен жұмысты аяқтаған соң, оның қорытындылары мен қол жеткізген нәтижелерін фильм, слайдтық таныстырылым немесе бейнеролик және т.б. түрде қорғап, жалпы іске қосқан өз үлестеріңді көрсетесіңдер.

Жобаны жүзеге асыру барысын көрсету үшін оқушы дәптерінде **Жоба күнделігі** берілген. Оқушы дәптерін **ozin-ozu-tanu.kz** интернет-порталының «Оқушыларға» бөліміндегі «Электрондық кітапхана» айдарынан таба аласыңдар.

Жобаның бірінші кезеңінде жобаның мақсатын анықтап, «табиғат» ұғымына қатысты сұрақтарға жауап беру керек. Бұл кезең – шешімі табылуға тиіс міндеттерді анықтауға мүмкіндік беретін зерттеу кезеңі. Туған өлкенің табиғатын зерделендер. Бұл үшін, мысалы, мектептерің орналасқан жердің, демалыс орындарының, қала (ауыл) сыртындағы жердің табиғатын зерттеуге болады. Қала тұрғындарымен табиғат жағдайы туралы сұхбат жүргізуге, өзің тұратын елді мекеннің нақты жерлерін суретке түсіріп алуға болады. Сонымен бірге түсірілген суреттер мен бейнематериалдар бойынша фотоколлаж құрастырып, бейнероликтер даярлауға, қаланың белгілі адамдарымен, БАҚ өкілдерімен, қоғам қайраткерлерімен, бір сөзбен айтқанда белсенді өмірлік ұстанымы бар тұлғалармен кездесулер өткізуге болады.

Бірінші кезеңдегі зерттеу қызықты болуы үшін, сыныптастарыңмен табиғат аясына саяхатқа шығуға, көрген фильмді немесе оқыған кітаптарыңды бірлесіп талқылауға, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесі жайлы қызықты фактілерді ортаға салып, танысуға болады. Жұмыс барысында төмендегі сұраққа қалай жауап беруге болатынын ойластырыңдар: белгілі суретшілер, музыканттар, жазушылар тағы да басқа өнер адамдары табиғатқа қалай қараған, оны қалай қабылдаған?

Бұл кезеңдегі орындалған жұмыстың қорытындысы ретінде өздеріңнің қайырымды достарыңды шақырып, тақырыптық кеш өткізуге, өмірі мен еңбек

жолы басқаларға үлгі, өнеге болатын тұлғалармен кездесулер ұйымдастыруға, оқушылардың табиғат туралы салған суреттер байқауын өткізуге болады. Мүмкін, сендер өздерің адам өміріндегі табиғаттың алатын орнын, оның маңызын терең ұғынуға мүмкіндік беретін басқа да қызықты әрі пайдалы істердің түрін ойлап табатын шығарсыңдар.

Жобаның екінші кезеңінде сендердің табиғатқа, қоршаған әлемге жасайтын қамқорлық пен көмектеріңді көрсететін жалпы істің нақты жоспарын жасау керек. Өздеріңнің осы қайырымдылық шараларыңа төменгі сынып оқушыларын да тартыңдар. Олармен бірге табиғат аясында сабақ өткізуге, табиғат туралы суреттер байқауын ұйымдастыруға қатысып, сыныптарда табиғат бұрышын жасауға көмектесіңдер. Төменгі сынып оқушылары үшін адамның табиғатта өзін-өзі қалай ұстауы керектігі туралы жаднама даярлап, өсімдіктер мен жануарлардан келетін пайда туралы айтылатын бояма-кітапшалар даярлаңдар.

Үшінші кезеңде ойластырылған идеялар мен жоспарлар іске асырылады. Сонымен қатар қоршаған табиғатты қорғау, мектеп ауласы мен өз үйлеріңнің ауласын, демалыс орындарын жақсарту жолдарын ойластырып, достарыңмен бірге әрекет жасап, айналаға көмектесіңдер. Өздерің және достарыңмен өткізген сенбіліктерді, ағаш отырғызуға байланысты еңбек десанттарын, табиғатты қорғау акцияларын сурет және бейнематериалдар арқылы көрсетіңдер.

Төртінші кезең – қорытындылаушы кезең. Бұл кезеңде жобаның нәтижелерін рәсімдеп, жариялап көрсетіңдер. Бұл – бейнеролик, фотоколлаж, слайдты таныстырылым, көркем туынды немесе басқа да түрде болуы ықтимал. Мүмкін бірнеше жанрдың мүмкіндіктерін қатар пайдаланатын шығарсыңдар?

Жобаны орындап болғаннан кейін өзің мен достарыңның өмірі қалай өзгергендігі туралы, күнделікті өмірде өзіңнің табиғатқа деген қарым-қатынасың қалай болатындығы туралы ойла, оны талдап, өз қорытындыңды жаса. Бұл туралы жобаны қорғау барысында өз ұстаздарыңа, ата-анаңа, достарыңа айтып, ортақ қуанышқа бөлен. Қонақтарға өз қолыңмен жасалған сыйлықтар мен концерттік нөмірлер ұсын. Сонымен қатар көрмені шығармашылық жұмыспен безендіріп, жоба барысында есте қалған сәттер бейнеленген таныстырылым немесе фильм көрсет.

Жобаға қатыса отырып, сендердің жалпыадамзаттық құндылықтарға сәйкес өмір сүрудің маңыздылығын, адамның өзі бір бөлшегі болып табылатын табиғатты аялау және қорғаудың қаншалықты маңызды екендігін түсіне білгендеріңе сенімдіміз.

Сендерге жоба жұмыстарын жүргізу арқылы өздеріңнің ең бір батыл және қайырымды идеяларыңды жүзеге асыруда табыстар тілейміз!

I ТАРАУ

ТАНЫМ ҚУАНЫШЫ



«Табиғат – баға жетпес сый» жобасы

I кезең

1. Жобаның мақсатын анықтап, жоба бойынша қандай сұрақтарға жауап беру қажет екендігін айқындандар.
2. Өздерің туған өлкенің табиғатын зерттендер. Ол жердің табиғи байлықтарын, адамдарға қандай пайда әкелетінін, жалпы жағдайын және адамдардың табиғатқа қарым-қатынасын сипаттаңдар.
3. Мектеп айналасының, тұрғындар демалатын орындардың, қала сыртындағы аймақтың табиғатын бақылаңдар. Айналадағы жасыл аймақты суретке немесе бейнетаспаға түсіріп, орындалған фото-бейнематериалдар негізінде фотоколлаж құрастырыңдар немесе бейнеролик дайындаңдар.
4. Қала (ауыл) тұрғындарымен табиғат жағдайы туралы сұхбат жүргізу үшін сұрақтар әзірлендер.
5. Қаланың (ауылдың) белгілі адамдарымен, БАҚ өкілдерімен, қоғам қайраткерлерімен, бір сөзбен айтқанда белсенді өмірлік ұстанымы бар тұлғалармен кездесулер өткізіңдер.
6. Жобаның бірінші кезеңінің қорытындысын шығармашылық кеш, радио немесе телехабар, қабырға газеті, бейнесюжет түрінде шығарыңдар.
7. Бірінші кезеңдегі атқарылған барлық жұмыстың, атап айтқанда жобаның мақсатын анықтаудан бастап сұрақтар қоюға дейінгі барысын Жобаның күнделігінде көрсетіңдер.



1-2

АҚИҚАТТЫ ІЗДЕУ ЖОЛЫНДА



*Тек ақиқат білім ғана күдік тугызбайды,
ол өмірді бағалауға, тұрмыс құруға үйретеді.*

Шоқан Уәлиханов

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



Адам адамгершілігінің негізі жөнінде

Бек Тоғысбаев

Нұғыман Баяндин

Адам адамгершілігінің негізі қайда? Бұл сұрақ әлемнің көптеген ойшылдарын, оның ішінде шығыс философтары мен ағартушыларын ерте кезден бастап-ақ толғандырған. Өткен заманның әрбір философ-ғалымы ақиқатқа жетуде өзінің жолын ұстады, бірақ олардың барлығын біріктірген бір ғана мақсат – бақытқа жету жолын көрсету болды.



Кадет корпусында

Олар ақиқат пен бақытты адамның рухани өзін-өзі жетілдіруінің негізі деп білді. Осындай ойшылдардың қатарына ұлтының ұлылығын әлемге әйгілеген ұлы ғалым, ағартушы-демократ, саяхатшы, этнограф және фольклоршы Шоқан Уәлихановты жатқызуға болады.

Шоқан тұлғасының рухани қалыптасуы оның Омбы қаласындағы кадет корпусында оқуымен тығыз байланысты.

Ақиқатты ең жақсы игілік ретінде түсіндіре отырып, Шоқан адам болмысының мәнін зерделеп, оны адамның бақытқа ие болу құқығы ретінде қарастырды. Әрбір жеке адамның бақытын жалпы адамзат бақытымен байланыстырды, сондықтан да, «қоғамдық игілік» дегенді «ең жоғарғы игілік» деп есептеді. Шоқанның бұл көзқарастары жөнінде оның досы Григорий Потанин былай деп жазды: «Өз халқының болашағы үшін қызмет ету – оның арманы еді. Ол ең алдымен, өз халқын сүйетін, содан кейін Сібірді, онан соң Ресейді,

содан соң бүкіл адамзатты сүйетін».

Шоқан Уәлиханов Отанға деген махаббаттан тыс, өз елінің тарихын, халқының салт-дәстүрлерін білмейінше, руханилықтың қалыптасуы мүмкін емес деп есептеді. Оның пікірінше, адамды өзінің туып-өскен жерімен, тәрбие алған ортасымен көп нәрсе біріктіреді. Туған өлке, оның адамдары, табиғаты – адам тағдырының бір бөлігіне айналады.

1847 жылы күзде 12 жасар Шоқанды әкесі Омбыға әкеліп, орыс достарының көмегімен кадет корпусына оқуға орналастырады. Сібірдегі ең тандаулы оқу орны болып есептелетін корпус, декабрист А.Завалишиннің сөзімен айтқанда,



«ағартушылық пен патриотизмнің» жері болатын.

Кадет корпусына алғаш оқуға түскен кезде Шоқан орыс тілін білмесе де, өзінің зеректігімен тілді тез үйренді. Шоқанмен кадет корпусында бірге оқыған досы Г.Н. Потанин: «Өзінің орыс жолдастарын басып озып, Шоқан тез жетілді... Оған талайлар-ақ назар аударды. Ол сондай қабілетті еді және оқу орнына түспей тұрып-ақ сурет сала білетін», – дейді. Шоқанның біліміне мұғалімдері мен құрбылары ерекше қызыққан, сол кездің алдыңғы қатарлы ой-пікірлерімен таныстығын жолдастарының көбі үлгі тұтып, мойындаған. Шоқан олардың Еуропа мәдениетіне бет бұруына себепші болған. Оның досы Г.Н.Потанин: «Бізден жасы кіші болса да, өзімізбен салыстырғанда, ол үлкен сықылды еді де, біздер оған қарағанда бала тәрізді едік, өзінің бізден артық білетіндігін не біздерден білімі жағынан жоғары екендігін білдіруге тырыспаса да, жай әңгіменің өзінде-ақ, оның білімінің бізден артықтығы танылып қалатын. Жалпы жолдастарына, соның ішінде маған, ол еріксіз «Еуропаға ашқан терезе» сықылды болды», – деп жазады. Мұның өзі Шоқанның жолдастары арасында беделі ерекше зор болып, оның биік тұрғанын көрсетеді.

*«14-15 жасар Шоқанға мұғалімдері болашақ ғалым, зерттеуші деп қарайтын еді»
Г.Н.Потанин*

Шоқанның рухани өсуіне орыс әдебиетінің мұғалімі ориенталист Н.Ф.Костылецкий, мәдениет тарихы курсы жүргізген ғалым Г.В.Гонсевский, Н.Г.Чернышевскийдің жас кезіндегі досы, кейін идеялас әріптесі, әдебиетші В.П.Лободовский елеулі ықпал етеді. Н.Ф.Костылецкий арқылы 1852 жылы Шоқан мен профессор И.Н.Березин арасындағы тікелей достық қатынас басталады.

И.Н.Березиннің тапсырмасы бойынша Шоқан Тоқтамыстың «Хан жарлығына» талдау жасайды. Бұл оның алғашқы ғылыми жұмысы болған еді. Осылайша, Шоқан корпусының мұғалімдері мен Омбының алдыңғы қатарлы интеллигенциясының көзіне түседі. «14-15 жасар Шоқанға мұғалімдері болашақ ғалым, зерттеуші деп қарайтын еді», – дейді Потанин.

Өзінің «аққан жұлдыздай» қысқа, бірақ мәнді өмірінде Шоқан әрқашан да «кез келген жағдайда да адам болып қалу» деген ұстанымына адал болды. Ол қоршаған әлемді, болмыстың мәнін танып-білу адам өмірінің қалыптасуының алғашқы негіздерін саналылықпен игеруге мүмкіндік береді деп санады. Ал ақиқат, Шоқанның пайымдауынша, «ізгі ниет, ізгі сөз және ізгі іспен өмір сүруде» болып табылады.



- Ертедегі философтар неліктен ақиқат пен бақытты адамның рухани өзін-өзі жетілдіруінің негізі деп санаған?
- Шоқан ақиқатты ең жақсы игілік ретінде қарастыру арқылы не айтқысы келді деп ойлайсындар?
- Шоқанның өмір жолын адамзатқа қызмет ету жолы деп атауға бола ма? Неліктен?
- Шоқанның «кез келген жағдайда да адам болып қалу» деген ұстанымын қалай түсінесіңдер?
- Шоқанның ақиқат «ізгі ниет, ізгі сөз және ізгі іспен өмір сүруде» деген пайымдауының мағынасын қалай түсіндіресің? Мысал келтір.



- Ақиқатты қалай танып білуге болады? Өз пікіріңді білдір.
- Ақиқат дегенді қалай түсінесің? Өзің ақиқатты қайдан іздейсің? Сеніңше, ақиқатқа жетудің жолдары қандай?



1-тапсырма. Кестеде берілген ұғымдарға сәйкес мағыналарын табындар.

Ұғым	Анықтамалары
1. Адамгершілік	а) Адамдарға деген адамгершілік, сүйіспеншілік қатынас, бұл өзге адамға жақсылық жасаудың негізі.
2. Адамзат	ә) Ырыс, несібені, рухани және мәдени байлықты білдіретін жалпы ұғым; адамның белгілі бір қажеттерін қанағаттандыратын, оның мүддесіне, мақсаты мен ниетіне сәйкес келетін нәрселер.
3. Ақиқат	б) Бүкіл адам баласы.
4. Ізгілік	в) Адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп ұғымы. «Кісілік», «ізгілік», «имандылық» тәрізді ұғымдармен мәндес.
5. Игілік	г) Таным теориясының негізгі категориясы, адам ойының өмір шындығымен сәйкестілігі.

2-тапсырма. Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, «ізгі ниет, ізгі сөз және ізгі іспен өмір сүретін» адамға мінездеме беріп, оның портретін жасаңдар.

Туісті сөздер мен сөз тіркестері: ізгілік, беделді, зеректік, адам тағдыры, адамзатты сүю, болашақ, рухани, игілік, адамзат бақыты, өзін-өзі жетілдіру, мәнді өмір, адам болып қалу.

3-тапсырма. Қазақтың ұлы ақыны Абайдың 32-қарасөзінен берілген үзінділер бойынша өз ойыңды ортаға сал. Бұл сөздердің бүгінгі күні өзіңе қаншалықты қатысы бар деп ойлайсың?

- ...ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек.
- Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!

4-тапсырма. Қазақ ақыны, ойшылы Шәкәрімнің «Бар ғылымның түп атасы – таза ақыл мен ойлану» деген ойын сыныптастарыңмен талқылаңдар.

Марат Күсетайұлы Нұрсұла



Ақиқатпен қарулансаңыз, кім болса мейлі сол айтсын, әркімге бір жалтақтап, көзсіз ере бермейсіз, таразы да, қазы да өз бойыңызда, барлығы да әшкере боп тұрмай ма!

Хош, әуелі кез келген істің басы – оның ақиқатын, ретін білмектікте екені даусыз. Олай болмағанда ше, адам емдеудің ретін біліп алмай, дәрігер ем жасамақ па, болмаса кез келген адам ретін білместен ұшақ айдай ма,



немесе зәулім үй тұрғыза ма, яки қандай да бір техниканы жөндемек пе. Жоқ әлде жалаң ойына ғана сүйеніп, қиынның-қиыны адамдардың сан қилы қатынастарын реттемек пе?! Әрине жоқ.

Мың жерден ақылды болсаң да, қандай да бір зат немесе құбылыстың ақиқатын танытар хақ¹ білім алмасаң, оған тіпті маңайлауға да болмайды! Аса қауіпті! Міндетті түрде бүлдіресің! Бұл базбіреудің жеке қалауы емес – бұлжымас жаратылыс заңдылығының талабы.



Ақиқат айнасы

(Аңыз)

Ғалым Бақыткерейұлы

Баяғы өткен заманда даналыққа ден қойған бір кісі болыпты. Күнделікті күйбең тірлікпен жүретін ол бір күні өзінің уақыт өткен сайын ақиқаттан алшақтап, санасының тұманданып бара жатқанын байқапты. Сол себепті де ол шындықты шындық күйінде көрсететін ақиқат айнасының болғанын қалап, бір күні өзіне сондай айна алдырыпты. Сонан ол көкірегі өсіп тасына бастаған кездерде, немесе қайғы-мұңға беріліп еңсесі басыла бастаған кездерде сол айнаға көз салып, тәубесіне келіп, шүкірлік етіп, туралық табады екен.

Күндердің күнінде ол кісіге дүниеден өтер кез таялыпты да, енші бөлісе бастаған оның балалары арасында айна үшін үлкен дау туған екен. Олар іштарлықпен айнаны бір-біріне қимай, әрқайсысы да оның тек өзінде ғана болғанын қалапты. Өзара келісе алмай, ақырында араларына араздық кіре бастағанын көрген соң, әкесі балаларына өзінің мынадай шешімін айтуға мәжбүр болыпты. «Егер бұлай өзара келісе алмайтын болсаңдар, онда сендер бұл айнаны сындырыңдар да бөліп алыңдар. Бірақ сол сынықтардан ақиқатты көре алмай, бет-беттеріңе лағып қатты адасарсыңдар. Бастарыңнан азап пен қорлық арылмай, тер мен жастарыңа да тұншығарсыңдар. Сонда сендерге тұтас айнаның қадірі өтер. Сол кезде сендер ойланып, айна сынықтарын жинастырып, құрастыра бастарсыңдар. Ал қазір дегендерің болсын, сындырыңдар да бөліп алыңдар!» – депті.

Содан Ақиқат айнасын қиратып, әрқайсысы бір-бір бөлшектен иемденіп, көңілдері әбден жайланған оның балалары бет-беттеріне көшіп, жан-жаққа тарап кете барыпты.

Сонау бір заманда бір қауым елде айнаның небір түрі болса да, шындықты шындық күйінде көрсететін нағыз айна болмапты. Сол себепті де бір күні осы елге бар нәрсені еш бұзбай, айқын көрсететін ақиқат айнасы әкелініпті. Содан осы кезге дейін небір сапасыз қисық айналарды қолданып, соның салдарынан өздері жайында небір жаңсақ пікірлерде жүрген осы елдің халқы ақиқат айнасына қарап, неше түрлі сезімдерді бастан кешіре бастапты.

Біреулер айнаға қарап, өздерінің шын бет-бейнелерінен шошынып: «Жоқ, мен мұндай емеспін, бұл өте нашар айна, мұндай айнаның бізге қажеті жоқ», – деп айнаға өшігіп, амалын тауып оны сындырып тастауды ойлай бастапты. Екінші

¹ Шындық, күмәнсіз ақиқат



біреулер болса айнаға қарап, көңілдері қатты бұзылып, оған өздері де қарағылары келмей, өзгелердің де оған қарағанын қаламай, айнаның көзден таса жерде ұсталғанын жөн көріпті. Ал үшінші біреулер болса айнаға қараған соң, өз кейіптерінен өздері қысылып, үсті-бастарын ретке келтіріп, өздерін дұрыс ұстап, дұрыс жүріп-тұруды үйрене бастапты.



Осылайша Ақиқат айнасы біреулерге ұнап, енді біреулерге ұнамаса да, ол өз міндетін тиісінше атқарумен болыпты. Сол арқылы кімдердің кім екені анықталып, әр адам өзінің шын бет-бейнесімен таныла бастапты.



- Балалар арасында айна үшін туған үлкен даудың себебі неде деп ойлайсындар?
- Аңыз неліктен «Ақиқат айнасы» деп аталған?
- Сенің пайымдауыңша, ақиқат деген не? Нақты мысалдар келтіріп, пікіріңмен бөліс.
- Өзіңнің күнделікті өмірінде осындай ақиқат айнасы керек пе? Неліктен?
- Өзің ақиқат айнасынан нені көргің келеді?
- Ақиқатқа апарар жол қандай деп санайсың?



5-тапсырма. Төменде берілген өлеңдерді оқып, ақиқат жөнінде түйген ойларыңды сыныптастарыңның пікірлерімен салыстырып, қорытынды жасаңдар.

Ақиқат

Мұзафар Әлімбаев

Ақиқатты іздеген
Әуелден дос бізбенен.
Әділдікті қорғаған –
Бір туғандай ол маған.

Армандасын қолдаған –
Ағайындай ол маған.
Жалғандықты жақтаған –
Бір туса да жат маған.

Ақиқат

Ержан Нүсіпбеков

Таңды қуа алаулап күн шығары – ақиқат.
Шабыт қуса ширғып жыр туары – ақиқат.
Сезім құлын желіде² жұлқынары – ақиқат.
Ноқта³ қиып желкесін шұрқырары – ақиқат.

² Құлындарды байлау үшін екі қазыққа кере тартылған арқан

³ Мал басына кигізетін ауыздығы жоқ жүген тәрізді әбзел



Таза асыл тас тоттанбай жарқыраы – ақиқат.
 Кернесе сең, жар бұзып сарқыраы – ақиқат.
 Сөйлер алда шешеннің алқынары – ақиқат.
 Шабар алда жүйріктің тарпынары – ақиқат.
 Алмай тынбас қыранның шарқ ұраы – ақиқат.
 Күшті, айлалы палуанның алып ұраы – ақиқат.
 Сезімге адал ақынды ел сүйері – ақиқат.
 Өзіне әділ ақынды ер сүйері – ақиқат.
 Тама-тама тамшының тас жарары – ақиқат.
 Алыс арман талаптан басталары – ақиқат.
 Тартқан салар биікке ер болары – ақиқат,
 Тайлақтардан атанның зор болары – ақиқат.

6-тапсырма. Ақиқат жөнінде төменде берілген қанатты сөздердегі негізгі ойды анықтап, бүгінгі өмірмен байланыстырып, өз ойларыңды түйіндеңдер.

Әл-Фараби: «Шын білім... әрдайым ақиқат, анық болатын білім».

Махатма Ганди: «Адам бойындағы асыл қасиеттерді дамыту үшін алдымен батылдық керек. Батылдық болмаса, адам баласы қалайша ақиқат іздейді, қалайша махаббатты қорғайды?»

Гераклит: «Ақиқат жол-жөнекей жұлып ала салатын гүл емес, ол ұзақ жолдың түпкі мақсаты».

Шәкәрім: «Ақиқатты көрем десең,
 Бас көзімен қарама.
 Жүрегіңнің аш көзін,
 Жанның сырын арала».

Әл-Фараби: «Ғылым үйренем деген адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері, тілек-мақсаты ақиқат пен әділдік үшін талап жолында болуы шарт».

7-тапсырма. Жағдаятты оқып, өз шешімдерің мен ой-тұжырымдарыңды айтыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

Зейін мен атасы Абайдың қарасөздерін оқып, талдап отыр.

Атасы: Балам, Абай атаң өзінің жетінші қарасөзінде адамның жан дүниесінің сырын, оның ақиқатқа жету жолы қандай болатындығын айтады.

Зейін: Иә, мен бұл қарасөзден дүниеге келген жас баланың екі түрлі мінезбен туатынын білдім.

Атасы: Дұрыс айтасың, балам. Абай атаң: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Ғәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік. ... ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы



естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген», – деп жазған.


Зейін: Ата, әрбір баланың ішіп-жегісі, ойнағысы, демалып, ұйықтағысы келеді ғой.

Атасы: Мұның барлығы тәннің құмарына жатады. Ал сенің бойыңдағы жан құмары қандай, атап берші?

Немересі атасының бұл сұрағына ойланып қалды...

- Сендер қалай жауап берер едіңдер?
- Сенің жан құмарыңа нелер жатады?
- Ақиқатқа жету үшін қай құмарлық маңызды деп санайсың?

8-тапсырма. Ақиқат құндылығына қатысты сөздерді тауып, сөзжұмбақты шешіндер (тапсырманы орындауда курсивпен бөлінген сөздерге назар аударындар).



Көлденеңінен	Тігінен
<p>6. Бүкіл дүниені тану, ондағы адамның орны, тіршілік туралы түсініктердің жиынтығы.</p> <p>7. Адамдарға деген адамгершілік, сүйіспеншілік, <i>ізгілікті</i> қатынас, өзге адамға жақсылық жасаудың негізі.</p> <p>9. Шынайы, <i>шын</i> бар болмыс, нақты бар және дамидын нәрсе.</p>	<p>1. Әрбір адамға тән, оның мінез-құлқын, даралығын көрсетеді.</p> <p>2. Адамның дүниетанымын, ізгі ниетін білдіретін оның ішкі <i>рухани</i> әлемі.</p> <p>3. Бүкіл <i>адам</i> баласының жалпы аталуы.</p> <p>4. Адамның <i>игі</i> істерін, рухани және мәдени байлығын білдіретін ұғым.</p> <p>5. <i>Адам</i> бойындағы ізгі қасиет.</p> <p>8. Адам ойының өмір <i>шындығымен</i> сәйкес келуі.</p>



Қазақтың рухани мәдениеті мен әдебиетіне зор үлес қосқан ойшылдардың бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің 28 жылдық еңбегінің қорытындысы ретіндегі «Үш анық» трактатында «Ақиқат деген не?» деген сұрақ қояды. Оған өзі «адам ақиқатты ақыл-ес көзімен көріп, қабылдауы керек. Ақиқат – әрбір адамның жанында болады не ол өзіндік өмір сүреді», – деп қорытынды жасайды.

Ақиқатты танып-білу – тарихи, қарама-қайшылықты, өте күрделі, қайшылыққа толы, ұзаққа созылған шексіз процесс. Ақиқат тереңде жатады. Оны ұғынудың қиындығы да сонда. Ақиқаттың жеңісіне үлкен ізденіс, қажырлы еңбек, шыдамдылық, терең білім жеткізеді. Қазақтың ғылым туралы «инемен құдық қазғандай» деген мақалы ақиқатқа жетудің мәнін де жақсы ашып береді.



Жас ұландар әні

*Сөзін жазған Серік Ақсұңқарұлы
Әнін жазған Есжан Әміров*

Қазағым менің ұлы елім,
Ғаламның ашқан түнегін.
Кең байтақ алтын өрісім,
Өзіндей асқақ жүрегім!

Жас ұландар, жас қырандар,
Еркін елдің түлегіміз.
Көркейе бер, гүл еліміз,
Сен деп соққан жалындап тұр жүрегіміз,
Жалындап тұр жүрегіміз.

Мен сенің бастау бұлағың,
Өзіңе шашу бұл әнім.
Сап түзеп шықты нық басып,
Қырандай берік ұланың.

Жас ұландар, жас қырандар,
Еркін елдің түлегіміз.
Көркейе бер, гүл еліміз,
Сен деп соққан жалындап тұр жүрегіміз,
Жалындап тұр жүрегіміз.

Сен маған жұмақ бағысың,
Бар әлем сені танысын!
Ант берем мәңгі қорғауға,
Алаштың арын, намысын!



3–4

АДАМНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ



*Ойға алғанның бәрін адамның
ынта-жігерімен жүзеге асыруға болады.*

Халық даналығы

- Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңдар.



Неге арналсаң, соны істе
(Үзінді)

Жүсіпбек Аймауытов

«Неге арналсаң, соны істе» деген алғашқыда бос сөз сияқты көрінсе де, бұл мағынаның астарында, асса әлеуметке, қала берсе ер адамға маңызы зор терең мәселе жатыр. Мәселені дұрыс шешу үшін ғылым жолымен зерттеу керек. Әлеумет тұрмысындағы зор кемшіліктің бірі – әлеуметтің мүшесі әр адам «өз орнында» қызмет етпеу. Естеріңізде болсын: адам қалай болса солай сүйреуге көне беретін тулақ⁴ емес, қалай қақса солай домалайтын «Алланың» добы да емес. Адам өзінің ыңғайымен, еркімен қызмет ететін зат.

Кісі іштен туғаннан-ақ белгілі бір өнерге, қызметке икем⁵ болып туады; басқаша айтқанда, әр адамда бір нәрсеге талап, ыңғай, қабілет яки зеректік болады. Біреу бала оқытуға, біреу етік тігуге, біреу әкім болуға, біреу мал бағуға, біреу іскерлікке, біреу жазушылыққа, біреу дәрігерлікке, біреу саудаға, біреу сөзге, біреу дауға ыңғайланып жаралады. Өмірде жұмысқа икемі жоқ жан сирек болады. Ең болмаса өтірік айтуға зерек болып жаралады.

Кімде-кім өзіне біткен ыңғайына қарай өз жолымен жүріп, қызметте де, өз басына, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. «Өз орнындағы» адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ.

Қайғы сол: өз жолын шу дегеннен тауып алатын адамдар сирек болады. Адамның көбі ана жолға бір, мына жолға бір түсіп, өмір бойы өз соқпағын таба алмай, сенделумен күні өтеді. Өз жолымен қызмет істемеген адамның жұмысы берекесіз болғаны өз алдына, ондай адам ісіне көңілі жарымағандықтан, өмірге налып⁶, зарланып, бақытсыз жан болып күнелтеді.

Санап қарасақ, әр өнер, әр қызмет мемлекетке, әлеуметке керек. Әлеумет те, мемлекет те әр адамның еңбегі берекелі, пайдалы болуын көздейді. Неғұрлым әр мүшесінің еңбегі жемісті болса, соғұрлым әлеумет тұрғысы да тез оңалмақ. Әр адамның еңбегі қашан жемісті болмақ? Әркім «өз орнында» қызмет істегенде.

*«Әр адам табиғатына
біткен қабілетіне,
ыңғайына, зеректігіне
қарай өз орнында қызмет
етсе, сонда табылады...».*
Жүсіпбек Аймауытов

⁴ Жүн сабау үшін немесе төсеніш үшін пайдаланатын, кептіріп қатырылған шикі тері

⁵ Бейім, ыңғай, еп

⁶ Күйіну, камығу, ренжу



Олай болса, бұл – негізгі мәселе. Әр адам бір жағынан әлеуметтің мүшесі болып, әлеуметке пайда тигізуі қажет.

Екінші, әр адам өз пайдасын, өз мақсатын көздеп, бас мақсатын біржола ұмытып, әлеумет қызметін түгел білетін адам болуы мүмкін емес, ондай адам кемде-кем. Біреу әлеумет үшін еңбегін көп жұмсайды, біреу бойын тежеп, бас мақсатын көбірек сағалайды. Айырма жалғыз осында. Бұл адамның табиғатынан туатын заң. Неге десеңіз, әр адамға тіршілік ету керек. Азды-көпті өмірін әркім өз көңіліндегідей мұңсыз өткізуге талпынады. Сондықтан ең күшті мақсат – бас мақсат. Қайткенде әрі жеке адамның, әрі әлеуметтің пайдасы бірден табылады? Қай уақытта әлеумет тілегі мен жеке адам тілегі тоғысады?

Әр адам табиғатына біткен қабілетіне, ыңғайына, зеректігіне қарай өз орнында қызмет етсе, сонда табылады...



- Мәтіндегі автордың «Неге арналсаң, соны істе» деген сөзін қалай түсіндіресің? Өмірден нақты мысал келтір.
- «Өз орнындағы» адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ» деген тұжырыммен келісесің бе? Неліктен?
- Әркімнің «өз орнында» қызмет істеп, әлеуметке пайда келтіруіне оның бойындағы қандай құндылықтары мен қасиеттері жетелейді?
- Айналаңда өз мүмкіндіктері мен қабілетінің арқасында биік нәтижелерге қол жеткізген адамдарды білесің бе? Мысал келтіріп, әңгімелеп бер.
- Өз бойыңдағы мүмкіндіктерді ашуға көмектескен жағдай болды ма? Өзіңді басқа қырыңнан қалай танысың?
- Өзің өмір жолыңда нелерді басшылыққа аласың? Неліктен?



1-тапсырма. Төменде берілген қанатты сөздерді оқып, адамның мүмкіндіктері, қабілеттері жөнінде түйінделген ой-тұжырымдарыңды ортаға салыңдар.

Шоқан Уәлиханов: «Адам – таңғажайып құбылыс! Оның жан дүниесі, ақыл-ойы, жан-жақты талант-қабілеті – құдіреттілік табиғатының, мүлдем беймәлім әрі ешқашан да танып-білу мүмкін емес мәңгілік құпияның нақты көрінісі осы емес пе?!».

Би-шешендер: «Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолғыншысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез».

Алекс Янковский: «Арманыңыздың асқарына жеткізер мүмкіндіктерді ашатын кілт – ақыл-ой санаңыздың көкжиегін кеңейту».

2-тапсырма. «Адамның мүмкіндіктері шексіз» тақырыбына эссе жазыңдар.

3-тапсырма. Әңгімені оқыңдар. Қабілет, парасат, даналыққа қатысты өз тұжырымдарыңды жасаңдар. Өмірмен байланысты мысалдар келтіріп, кестені дәптерге толтырыңдар.



Қабілет

Құрманбай Толыбаев

Әбунасыр жолаушылап келе жатады да, шөл даладағы бір бастаудың басында отырған ауылға тоқтайды. Ауыл адамдары қонақтан жөн сұраса келе жолаушының даналығымен даңқы жайылған Әл-Фараби екенін біледі. Сонан соң ауыл басшысы көкейінде түйткіл болып жүрген бір жайдың мәнісін білгісі келіп, сұрайды:

– Сіз асқан білімді адамсыз ғой, мынаны түсіндіріңізші: адамға даналық туа біте ме, әлде жүре келе ақылы толыса ма?

– Даналық – істі ақылға салып, тиянақты атқару деген сөз. Оған білім үйрену арқылы ғана қол жеткізуге болады.

– Ал, парасат дегеніміз не?

– Парасат – әр адамның кісілік қадірі. Адам басындағы ізгі қасиеттер – парасатты өсіретін қабілет.

Мәтін бойынша	Менің пікірім	Өмірмен байланысты мысалдар
Қабілет		
Парасат		
Даналық		



Гуго Сен-Викторский

Табиғатында өзбетінше ой ойлап, оп-оңай түсінуге болатын нәрсенің өзін қиындықпен түсінетіндер аз емес. Мұндай адамдар, менің пайымдауымша, екі топқа жататын сияқты. Біреулері өзінің қабілетінің қаншалықты дәрежеде екенін мойындай отырып, білімге бар күшін салуға ұмтылады; егерде сол жанталаса іздегенінің арқасында қандай да бір нәтижеге қолы жететін болса, онда онысы ақыл-ойының емес, тынымсыз күш-жігерінің арқасы. Басқалары болса, қанша тырысса да, биік нәтижеге қолы жете алмайтынын білгендіктен, аздың өзіне қанағат тұтуға мәжбүр болады: олардың соншалықты әрекетсіздігі мен немқұрайдылығынан ұлы ақиқаттың сәулесінің өзі олардың сол аздың өзін оқып-білуге ықылассыздығынан мардымсыз болып көрінеді. Болғалы тұрған нәрсені болдырмайтын олардың өздері ғана.

Біз ұмтылған нәрселердің ішінде ең лайықты да мәртебелісі – даналыққа жету бәрінен биік саналады. Даналық адамның өзін-өзі тануына, ол өзін тұңғыш суреткермін деп ойламаған кезінде кіммін және не үшін өмір сүремін деп ойлануға мүмкіндік берді, ағартушылыққа жеткізді. Біз оқып-білу арқылы өзімізді бастапқы қалпымызға келтіре аламыз, сөйтіп өзіміздің табиғатымызды білу үшін, сырттан іздеуді үйренуден бұрын өзіміздің бойымызда барды іздеп табуға ұмтыламыз. Өмірдің ең биік мәртебесі әрі мұраты – даналыққа ұмтылу, оған жеткен адам – бақытты, ал ол кімде бар болса, ол қазыналы, көшелі⁸ адам.

⁸ Байсалды, ой-өрісі кең



Мәдениет пен билік салмағы

Сыдықов Ерлан

Шыңғыстауға, үйге қайтып келе жатқанда Шәкәрім орыс тілін үйрену қажеттілігі туралы Абайдың бірнеше мәрте қайталап айтқан сөзін есіне алды. Мүмкін оның өзі де өз таным көкжиегін кеңейту мұқтаждығын сезінген болар. Сондықтан Семейден шыққан соң, жолда Ақшоқыға тоқтап, Абайға ең алдымен өзінің орыс тілінен алған әсерін әңгімелеп берді.

– Несі бар, бәрі дұрыс, орыс тілін үйрену керек, – деді Абай.

– Онда сені мен бізге де керек, халыққа да керек білім бар. Айтқандайын, мен Нұрпейіс деген кісіні үйге шақырып та қойдым, сен оны танымайсың. Ол орыс тілінде тамаша сөйлейді, оның үстіне аздап мұғалімдігі де бар. Міне, сол кісі саған орыс тілін оқытады.

Шәкәрімнің ішкі әлемінде ырзашылық пен қуаныш сезіміне қоса, ағамның қайырымдылығын асыра пайдаланып жүрген жоқпын ба деген қысылу да бар еді.

– Қаладағы біздің құдамыз Тыныбай қажы сені қалай қарсы алды? – деп сұрады Абай.

Шәкәрім қарияны қатты ұнатып қалғанын, екеуінің арасында болған әңгімені егжей-тегжейлі баяндап берді. Оған қоса ұлттың тарихын қалпына келтіру үшін қазақ руларының шежіресін жазуды ойына түйгенін де айтып салды.

Бұл ойды бірден түсінген Абай қуанып кетті:

– Тамаша ой! Мен қашанда қазақтардың шығу тегі тарихын жазуды аңсайтынмын, бірақ бұл үшін жалықпайтын зерттеуші болу керек. Маған трактаттар құрастырып, қара сөз жазудан өлең жазған оңай, – деп мойындады Абай. – Ал сенде талап пен қарым бар. Сен мәселенің мәнін тез ұғасың әрі төзімділігің де жетеді. Ең бастысы түп атаға жету үшін қазақтардың барлық шежірелік бұтағын жинақтауда емес, бұл инемен құдық қазғандай нәтижесіз жұмыс. Ал халықтың тарихын қалпына келтіру анағұрлым маңызды.

«Қазақ» сөзі қайдан шықты? Неге біз үш жүзге бөлінеміз? Бабаларымыздың ішінде қайсысы халықтың қамын көбірек ойлады?

Осылайша, Семейге алғашқы сапар орасан маңызды оқиға болды. ... Оның қасында Құнанбай атасы, Абай ағасы және дана анасы бар еді. Сондықтан да ол алдына саналы мақсаттар қойды: тілдерді білу, музыкалық аспаптарды үйрену, халықтың тарихын жазу.

Жиырма бес жасынан бастап Абай орыс тілінде жазылған кітаптарды үздіксіз оқыды, бастапқыда қиналса да, кейіннен оңай әрі тез оқитын болды. Кітаптарды қаладан бума-бумасымен алдыртып, оларды күні-түні оқитын. Кейбір кітапты ең соңғы парағына дейін оқып шыққан соң берері аз болғанын аңғаратын. Бірақ көбіне оқыған нәрсесі тақырыбының жаңалығымен, ойларының түйінділігімен және өзі әжептәуір игеріп алған тілдің өзіндік сұлулығымен тәнті ететін. Күндердің бір күнінде тұңғыш рет қолына тура қазақ тілінде жазылғандай-ақ түсінікті кітап

«...орыс тілін үйрену керек. Онда сені мен бізге де керек, халыққа да керек білім бар» Абай



түскен-тін. Бұл кітап Пушкиннің «Дубровский» деген повесі болатын. Дәл осы кітапты Абай бипаздап тұрып Шәкәрімге табыс етті.

– Таяу күндері Нұрпейіс ұстаз сендерге Қарашоқыға барады, мен не істеп, не қою керектігін келісіп қойдым, – деді Абай.

– Ол сені орыс тіліне, оқуға, жазуға үйретеді. Иә, басында қиын болады. Бірақ маған қарашы. Орыс тілін мен мұғалімсіз үйрендім. Ұзақ жылдар бойы кітаптар маған түсінікті тілде сөйлемеді. Бірақ ақырында мен осы кітапты еркін оқып шықтым. Сен де орыс тілін игер, дана кітаптарды меңгер және сенің алдында білім есігі айқара ашылсын деген батамен саған осыны сыйға тартамын. Кім білсін, сен, бәлкім, «Дубровскийді» қазақ тіліне аударатын білгір болып шығарсың.

Бұл кездері тек білім ғана халықты игілікке жеткізетінін қазақ қоғамында Абайдан артық, Абайдан терең түсінген адам жоқтың қасы еді. Жаппай оқытудан қайырымдылармен қатар, залым адамның да сауатты болатынын, демек, надандық жайлаған дәстүрлі ортаның қолы жете қоймайтын әлеуметтік әділдіктің білімді қоғамда да түйткілді⁹ мәселе болып қала беретіні оны әзір абыржытып, алаңдата қоймайтын. Бұл кезде ол ең басты нәрсе қазақ халқын озық мәдениетке жақындату деп есептеді.

Мұны алдымен өз айналасындағылардан бастау керек. Айналасындағы болғанда кімнен бастаған жөн. Әрине, өзінің жасөспірім балаларынан. Мұның ішінде, сөз жоқ, Шәкәрім де бар. Бұл бауырының өзінің ғылым-білім іздеу жолына түсуін үнемі қадағалап отырады. Өзі «жан азығым» деп айтып жүрген жалғыз кітапты Шәкәрімдей шәкіртіне тарту етуінің де себебі осыдан.

Абайдың ізгі қамқорлығының аясында әрқашан Шәкәрім өзін білім жемісі өсетін мәуелі де қасиетті ағаштың көлеңкесінде отырғандай сезінетін. Оған кітап оқыған, ондағы жаңа нәрсені танып, даналыққа ұмтылған ұнайтын.

Шәкәрім Нұрпейістің сабақтарына байыппен қарады. Әліпбиді дереу үйреніп, қарапайым орыс мәтіндерін жүргізіп оқи бастады. Ұстазы оның табыстарына қуанды. Бірақ «Дубровскийді» ашқан кезде іс баяулап қалды. Түсіну қиынға айналды, сөздік қор жетіспей жатты. Нұрпейіс қаладан орыс-қазақ сөздігін сатып алу керек екенін, соның көмегімен көптеген орыс сөздерін жаттап алуға болатынын айтты.

Шәкәрімге Семейдегі музыкалық аспаптар сататын дүкеннің иесінен скрипкаға берген өз тапсырысының дайын болғандығы жөнінде осы күзде хабар жеткен. Міне, енді қалаға бару үшін тағы бір себеп табылып отыр: орыс тілін игеруді жалғастыру үшін сөздік ауадай қажет, соны алып келу керек. Ол жолға жиналды.



- Шәкәрімнің орыс тілін үйрену, музыкалық аспаптарда ойнауды үйрену, халықтың тарихын жазу мақсатына қандай қажеттілік болды?
- Абайдың өзбетінше білімін көтеруіне бойындағы қандай қасиеттер

⁹ Күдікті, ренішті, сезікті



Шәкәрім. Меккеге аттану үшін төлқұжатқа түскен фотосы. 1905 ж.



көмектесті деп санайсыңдар?

- Абай өзі «жан азығым» деп айтып жүрген жалғыз кітапты Шәкәрімдей шәкіртіне тарту етеді. Ал сенің жан азығың не?
- Автор «Шәкәрім өзін білім жемісі өсетін мәуелі де қасиетті ағаштың көлеңкесінде отырғандай сезінетін» дегенде не айтқысы келді? Жауабыңды түсіндіріп бер.
- Шәкәрімнің өз мақсатына жетуіне адамның адами қасиеттері, «ыстық қайрат», «нұрлы ақыл», «жылы жүрек» қалай әсер етті деп ойлайсың?
- Өзің күнделікті өмірде жоғарыда аталған қасиеттерді басшылыққа аласың ба? Қалай?
- Бойындағы мүмкіндіктерді толығымен пайдаланып жүрсің бе? Мысал келтіріп, ойыңды ортаға сал.



4-тапсырма. Түсіндірме сөздіктен «қабілет», «дарын», «парасат», «ақыл» сөздерінің білдіретін мағынасын тауып, оқыңдар. Олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табыңдар.

5-тапсырма. Абайдың «... орыс тілін үйрену керек. Онда сені мен бізге де керек, халыққа да керек білім бар» сөзін басшылыққа алып, төмендегі рөлдерді қатыстырып, сахналау ұйымдастырыңдар.

- Дәнекер (өмірмен байланыстырады).
- Сөз тапқыш (мәтіннен жүрекке жылы сөздерді тауып айтады).
- Сұрақ қоюшы (сұрақ қояды).
- Реттеуші (реттеп отырады).

6-тапсырма. Мәтінді оқып, сыныптастарыңмен пікір алысыңдар.

Таным тағлымы

(Тамсіл)

Ертеде екі данышпан өмір сүріпті.

Біреуі өз шәкірттеріне: «Көп затты танып-білу үшін қиындықтарды жеңе білу керек, шынға өрлеп, биік асудан өтіп үйрену қажет», – дейді екен.

Ол өз шәкірттерін адам аяғын баспаған құзды шыңдарға апарып, биік асулардан, тар соқпақтардан өтуге үйретеді. Екіншісі болса: «Ақылды адам шынға өрмелемейді, оңай жолын іздейді», – деуден жалықпайды.

Ол өз айтқанынан қайтпай, шәкірттерімен сол шынды айналып, жеңіл де оңтайлы жол іздеуден танбайды.

Алғашқылары қиындықты жеңе отырып, өмірден көп нәрсеге үйренеді, өздерінің мүмкіншіліктерін, қабілеттерін дамытып, шынды бағындырады. Сөйтіп, айналасындағыны алыстан көруге үйренеді.

Соңғылары қиындықтан қаша жүріп, асуды айналып өтеді, жолда не іліксе, соған риза болады. Олар тек жанындағыны ғана көргендеріне мәз болады.

Өзіңді, өмірді танып білу үшін, мұратыңа жету үшін қиындықтан жасқанбай, «тар жол, тайғақ кешуден» тайсалмау керек.



- Өзің қандай жолды таңдар едің? Неліктен?
- Өзіңнің досыңа бойындағы мүмкіндіктерін ашып, өмірді тануы үшін қандай кеңес берер едің?
- Өз қабілетіңді танытып, мүмкіндіктеріңді ашу үшін не істейсің? Оған адамның қандай қасиеттері көмектеседі?
- Күнделікті өмірде бастаған не нәрсе сәтті, не сәтсіз шығуда? Оның себептері неде деп ойлайсың?



Әрбір адам өзінің өмір жолын табуға талпынады, көпшілігі зор жетістікке жетуді армандайды. Бірақ барлығы бірдей ойлағанына жете алмайды. Бұл неліктен? Себеп түрліше. Көптеген адамдар қиындыққа кездескенде үмітсіздікке салынады, өмірлік жоспарынан оңай бас тартып, мүмкіндіктерім сарқылды деп ойлайды. Ондай адамдар өздерінің дене және рухани күштерін жете бағаламайды.

Адам өз мүмкіндіктерін жетілдіріп қана қоймай, оны байыта түсу керек екендігін де әрдайым есте ұстағаны абзал. Әр адам өзімен жұмыс істеуді неғұрлым ерте бастаса, соғұрлым ірі жетістікке жетеді, себебі адамның жас кезінде икемділігі, яғни өзгеріске және дамуға қабілеттілігі жоғары болып келеді.

Кейбір адамдардың белгілі бір қызметтегі, ғылым мен өнер саласындағы таланттары мен қабілеттері кемел шақта да ашылып, дамуы мүмкін. Сол себепті де өз бетінше әрекет етіп, жетістікке жете білу еш уақытта да кеш болмайды.

Дегенмен толық жеңіс үшін білім мен тілек жеткіліксіздеу, өйткені білім алуда, қайсар мінез бен барынша дамыған ерік жоқ болса, тілек орындалмаған арман, қалықтап жүрген қиял боп қала береді. Осы айтылғандардың бәрі адамның болмысын, мүмкіндіктерін барынша пайдалану оның өмірде жеке тұлға болып қалыптасуына, өз болашағына дұрыс таңдау жасауға ықпал ететіндігін көрсетеді.



Өсіп келе жатырмын

Сөзін жазған Төлеген Айбергенов

Әнін жазған Қайырбек Сәтиев

Кеудесінде таулардың,
Кемесінде арманның,
Жалау етіп өрлікті,
Ескек етіп ерлікті,
Есіп келе жатырмын!
Адал терін әрдайым,
Моншақтатып маңдайым...
Соқсын дауыл, соқпасын,

Қиындықтың көк тасын,
Кесіп келе жатырмын.
Кейде күнмен теңесем.
Таласып күнмен мен өсем.
Гүл теремін жерімнен,
Бірге туған елімнен
Өсіп келе жатырмын!



5-6

ӨЗІНЕ СЕНІМ



Өзіне-өзі сенген адам, қиындықты да, уақытты да жеңе алады.

Илияс Есенберлин

- Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңдар.



Адамның рухани кемелденуі

Анна Нельсон

Мен мүгедек емеспін. Мен милары суалған адамдарға қарағанда, көңіл байлығым шексіз. Иә, мен басқалардай ыстық пен суықты қолмен ұстап біле алмаймын, аптақ қардың үсті немесе жаңбырдың астында жалаң аяқ жүгіріп көрмегенмін. Бұл сөздерімді оқыған соң, «Сен мүгедек адам екенсің» деп ойлап отырған болсаң, менің сұхбатымды оқымай-ақ қой!

Ник Вуйчич

Адамдар үш топқа бөлінеді, – дейді білгіштер. Бірінші топтағылар – азық сияқты, әрдайым қажет болады. Екінші топтағылар – дәрі сияқты, кейде ғана қажет болады. Үшінші топтағылар – ауру сияқты, ешкім оларды қаламайды, бірақ амалсыздан оларға ісі түсіп тұрады деп айтады. Сонымен қатар, М.Л.Кингтің мынадай сөзі бар: «Егер ұша алмасаң, онда жүгір. Егер жүгіре алмасаң, онда жүр. Егер жүре алмасаң, онда еңбекте. Бірақ тек алға қарай қозғалудан айныма!»

Өзіңізге кейде не үшін өмір сүріп жүрмін деген сұрақты қоясыз ба? Көбінесе, біз ата-анамызға менде анау жоқ, мынау жоқ деп шағым айтамыз. Бет әлпетімізге қарап қасым ұнамайды, тырнағым ұнамайды деп жиі өзімізден мін тауып жатамыз. Бірақ бір сәт ойланып қарасақ, тырнағы түгілі қолы, аяғы жоқ адамдар да бар ғой. Басына бір кішкентай қиындық түссе өмірден түңіліп, адасып жүргендер қаншама? Он екі мүшесі сау бола тұра, не үшін өмір сүріп жүргендерін өздері түсінбей, қаңғыбас болып кеткендер қаншама? Өзінің емес, өзгенің өмірін сүруді армандаған Ник тағдырдың тауқыметін¹⁰ талай шекті. Тіпті, кейде оның өз-өзіне қол жұмсамақшы болған кездері де көп. Дегенмен, өмірге деген құштарлық пен ата-ананың балаға деген шексіз махаббаты нағыз рухани құндылық емес пе? Осыны ұққан бала өмірге деген жаңа көзқарас орнатып, ол үшін өн бойындағы кертартпа күшпен күресе білді.

Мүмкін сіз де оның есімін естіген шығарсыз? Ник Вуйчич аяқ-қолсыз дүниеге келген жарымжан екендігіне қарамастан, өн бойынан өмірге деген құштарлық таба білген адам. Ник (Николас) Вуйчич (ағылш. Nicholas James Vujicic) – кәсіби мотивациялық шешен, сирек кездесетін синдром тетра-амелия деп аталатын ауру түрімен туылған.

Ол 1982 жылы 4 желтоқсанда Австралияның Брисбене қаласында Борис Вуйчич пен Душка Вуйчич отбасында дүниеге келген. Ол екі қолы және екі аяғы жоқ болғанына қарамастан, дені сау бала болып өмір есігін ашқан. Сондықтан да,

¹⁰ Ауыртпалық, азап, қиыншылық



ата-анасының талабы бойынша ол мүгедектерге арналған емес, қарапайым мектепте білім алған. Он жасында Николас сыныптастары тарапынан көрген қорлыққа шыдамай суға батып өлмек те болыпты.

Анасына өзін жуынатын бөлмеге апаруын өтінген ол, ваннадағы суға батпақ болады. «Бетіммен суға батып тұруға тырысқаныммен, бұл әрекетімнен түк шықпады. Осы уақыт аралығында өзімді жерлеп жатқан ата-анамды елестеттім. Сол сәтте қателігімді түсіндім. Мен осы уақытқа дейін ата-анамның шексіз махаббатына бөленіп келген екенмін».



Ник Вуйчич отбасымен

Кейін Ник өзіне қол салу жайлы мүлдем ойланбайтын болды. Алайда, өмір сүрудің мәнін таппады. Ол ешқашан жұмыс істей алмайды, ешқашан өзінің қалыңдығын қолынан ұстап жүре алмайды, баласы жылаған сәтте оны қолына алып уата алмайды...

Бірде анасы Николасқа басқаларды өмір сүруге рухтандырып жүрген ауыр халдегі ауру адам туралы мақала оқып береді. «Осыдан кейін мен өзімнің жай ғана қол-аяқсыз адам емес екенімді түсіндім. Мені Жаратқан ием жаратты... Сондықтан адамдардың не ойлайтыны мен үшін маңызды емес екендігін ұғындым».

Ол физикалық тұрғыдан кемістіктеріне қарамастан, серфингпен айналысуға, скейтборд тебуге құмар болады. Гольф ойнағанды ұнатады. Ол есепші (бухгалтер) және қаржыгер мамандықтары бойынша екі жоғарғы оқу орнын 21 жасында тәмамдаған. 19 жасынан бастап студенттер, балалар алдында өз өмірі туралы айтып, жастарды өмірді сүюге тәрбиелей бастаған.

Ал 2005 жылы ол «Ең жас австралиялық азамат» атағын иеленді. Бұл Австралияда өте мәртебелі атақ болып саналады. 1999 жылы «Аяқ-қолсыз өмір» (Life without Limbs) деп аталатын ұйым құрған. «Attitude Is Altitude» деген қоғамдық маңызы бар мәселелерді көтеретін компанияның президенті. Сонымен қатар бүгінгі таңда әлемнің 5 құрлығы мен 70-тен астам мемлекетін аралап, жарымжан жандар үшін қандай жағдайда да өмір сүру керек екендігі жайында баяндамалар оқыған. Ол жылдың тоғыз айында жолда жүріп, екі ай үйінде болады. Жылына 250 рет халық алдына шығады. Аптасына Никке 300-ден астам жаңа ұсыныстар түседі. Қазір ол – елді аузына қаратқан кәсіби шешен.

Әлемнің елдерін аралап мектептер мен университеттерде өнер көрсетіп, көптеген адамдардың жүрегіне үміт отын ұялата білген Ник Вуйчич жастардың өмір мәнін түсінулеріне түрткі болған атақты тұлға. Аяқ жағындағы кішкене саусақтары көмегімен компьютерде 1 минутта 43 сөз теру арқылы өзінің өмірі және мүгедек жандардың жағдайы туралы «Шектеулерсіз өмір» (Life Without Limits: Inspiration for a Ridiculously Good Life) деген сияқты бірнеше кітап жазып шығарған. Сонымен қатар көптеген телешоуларға қатысқан, 2009 жылы «Көбелектер циркі» («The Butterfly Circus») деген мүгедек жанның тағдыры туралы фильмге де түскен. Қолы жоқ бола тұра, 1 сағатта 1749 адамды құшақтап, әлемдік рекорд орнатқан болатын.



Ник сөз сөйлеген кездерінде: «Кейде сіз дәл осылай құлап түсуіңіз мүмкін», – деп тұрған үстелінің үстіне бетімен жиі құлайды да ары қарай жалғастырады: «Өмірде құлаған сәттеріңізде қайта тұруға шамаңыз жетпейтіндей болып көрінеді. Алға жүруге үміт бар ма деп ойға қаласыз. Маған қараңыз, қол-аяғым жоқ. Қазір мен тұруға жүз рет талпынсам да, орнымнан тұра алмаймын. Алайда мен ешқашан мойынсынбаймын. Әр кез тұруға талпына беремін. Ешқашан үмітімді үзбеймін. Біліңіздер, сәтсіздік – өміріңіздің соңы емес. Ең бастысы, сіздің мәреге қалай жететініңіз. Мәреге мықтылардың қатарында жеткіңіз келе ме? Ендеше, сіз өзіңізден дәл осылай тұру үшін күш табасыз» деп, ол маңдайымен жерді тіреп, иығымен итеріліп, орнынан тұрады.



- Ник Вуйчич өмір сүруге күшті қайдан алды?
- Никтің ерік-күші, шексіз мүмкіндігі қалай көрінді? Сүйіспеншілік құндылығы оның қандай қасиеттері арқылы байқалады?
- Адамдар Никті тыңдағанда неден шабыттанады?
- Ник Вуйчичтің бақыты неде?
- Никтің тағдырымен таныса отырып, өзің өмірлік қандай ой түйдің?
- Сенің айналанда осындай ерік-жігері мықты, кемелденген адамдар бар ма? Сен оларды неліктен үлгі тұтасың? Мысал келтір.
- Өзіңнің өмірлік ұраның ретінде қандай сөздерді таңдар едің?



1-тапсырма. Төменде берілген ой-тұжырымдарды оқындар. Өздерің үшін дұрыс жауапты таңдап алып, дәлелдендер.

Абай: «Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне кулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап».

М. Горький: «Өзің, өзіңнің күшіңе деген сеніммен қаруланып алу керек, ал бұл сенімге кедергілерді жену арқылы, ерікті тәрбиелеп, оны «жаттықтыру» арқылы жетеді. Өз бойындағы және өзіңнен тысқары жердегі өткеннің түкке алғысыз мұрасын жеңуге үйрену қажет... Өзін-өзі сәл ғана жеңудің өзі адамды анағұрлым күшті етеді».

Т. Гоббс: «Өзіңе деген сенім – тамаша нәрсе, өйткені ол – адамның өз қабілетін сезінгенінің белгісі».

Халық даналығы: «Ерліктің шарты – өзіне сенгендік».

2-тапсырма. «Ойға алғанның бәрін адамның ынта-жігерімен жүзеге асыруға болады» деген халық даналығын «көзқарас – себеп – мысал – қорытындылау» әдісімен талқылаңдар.

3-тапсырма. Бейбіт Қойшыбаевтың «Жақсы көрем» атты хикаятынан үзіндіні рөлдерге бөліп оқып, сахналаңдар.

Ер жеткен соң, мен міндетті түрде кинорежиссер болам. Кинорежиссерлыққа қолым жетісімен, біздің отрядтың өмірі жайлы кино түсірерім даусыз. Бұл, сөз



жоқ, қызық кино болады.

Шынымды айтайын, жоспарымды естігенде, мені достарым әжептәуір мазақ қылды. Олар менің мүмкіндігіме сенімсіздік білдірді.

– Әуре болма, ештеңе шықпайды, – деді Дәурен.

Қанша біздің жақсы жолдасымыз, мектеп бойынша белсенді пионер болғанмен, тап сол оқиғамызды менің тарихқа енгізуіме ол онша құштар емес. Кейінірек білесіздер, оның мұндай бейқұмарлығының өзіндік себебі бар.

Оған қосымша, Жәнібек тұрып:

– Бұл дегенің үлкен шығармаға барабар, оған сенің шамаң жете қоймас, – деді.

Оны да түсінуге болады. Ол, жалпы, о бастан бізді жеңілтек, тиянақсыз санатынан көрген-ді. Сол көзқарасын әлі де өзгерте қоймаған болса керек.

Қыздарға тән асқан сезімталдықпен, әрқашан әр нәрседен жақсылықтың нышанын көріп жүретін Жанар ғана:

– Байқап көру керек, – деп қостаған.

Және пионерлік жетекшіміз дем берді. Ләйлә тәтей. Ол менің иығымнан қағып:

– Жасқанба, Серік, ниетің жақсы, асықпай, ойланып, осы бастан жазып жүр, – деді. – Ертеде өткен мықты сардарлардың бірі: «Ең бастысы – қарсыласыңнан қаймықпай, ірі шайқасқа бас-көз деместен кіріп кету», – десе керек. Артын көре жатарсың. Ал қазір ойға алдың екен – қолға да ал!

4-тапсырма. Берілген сөзтізбекті дұрыс шешсеңдер, Ілияс Есенберлиннің қанатты сөзін оқуға болады. Тапсырманы дәптерде орындаңдар.

1-сөз: Наным, илану сөздерімен мағыналас сөз.

2-сөз: Туынды сын есім.

3-сөз: Қуат, әл, қайрат сөздерімен мағыналас сөз.

С		Н		М	-							
К		Д		Р		Т	Т			К		Ш



Шотланд философы, тарихшысы әрі жазушысы Томас Карлейльдің айтуынша, «ең қауіпті сенімсіздік – бұл өзіңе-өзіңнің сенімсіздігің». Біздің барлығымыз әртүрліміз, бірақ әрқайсымыздың өзімізге ғана тән қасиеттеріміз бен ерекшеліктеріміз бар. Біз өзімізді қандай қалыпта болсақ, солай қабылдауымыз керек, алайда қол жеткен табыстарымызға масаттанбай, одан да жақсы болу жолында өзімізді-өзіміз жетілдіріп отыруымыз қажет.

Сенімді болу қиындықтар мен кедергілерді оңай жеңуге көмектеседі. Сенім адамға күш береді, оның алдына қойған мақсатына қол жеткізуіне тікелей ықпал етеді. Қашан да, қайда да адамды жеңімпаз, жасампаз етеді. Адам өзіне сенімді болғанда ғана өзін-өзі тани алады, өзін-өзі жетілдіре алады, өмірде өз орнын табады, нағыз адам болып өмір сүреді. Сенім адамды болашаққа, алға, ұлы мұраттарға жетелейді.



Дара дарын Үзінді

Медеу Сәрсек

Ел, халық тарихында өшпес із қалдырған, аңыз ретінде айтылып жүретін, ұрпақтан ұрпаққа тарайтын, өмірге бейне бір үлгі-өнеге болатын абзал адамдар болған және бұдан былай да бола бермек. Бұлардың ортасында жүріп замандасы болған, талай тамаша істерін көзімен көріп, құлағымен естіген әрбір адал жан оларды әрқашан зор мақтаныш сезіммен айтып жүреді, жас ұрпақ алдына үлгі етіп тартып отырады.

Мұның өзі, әрине, әбден табиғи нәрсе, адам атаулыға біткен көп жақсы қасиеттердің бірі. Мұның нәтижесінде еліне, халқына жан-тәнімен адал қызмет атқарған адам өлгеннен кейін де ғасырлар бойы ел тарихында, халық санасында сақталып жүреді. Осындай адамдардың бірі – қазақ халқының адал ұлы, білімпаз уәкілі академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев еді.

Сырт келбетіне ішкі жан дүниесі үйлесім тапқан абзал жан халқын құрмет тұтып, ұлтын ұлы жүрегімен сүйе білді. Ол қазақ екендігін мақтан еткен және оны өз ортасында ғана емес, шет елде жоғары бағалаған дара тұлға болатын. Кезінде академик Әлкей Марғұлан: «Мен Қазақстанның ең алыс түкпірлерін қанша кезсем де, қай нүктесінде болсам да, біздің халқымыздың Қаныш Имантайұлы туралы ілтипатпен әңгімелеп, оны ерекше ықыласпен сүйетінін көрдім», – деп жазған екен. Халқының зор сүйіспеншілігіне бөленген Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – қазақтың тұңғыш ғалымы, ұлтымыздан шыққан көрнекті қазақ геологі, қоғам қайраткері. Ол Қазақ Ғылым академиясын ұйымдастырып, оның тұңғыш президенті болды және елімізде алғаш металлогения мектебінің негізін қалады. Жер қойнауының шикізаты, рудалары, кендерінің байлығымен әлемге танылып отырған болсақ, Қазақстанның әлемге осылай танылуына Сәтбаев кезінде үлес қосып кеткен екен.

Қаныш Сәтбаев Жезқазған – Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазған. Қазақ орта мектебінің төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығын дайындаған. Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтің естелігінен мына бір жолдарды келтіре кетсек артық болмас: «Қаныштың бір ерекшелігі – ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де, тарихшымен және тілші-әдебиетшімен де өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе білуі...», – деп жазыпты ол.

Бұны тілге тиек етудегі ойым кемеңгер ғалымның «сегіз қырлы бір сырлы» екенін аузы дуалы адамның сөзімен нықтай түсу десем, бұған қоса ол домбыраға қосылып ән айтып, мандолинада еркін ойнайтын әрі әндер тарихын жетік білетін. Содан да ол 1926 жылы А.В.Затаевичтің өтінішімен Мәскеуде домбырамен сүйемелдеп, Баянауыл өңірінің 25 әнін жаздырған. Қаныш ағаның осы еңбегін

Сырт келбетіне ішкі жан дүниесі үйлесім тапқан абзал жан халқын құрмет тұтып, ұлтын ұлы жүрегімен сүйе білді.



*ҚазКСР Ғылым академиясының президенті
Қ.И. Сәтбаев жұмыс кабинетінде.
Алматы қаласы, 1951 ж. ҚР Мемлекеттік
мұрағатының қорларынан*

кездерінде тәртіп бұзса, оларға ешқашан ұрсып, жекіп, қаталдық көрсетпепті. Қайта алдына алып аймалап, жұбатады екен. Осындай ұлы мінезді кешірімшіл қасиет балаларының да бойына дарыған көрінеді.

Халқымыздың рухани өміріндегі ерекше ұлы тұлға Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі халқының жадында мәңгі сақталмақ. Әйгілі академик, қазақ халқының мақтанышына айналған Қаныш Имантайұлының 100 жылдық мерейтойы 1999 жылы ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтілді. Қаныш Сәтбаевтың құрметіне Қазақстанның геология ғылымдар институты, Жезқазған кен-металлургия комбинаты, Жоңғар Алатауындағы мұздық, Қаратаудағы ванадий кен орнынан табылған минерал, «Академик Сәтбаев» гладиолус гүлі аталған. Сондай-ақ қала, көше, мектеп, мұражайлармен қатар, Томск политехникалық институты және Қазақ Ұлттық Техникалық Университеті Қаныш Имантайұлының есімін иеленген.

1979 жылдың 31 шілдесінде Қырым астрономы Николай Черных Күнді айналатын планеталар шоғырынан жаңа астероид ашты. АҚШ-тағы Халықаралық планеталар орталығы оны 2402 ретте тіркеген кезде кіші планетаны тұңғыш ашушының тілегі бойынша оған қазақ ғалымы Қаныш Сәтбаевтың есімі берілген. Сонымен әлемнің түү қиырында Күн мен Жерден 332 миллион шақырым қашықтықта Сәтбаев планетасы шыр айналып жүр.

Ұлы тұлғаның өнегелі өмір жолы баршамызға үлгі. Белгілі қоғам қайраткері Илияс Омаровтың сөзімен айтсақ, «Қаныш қазақ топырағында туып, халқының сүтін ішіп, ержетті де, сол халқының даңқын бүкіл әлемге көтерді. Өзі де сол шеңберде қалып қойған жоқ, дүние жүзіне белгілі болды».



- Кейбір тарихи тұлғалардың ғасырлар бойы ел тарихында, халық санасында сақталып жүруінің себебі неде деп ойлайсындар?
- Халқымыз Қаныш Имантайұлы туралы неліктен ілтипатпен әңгімелеп, оны ерекше ықыласпен сүйген? Қандай адамгершілік қасиеттерін атап

жоғары бағалаған Қазақстанның халық әртісі А.В.Затаевичтің өзі былай дейді: «Томскінің технологиялық институтында білім алған Қаныш Имантайұлы - жас қазақ инженері. Осы жинақ үшін тек әндер мен әуендер саласында ғана емес, сондай-ақ мәтіндері жөнінде де бірқатар құнды деректер берген, мәтіндерді орысша аудармасымен қамтамасыз еткен, Баянауыл әндерінің тамаша білгірі және жақсы орындаушысы...».

Қазақ халқының үлкен мақтанышына айналған тұлға бала тәрбиесіне өте терең мән берген. Бір қызығы, қыздары кішірек



өтесіндер?

- Қаныш Сәтбаевтың бойынан қандай жалпыадамзаттық құндылықтарды байқадыңдар? Ол туралы «Сегіз қырлы, бір сырлы» деп айтуға бола ма?
- Қаныш Сәтбаевтың тұлғалық және кәсіби қалыптасуының негізі қайда деп санайсың? Ойыңды дәйектеп, ортаға сал.
- Өмірде өзің кімдерді үлгі тұтасың? Қандай қасиеттері үшін? Нақты мысал келтіріп, әңгімелеп бер.



6-тапсырма. Медеу Сәрсекенің сценарийі бойынша түсірілген режиссер-қоюшы Болат Шәріптің «Қ.И.Сәтбаев феномені» деректі фильмінен үзінділерді көріп, сұрақтарға жан-жақты, толық жауап беріңдер.

- Өмірде адамның шынайы адамдық табиғаты қалай көрінеді?
- Қаныш Сәтбаевтың рухани өзін-өзі жетілдіруінің мәнін қалай түсіндіресің?
- Ұлы ғалымның өмірінде риясыз сүйіспеншілік қалай көрініс табады?
- Кемелденген, толық адам, ақылды, парасатты деп қандай адамдарды атайды?
- Өмірде ерік-жігердің, өзіңе сенімнің маңызы қандай?

7-тапсырма. Төмендегі мәтінмен танысып шығындар. Үй тапсырмасы ретінде ұсынылған сұрақтар бойынша кемелденген тұлғаның портретін жасандар.

Дара дарын

Үзінді

Медеу Сәрсек

1947 жыл. Мәдениет пен ғылым қайраткерлерінің парламент тобының Ұлыбритания елінде сапарда жүрген кезі. Ресми кездесулер аралығында олар Лондонның көрікті жерлерімен танысқан.

Сол сапарда делегацияны Уинстон Черчилль қабылдады. Сұхбат үстінде оның назары алып денелі, бет пішіні басқа қонақтардан өзгеше мейманға түседі.

– Мистер Черчилль сіздің ұлтыңызды білгісі келеді, – дейді тілмаш.

– Мен қазақпын, – деп жауап береді мейман.

– Қалайша казак? – деп таңғалады Черчилль.

– Кешіріңіз, Черчилль мырза! Сіз мені казак орыстармен шатастырып тұрсыз.

Ал мен Сіздің жұрт «номад» атандырған көшпелі халықтың перзентімін. Мен Қазақ Кеңес республикасының азаматымын, – деп жауап береді.

– Қазақтардың бәрі сіздей алып денелі ме? – деп сұрайды Черчилль.

– О, жоқ, мәртебелі сэр! Халқым менен әлдеқайда биік! – деп жауап берген екен.

Міне, қысқа да нұсқа берілген жауабынан Қанағанның даласына, халқына, ұлтына деген шынайы сүйіспеншілігін айқын көреміз. Ұлыбритания королевасының мәртебелі қауымын соншама таңғалдырып, назарын өзіне аударған ғалым – атақты геолог, Қазақстан Ғылым академиясының президенті академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев болатын.



- Өзін-өзі кемелдендірген тұлғаның бойынан қандай қасиеттерді атап өтесіңдер?
- Ғалымның өзін және өзгені тануы мен бағалауы арқылы қандай құндылықтарды байқадыңдар?
- Өзіне сенімнің, риясыз сүйіспеншіліктің күнделікті өмірдегі көріністерінен нақты мысалдар келтіре аласың ба?

8-тапсырма. Өздерің рухани кемелденген, өмірі мәнді деп ойлайтын адамдар (ата-анаң, туысқандарың, ұстазың, таныстарың, досың, белгілі адамдар және т.б.) туралы альбом, слайд немесе қолдан шағын кітапша әзірлеңдер.



Егер өмірде өзіңе өзің сенімді болғың келсе, өмірмен бетпе-бет кездесуден қорықпа, үнемі өмір сынағының әр түрінен жасқанып, қашқақтай берсең, кезең-кезең проблема туа береді, өзіңмен өзің әлектене бересің. Сондықтан өмір қиындығына да қасқайып қарап қабылда.

Жеңіл жол іздеме, қиындықпен күрес.

Қиындықпен күресіп, соның тұсында өсіп, жетілген кезінде өзіңді адам сезінесің, өзіңді өзің құндайсың. Өмір барлық уақытта жеңіл және әдемі болып келе бермейді.

Биікке шығу үшін тырбанып-тырмысуға да, жекпе-жек күреске түсуге тура келеді. Егер біздің ұмтылыс пен табандылығымыз жеткілікті болса, қандай кедергіні де жеңетінімізге керекті қабілет болады. Осының өзі саған өзіңе деген сенімділік әкелуге тиіс.



Ертеңіме сенемін!

Сөзін жазған Иранбек Оразбаев(Иран-Ғайым)

Әнін жазған Еркін Ынтықбаев

Өмірімнің мәні – өлеңім,
Жайқалған нұр жасыл желегім.
Мен өміріме, өлеңіме
Сенемін, сенем...

Жайқалған нұр жасыл желегім,
Ертеңім деп табар қорегім.
Мен ертеңіме, ертеңіме
Сенемін, сенем...

Сенемін,
Бақытқа бастайтын жолға,
Арманым жетелер алға,
Тағдырдың тезіне көнемін, көнем...

Көнемін,
Ыстығы, суығы қатар,
Жаныма аяздай батар,
Ғажайып ертекке ертеңгі сенем...

Еркемін мен, ойлар ертеңін
Мәңгіліктің жырын өркеп ем
Мен жырларыма, нұр бағыма
Сенемін, сенем...

Өлмесін деп жаяр өркенім,
Өмірімнің күйін шертемін
Ертеңім – менің ертегім,
Ертеңіме сенем...

Сенемін,
Бақытқа бастайтын жолға,
Арманым жетелер алға,
Тағдырдың тезіне көнемін, көнем...

Көнемін,
Ыстығы, суығы қатар,
Жаныма аяздай батар,
Ғажайып ертекке ертеңгі сенем...



7-8

ӘСЕМДІККЕ ТАЛПЫНЫС



Адамның бойындагысының бәрі де: жүзі де, киген киімі де, жаны да, ойлары да әсем болуы керек.

А.П. Чехов

- Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңдар.



Ұлыма хат

(«Үміт үзгім келмейді» кітабынан үзінді)

Немат Келімбетов

Ұлым менің!

Мен саған әрбір мәселе бойынша өзіндік пікірің болсын дегенді жиі айтамын. Соған бүгін қайта оралғым келіп отыр. Өйткені өзіндік көзқарасы жоқ адам – қоғам үшін аса қауіпті адам. Оны кез келген жаққа қарай жетелеп әкете беруге болады.

Алайда осы орайда сені бір нәрседен сақтандырғым келеді. Әдетте өзіндік көзқарастағы адам өзгелерге қыңырлау, дөрекілеу, тақаппарлау болып көрінеді. Өзіндік пікір айту – дөрекілік көрсету емес. Өзіндік көзқарасы бар әрбір адамға алдымен биязы мінез қажет. Әдетте адамдар сенің жасап жатқан қайырымдылық істеріңнен гөрі сыпайы мінезіңді жоғары бағалайды. Мәселен, қадым заман¹¹ данышпаны Катон аса қайырымды, адамдарға көп жақсылық жасаған, жомарт адам болған екен. Бірақ өзгелерге суықтау қарайтын, көлденең келген көк аттыға иіле бермейтін, бірбеткей, мінезі қаталдау кісі болған. Ал атақты Цезарьдің мінезі керісінше екен. Ол биязы, өзі көрінгенмен шүйіркелесе кететін, сөйлескен адамын іштартып тұратын, жылы жүзді жан болған. Бірақ Цезарь сараң, ешкімге еш нәрсе бергісі келмей тұратын, қолынан келетін жақсылықтың өзін қимайтын адам болғаны тарихтан жақсы мәлім. Соған қарамастан бүкіл Рим халқы аса қайырымды Катонды емес, биязы мінезді Цезарьді әулие санап, патша етіп сайлаған, төбелеріне көтерген.

Міне, балам, биязы мінез кейбір кемшіліктеріңді де жуып-шайып кетеді. Өзіндік көзқараста болып, өз пікіріңмен өмір сүргенің дұрыс. Бірақ соның бәрін кішіпейілділік, сыпайылық арқылы іске асырып отыру қажет. Тегінде, адамдарды бір-бірімен жақындастырып жіберетін нәрсе ақыл-парасат емес, мінез-құлық ұқсастығы болып табылады. Адам мінезін сөз еткенде француз қаламгері В.Гюгоның мына сөзі еріксіз еске түседі. «Әрбір адамның үш мінезі бар: басқалардың оған телитін, оның өзіне-өзі телитін және ақырында, шын мәнінде өзінде бар мінезі». Демек, әрбір адам өзінің мінезі қандай екенін өзі жақсы біле бермейді. Сол себепті өзің туралы айтылған өзгелердің пікірімен де санасып жүргенің жөн.

Мен өзім адам мінезін өзгертуге болмайды дегендерге қосылмаймын. Мінезді құдай бермейді. Ол күнделікті тіршілікте, тынымсыз күресте қалыптасады.

¹¹ Өткен дәуір, баяғы заман



Шынығады. Жетіле түседі. Кезінде неміс ақыны И.Гете: «Талант тыныштықта пісіп-жетіледі, мінез өмір дауылдарында шыңдалады», – депті ғой. Қалай болған күнде де жақсы мінез – ғұмыр бойы таусылмайтын жан азығың екені даусыз. Соны ұмытпа, балам.

Ұлым менің!

Сен өз хатыңда жақсы және жаман мінез-құлықтардың сыр-сипатын сұраған екенсің. Әрине, жақсы мінез де, жаман мінез де өзінен-өзі бірден қалыптаса қалмаса керек. Мінез-құлық дегеніміздің өзі адам бойындағы жағымды және жағымсыз қасиеттерден туындап жатады ғой. Біз әдетте балаларды тәрбиелеу барысында адамның асыл қасиеттерін ардақтап, жақсылық жайында көбірек айтуға әрекет жасаймыз. Адамгершілік, ерлік, кішіпейілділік, шыншылдық, әділдік, ұяттылық жайында айта-айта балаларды мезі қыламыз.

Ал адамның жағымсыз қасиеттері жайында сөз қозғап жатуды онша ұнатпаймыз. Әдетте адамның жаман қасиеттерін атап айтумен ғана шектеліп, «ондай болма» деп ескертіп қоямыз. Менің ойымша, адамның асыл қасиеттерінен гөрі жағымсыз жақтары жайында көбірек әңгіме жасау керек. Балаға жағымсыз қасиеттердің ішкі табиғатын тереңірек түсіндірген жөн. Мұндай түсіндіру пәлсапа сабағынан оқылатын лекцияға ұқсап кетуі де ықтимал. Несі бар. «Ақыл – жастан, асыл – тастан» демей ме? Жамандықтың сыр-сипатын түсіндіру арқылы ғана жастарды одан жирендіруге болады. Сондықтан адамның жағымсыз қасиеттері жайында әкенің балаға сыр айтқаны артық бола қоймас. Өйткені өмір жолында алуан түрлі адамдарды кездестіресің ғой. Сол себепті адамның ұнамсыз қасиеттері туралы өзіндік пікірің болғаны дұрыс қой деп ойлаймын.

Бір қызығы – адам баласы сонау замандардан бері-ақ күншілдік, бойкүйездік¹², менмендік, тәкаппарлық, екіжүзділік, қатыгездік, суайттық, қорқақтық сияқты адам бойындағы жиіркенішті құбылыстармен аяусыз күрес жүргізіп келген екен. Сол күрес сан ғасырлар бойы бір сәтке де саябырсыған емес. Бүгін де күн тәртібінен түскен жоқ. Ғалымдар әлі күнге дейін адамзатқа тән сол жиіркенішті құбылыстардың табиғатын, сыр-сипатын тынымсыз зерттеумен келеді.

Жалпы, адам баласы екі қайнардың бірінен нәр алып, сусындап отырады екен. Рухы жоғары адамдар өзінің ішкі жан дүниесінің саркылмас, мөлдір бұлақтарынан сусындайды. Ал рухсыз адам басқа біреулердің бақытсыздығына қуанып, соны күндеу арқылы нәрленіп, өзін-өзі іштей демеп отырады. Демек, біреудің басына түскен бақытсыздық күншіл адамдар үшін рухани азық болып табылады. Өзінің өмірдегі сәтсіздігі үшін әлгі адамнан кек қайтарғандай болып қалады. Адам ешкімді күндемейтінін білесің ғой. Өйткені ақылды жан әрқашан да қолда бар азғантай дүниесін қанағат тұтады. Қанағат сезімі арқылы бақытты өмір сүреді. Ал ақымақ пендеде қанағат-ынсап болмайды.



¹² Енжарлық, жалқаулық, еріншектік



Адам бойындағы сырт көзге тез түсетін жағымсыз қасиеттердің бірі – тәкаппарлық, менмендік, мақтаншақтық, атаққұмарлық дер едім. Бұлардың бәрі бірінен-бірі туындап, өзара іштей үйлесіп, үндесіп жататын көпқырлы құбылыстар. Қазақ қауымында өркөкірек, менмен, паң адамды тәкаппар дейді. Тәкаппарлық адамның өзі туралы тым жоғары пікірі мен өзгелер жайында тым төмен пікірі салдарынан туындайды. Сол себепті өзін-өзі асыра бағалайтын адамды тәкаппар, мақтаншақ дейміз.

Дәл осы арада саған мақтаншақтық пен мақтаныш ете білудің арасында жер мен көктей айырмашылық бар екенін ескерте кеткім келеді. Әрбір адам өзінің елін, туған жерін, ұлтының әдет-ғұрпы мен салт-санасын, халқының бай тарихын мақтаныш ете білуге міндетті. Мұның өзі сол адамның патриоттық сезімі жоғары екенін дәлелдей түсетін нақты дерек болып табылады. Ал М.Әуезов айтқандай-ақ тумай жатып толдым деу, толмай жатып болдым деу – нағыз мақтаншақ адамға тән мінез. Әдетте мақтаншақтық адамды атаққұмарлыққа қарай жетелеп отырады. Ал атаққұмарлық пен ақымақтық ағайынды адамдар секілді бірін-бірі қолдап, бірін-бірі іздеп жүреді. Өзіне-өзі масаттанып, өзіне-өзі ғашық болып жүрген жандарды көпшілік ұнатпайды. Сол себепті тәкаппар, атаққұмар, менмен жандар бірте-бірте жұрттан оқшауланып қалады. Бүкіл адамзат тарихы осы пікірді растай түседі.

Сау-саламат бол, құлыным!



- Өзіндік көзқарасы бар адамға тән қасиеттер қандай деп санайсындар?
- Сен өзінді өзіндік көзқарасы бар деп санайсың ба?
- Адамның өзінің ішкі жан дүниесінің сарқылмас, мөлдір бұлақтарына нені жатқызасындар?
- Ішкі сұлулық пен сыртқы сұлулықты қалай түсінесіңдер? Оларды жетілдіруге бола ма? Қалай?
- Дұрыс әрекет құндылығы адамның қандай қасиеттері арқылы көрініс табады?
- Жан сұлулығы дегенді қалай түсінесің? Жаны сұлу адамды қалай сипаттар едің?



1-тапсырма. Әсемдік, сұлулық туралы қанатты сөздермен танысып, шынайы сұлулық туралы айтылғандарын таңдаңдар. Таңдауларыңды дәлелдеп беріңдер.

Халық даналығы: «Сөзі райлының – жүзі шырайлы».

Л.Н.Толстой: «Қарапайымдылық – моральдық сұлулықтың басты шарты».

Абай: «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын...».

В.Гюго: «Сыртқы сұлулық толық болуы үшін ішкі сұлулықпен жандану керек».

Қабуснама: «Табиғи сұлулық дегеніміз – оның ұнамдылығы. Әрбір ұнамды мінез-құлық пен келісімді көріктен әдемілік пайда болады».

П.Буаст: «Қарапайымдылық дегеніміз – өзінің адамдық қадір-қасиетін түсіну».



2-тапсырма. Жағдаяттық тапсырманы оқып, ондағы кейіпкердің ойын өз пікірлеріңмен жалғастырыңдар. Айдарға қандай кеңес беруге болатынын ойластырыңдар.

Даладан үйге жүгіріп кірген Айдар атасынан:

– Ата, осы неге балалар Асхаттың қасынан шықпайды, сонымен бірге ойнайды, мектептен де бірге қайтады? Ал менен барлығы қашқақтайтын сияқты көрінеді. Мен неге Асхат сияқты емеспін? – деп сұрайды.


– Сен Асхат және басқалардан өзіңе ғана тән, оларға ұқсамайтындығыңмен ерекшесің. Өмірде адамның тек сыртқы келбеті ғана емес, ішкі жан дүниесі де сұлу болуы керек. Соны сен түсінесің бе?, – деді атасы.

– Түсіндім. Менің жан дүниемнің сұлу болуы үшін не істеуім керек?

– Жан дүниеңді өзгерту және жақсылыққа, сұлулыққа ұмтылу тек өзіңнің ғана қолыңнан келеді.

Айдар атасының айтқан сөздерінен кейін неден бастасам екен деп ойланып қалды....

3-тапсырма. Адамның жан сұлулығын бейнелейтін сөздерді тауып, «Әсемдік» сөзжұмбағын шешіңдер (тапсырманы орындауда курсивпен бөлінген сөздерге назар аударыңдар).



Көлденеңінен	Тігінен
5. Адамдардың бір-бірімен <i>сезініп</i> , қарым-қатынас жасауына қажет нәрсе. 6. Тірі организмнің барлығына тән <i>мінез</i> , ортақ қасиет. 7. <i>Әдепті</i> , кішіпейіл адамның бойындағы жағымды қасиет. 8. <i>Кішіпейіл</i> , қарапайым әдепті адамның қасиеті.	1. Тәрбиелі, <i>қарапайым</i> , әдепті адамның бойындағы асыл қасиеттердің бірі. 2. <i>Адамшылық</i> , жақсылық тілеу қарым-қатынастары. 3. <i>Әсем</i> , әдемі адамның бойындағы сұлулық. 4. Байыпты, <i>ақылды</i> адамға тән аса маңызды қасиет.



Марал Зейнел-Ғабиқызы
 «Сұлулық әлемді апаттан сақтайды» демекші, сұлулықтың, әдеміліктің өмірде маңызы аса зор. Адамның жан дүниесі де, сырт келбеті де сұлу болса, ол – жаратушы Алланың сыйлығы. Тек өзің жүрген ортада жаны



сұлу, жүзі жарқын, әрқашан жақсылық туралы ойлап, жақсы жолмен жүретін адамдардың көп болғаны қандай тамаша десеңші! Өмір өлшеулі болғандықтан, көзіміз тіріде жарық дүниенің шексіз сұлулығына тоймай, сұқтана қарап, жақсы істерімізбен айналамызға шуақ шашуымыз керек. Көз соқырлығынан көңіл соқырлығы жаман. Көңілі соқыр сұлулық әлеміне сапар шеге алмайды. Ал көзі соқыр адамдардың ішінде қаншама дарынды музыканттар, суретшілер, мүсіншілер, жазушылар, ақындар бар. Олар болмайтынды болдырып, таңғаларлық тамаша өнер туындыларын дүниеге әкелген. Өмірдің көмескі жақтары да бар болғанмен, жүрегінің жылуы, көңілінің сәулесі бар адам әр уақыт өмірдің жарық жағын қалайды. Өзін де, өзгені де шуаққа бөлеп, күнше жылытады. Міне, сұлулық деген сол.



Ақыл мен сезім

Мамытбек Қалдыбай



Дастарқан жиналып, Баукеңнің ұйықтайтын бөлмесіне бардық. Ол кісі төсегіне жантайып, мен креслоға жайғастым.

– Ал, балам, сұрағың болса, ұялмай бер. – Ежелгі әдетінше жанарын тік қадап, барлай қарады. Жасқанып, үнсіз қалғаннан не пайда деп, батылдана үн қаттым.

– Ақыл мен сезімді қалай бағалайсыз?

– Бұл сауалың, қарағым, күрделі сауал, – деді жантая жатқан күйі көзін жұма ойланып. – Бұған, әрине, өмірде жауап көп. Сезім билеп кетсе, ұялып қаласың, сезімді ауыздықтай¹³ біл, «ашу – дұшпан, ақыл – дос» деген сөз бар. Бұл сезіміңе ерік бере берме деген сөз.


... Меніңше, сезім мен ақылдың айырмасы әжептеуір. Екеуін әркім әртүрлі түсінеді. Әрі-беріден кейін қазақ көп ойланып, дұрыс қорытындыға келгін дейді. Ол оңай емес. Екеуін парлап жолдас етпесең, ұялып, тіпті қарабет боп қалуың мүмкін. Сезім ұшқалақ келеді. Әрі-беріден кейін жетпістен асып бара жатқан мен кейде сезімді тежей алмай, «ақымақтың ақылы түстен кейін кіреді» деп өкініп қаламын. Екеуін қатар ұстай білсең, яғни сезімнің ұшқалақтық істесе, ақылың тәйт деп қойса, немесе: «Ей, сен мынаны сезбей отырсың ғой», – деп ақылға көмектесе жақсы.

Адамзаттың тарихында, қарағым, сүрініп, жығылу, қателесу, асыра сілтеу секілді кемістіктің сексен пайызын сезім істетеді. «Абайламай сөйлеген ауырмай өледі» деген мақал бар. Абайламай сөйлеу – сезімнің тілі. Сол себепті қазақтың айтқаны дұрыс. Ал абайлап сөйлеу үшін ақыл керек.

Жаңа айттым, сезім ұшқалақ келеді. Ал ақыл мен сезімді қатар ұстаған кісілердің сезімі ұшқалақ келмейді. Оны интуиция дейді. Сезім мен ақылыңды қатар ұстай білу – үлкен тәртіптілік, адамгершілік, жақсылық. Сол екеуінің басын қоса алмай жүрген адамзаттың тоқсан пайызы өзін сезімге билетіп жібереді де, кейіннен «ойбай!» деп опық жейді.

Осы туралы Абай көп ойланған. Оны ол кісінің шығармаларын оқысаң, түсінесің. Жаман мінез-құлықтың көрініс беруінің түп себебі осыдан деп білем.

¹³ Тежеу, тью, тізгіндеу



Бауыржан Момышұлы оқырмандармен кездесуде

– «Жаман мінез-құлық – рухани кесел. Бұл кеселді жою үшін тән кеселін емдеуде қолданатын дәрігердің тәжірибесіне еліктеуіміз керек», – деген екен әл-Фараби бабамыз.

– Жалпы сезім мен ақыл әркімде әртүрлі, – деді қабақ шытып, тұнжырай ойға енген күйі. Біреуде бар ақыл басқада жоқ. Екі адам ол жағынан егіз емес, олардың ақылы да, сезімі де екі бөлек. Оны бірдей ету қиын нәрсе. Сондықтан бұл әркімнің жеке бас ерекшелігі. Біздің теоретиктер: «Әркім әртүрлі ойлайды, ауызбірлік жасап,

бас қоса алмастан келеміз, ақыл мен сезімді бір салаға қоссақ, көп нәрсе ұтар едік» деген идеяны атам заманнан айтып келеді. Бірақ ол идеяның көсемдерінің әдістемесі, көзқарасы әртүрлі. Өмірде қаншама философтар, қайраткерлер өткені анық. Солардың біреуі адамзатқа жаманшылық ойлаған жоқ. Олардың идеясының негізі – адамгершілік сезімдері еді. Олар нағыз ғалымдар!

– Психология дейтін ғылым бар, ол көне, күрделі ғылым, – деді орнынан қозғала түсіп. Психология аспаннан түспейді, психология жағдайға байланысты. «Ата баласы екен, әкесі мен шешесі осындай еді, бұл да айналайын екен» деген сөздің мәні терең. Табиғи дарын мен тәрбие күрделі процесс. Мектептің, іргетастың ең негізі – отбасы тәрбиесі. Сол үйде шыр етіп жерге түскен, сол үйде өскен ғой. Бала жаны тез қабылдағыш. Қырқынан шығысымен сәби сөйлесе алмаса да, көп жайға құлақ түре бастайды. Бұл ақыл да, сезім де аспаннан түспейді деген сөз. Бәрінің төркіні – қабылдау процесіне байланысты. Көргендерің көп, бірақ соны қалай қабылдадың, қандай реакцияң болды, тағы басқа мәселе үлкен рөл атқарады. Өмір құбылысына баға беру үшін ақыл мен сезім қатар жүруі керек. Оның негізі ұяда нені көрсеңге барып соғады, оның негізі отбасыға байланысты.

Баланың ержетіп, азамат болып қалыптасуы күрделі процесс. Бұған ұсынар рецепт жоқ, стандарт жоқ, табиғат, ата-ана сезімі бар. Сол сезім ақылға бастайды.

– Мынау бүйтіп отыр, енді қайтем?

– Е, бүйт, олай етпе, – деп көбінше балаларды алдаймыз ғой. Оған лекция оқи алмайсың, оқысаң бәрі бір түсінбейді. Мұны айту себебім, асау атты ауыздықтаған секілді сезімді де ауыздықтай білу керек.

Баукең орнынан қайта тұрып, көйлекшең, жалаң бас, жалаң аяқ терезе алдына барды. Сыртқа көз салып, бір минөттей үнсіз тұрған соң, мені ымдап, қасына шақырды.

– Анау жас қайың, шыршаларды, ақ шарбы бұлтты көрдің бе?

– Көрдім.

– Сезім мен ақыл тек адамда ғана емес, табиғатта да бар. Ол да кейде күліп, кейде күрсінеді.

Орнымызға қайта келіп отырдық.



– Сезімді ақылм билеген бір жай, мен өмірде ешкіммен бақ таласқан, орын таласқан жоқпын. Бұл, түсінсең, үлкен олжа. Әлде олжа емес пе? Бақ таласқан, орын таласқан кісілер кейіннен қор болады ғой. Ол жағынан мені құдай сақтапты. Бүгін ғана емес, бұрыннан сақтап келе жатыр екен.



- Автордың ақыл мен сезім туралы ой-тұжырымымен келісесің бе? Неліктен?
- Сұхбаттасушының «Сезім мен ақылыңды қатар ұстай білу – үлкен тәртіптілік, адамгершілік, жақсылық» деген пікірін қалай түсінесің?
- «Сезім мен ақыл тек адамда ғана емес, табиғатта да бар. Ол да кейде күліп, кейде күрсінеді» – деген сөздері нені білдіреді?
- «Жаман мінез-құлық – рухани кесел» деген пікірге көзқарасың қандай?
- Мінез-құлықтың ақылға, сезімге қатысы, ықпалы қандай деп ойлайсың?
- Өзіңнің сезіміңе ерік беретін кездерің бола ма? Оның себебі неде болуы мүмкін?
- Өз мінез-құлықтың өзгерткің келе ме? Неліктен? Қалай?



4-тапсырма. Төменде берілген ой-тұжырымдарды оқып, естеріңе сақтап алыңдар.

Халық даналығы: «Жылтырағанның бәрі – алтын емес».

М. Горький: «Көңілі кіршіксіз жан кісіні күндемейді».

Ф.Э. Дзержинский: «Сұлулықты сезіне білетіндер нағыз адам өмірінің мағынасын түсіне біледі».

Халық даналығы: «Әдемі болғаны үшін сүйкімді емес, сүйкімді болғаны үшін әдемі».

Халық даналығы: «Адамның жылтыраған сыртына емес, сұлу ішіне қызық».

5-тапсырма. Әңгімені рөлдерге бөліп оқып, сахналандар.

Тәкаппаршылық

Ыбырай Алтынсарин

Вениамин Франклин деген даңқты білім иесі, Америка жұртының кісісі, он сегіз жасында Медера деген қаланың бір қарт адамына қонақ болып, шығар уақытта қарт бір есіктен шығарып салуға алып келіпті.

Франклин бұл кісімен сөйлесіп келе жатып, алдында не барын аңғармай, есікке жақындағанда қарт: – Еңкей, еңкей, – деп дауыстапты.

Сүйдегенше болмай, есік аласа екен, маңдайшасына Франклин маңдайымен тарс ете түсіпті. Сонда қарт күліп айтты дейді: «Бұл кішкентай реніш сізге екіншіде ақыл болар; ұмытпағайсың, сен жассың, өмірің алдында, басыңды тым жоғары ұстамай, төмен иіңкіреп жүрсең, мұнан да артық неше соққылардан құтыларсың».

Бұл сөзді Франклин сексен жасқа келгенше ұмытпай, әрдайым: «Сол қарттың ақылы маған көп пайда болды және басын жоғары көтерген тәкаппарлардың нешеуінің әлек болғанын көзіммен көрдім», – деп айтушы еді.

6-тапсырма. Берілген сөзтізбекті дұрыс шешсеңдер, әл-Фарабидің қанатты сөзін оқуға болады. Тапсырманы дәптерде орындандар.



1-сөз: «Жақсы» сөзінің антонимі.

3-сөз: Сын есім.

2-сөз: Адам даралығының белгісі

4-сөз: «Ауру» сөзімен

(қос сөз).

мағыналас сөз.

Ж		М		Н	М		Н		З	—	Қ		Л		Қ	—
	р		х		н		к		с		л					



Ұлы Абай айтқандай, адамның жан сұлулығы мен тән сұлулығының болатындығы мәлім. Тән сұлулығы көп жағдайларда жанның, мінездің сұлулығымен бағаланады. Сондықтан да халық «жаны сұлудың тәні сұлу» деп бекер айтпаған. Екеуінің адам бойынан үйлесімділік табуы, деніңнің саулығынан, жақсы мінезіңнен талап етіледі.

Адамның жан дүниесі – оның ішкі көңіл күйі, сезімдері, ойлары, арманы, қиялы, адамның қолға ұстап, көзбен көруге мүмкін болмайтын күйлері. Бірақ олардың сыртқы факторлардың әсерімен әр адамның әртүрлі әрекеттері мен қылықтары арқылы көрініс табады. Мәселен, адамның қуанғаны оның жымиысынан, күлкісінен, еңсесінің көтерілуінен, дауысының ашықтығынан, жанға жайлылығынан, адамды құшақтауынан, сүйюінен, көзінің күлімдеуінен көрінеді. Ал мұнайғаны қабағының түсіңкілігінен, көзінен жас шығуынан, дұрыс жауап бермеуінен, адамға селсоқ қарауынан байқалады.

Адамның жақсы көңіл-күйі де, жаман көңіл күйі де өзіне, өзінің іс-әрекетіне, шаруасына, жоспарына, қала берді айналасындағы адамдарға, олардың іс-әрекеттеріне ықпал етеді. Бір адамның көңілсіздігі қаншама адамға, тірлікке, тіршілікке әсер етеді. Көңілі жайдары адамның ісі де, жоспары да оңынан жүреді.

Адамның көңілінің жақсы болуына әртүрлі материалдық, рухани факторлар әсер етеді. Соның ішінде адами қарым-қатынас факторының орны өзгеше. Адам өзінің әртүрлі сезімдерін басқара алуы, шыдамдылық танытуы, ақылмен шешуі тиіс.

Мейірім

Сөзі мен әнін жазған Ұшқын Жамалбек



Толқимын теңіздей,
Мейірімді көп іздей.
Мына өмірдің жақсылығы –
Жамандықпен егіздей.

Мына өмірдің жақсылығы –
Жамандықпен егіздей.

Қайырмасы:

Анаңның сөзіңдей,
Ақ адал сезімдей,
Мейірім керек.
Өзгені өзіндей көретін
Әппақ пейілің керек.

Сенуің керек,
Дүниені жинасаң да сәнімен,
Иманмен жиған жан байлығың
Биік тұрар бәрінен.

Ай толған түндей боп,
Бұлттан шыққан күндей боп,
Жан жүрегіңе мейір толсын,
Тасқа шыққан гүлдей боп,
Жан жүрегіңе мейір толсын,
Тасқа шыққан гүлдей боп.

Қайырмасы.



БІЛІМДІ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТІЛЕУ

1-тест

Шоқан Уәлихановтың «Тек ақиқат білім ғана күдік туғызбайды, ол өмірді бағалауға, тұрмыс құруға үйретеді» деген пікіріне сенің көзқарасың?

- а) Әр адамды өз өмір жолын анықтап, дұрыс өмір сүруге бағыттайтын ақиқат білім деп санаймын.*
- ә) Ешқандай білім алмай-ақ, жақсы өмір сүруге болады.*
- б) Ақиқат білімге қол жеткізу мүмкін емес тәрізді.*

2-тест

Қабілет дегеніміз –

- а) тұлғаның қызмет түрлерін атқару тәсілдерін жетік меңгеруінен көрініс табатын, жемісті нәтижеге қол жеткізу мүмкіндіктерін көрсететін дара ерекшелігі.*
- ә) адамның арманы мен мақсатына жету жолы.*
- б) адамның мінез-құлқының әртүрлі көріністері.*

3-тест

Сенім адамды болашаққа, алға жетелей ме? Сенің көзқарасың?

- а) Әрине, сенім адамды әрқашан алға жетелейді.*
- ә) Болашаққа, алға ұмтылу үшін досың көмектесуі керек.*
- б) Өзіңе сенімді болу үшін әдемі өмір сүру керек.*

4-тест

Виктор Гюгоның «Сыртқы сұлулық толық болуы үшін ішкі сұлулықпен жандану керек» деген пікіріне көзқарасың қандай?

- а) Сырты сұлу адамдар – ерекше жандар.*
- ә) Әрине, алдымен жаның, ішкі дүниең сұлу болып тұрса, сыртың да сұлу көрінеді.*
- б) Адамның сырты сұлу болса жетеді, оның ішкі әлемін білу қажет емес.*

II ТАРАУ

АДАМ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ...



«Табиғат – баға жетпес сый» жобасы II кезең

Өздеріңнің табиғатқа, қоршаған әлемге жасайтын қамқорлықтарың мен көмектеріңді көрсететін жалпы істің нақты жоспарын жасаңдар:

1. Адамның табиғатта өзін-өзі қалай ұстауы керектігі туралы жаднама даярлаңдар.

2. Өсімдіктер мен жануарлардан келетін пайда туралы айтылатын шағын бояма-кітапшалар даярлап, төменгі сынып оқушыларына сыйлаңдар.

3. Төменгі сынып оқушыларымен табиғатқа, хайуанаттар паркіне серуенге шығыңдар. Кішкентай балалармен бірге құстарды, аңдарды, өсімдіктерді суретке түсіріп, фотоколлаж жасаңдар.

4. Жан-жануарлар, құстар, жәндіктер туралы әңгімелерді тауып, оларды төменгі сынып оқушыларымен бірге оқыңдар. Оқылған кітаптар бойынша «Адам және оның кіші бауырлары» атты суреттер байқауын ұйымдастырыңдар.

5. Оқылған кітаптар бойынша «Қыс қатал жыл мезгілі болса да...» атты суреттер байқауын ұйымдастырыңдар. Өздеріңнің кішкентай достарыңмен бірге құстар мен жануарларға жемсауыт жасап, оларға үнемі жем салып жүріңдер.

6. Кішкентай балалармен бірге «қоқыс» қанша өмір сүретінін анықтап, әртүрлі қоқыс түрлері жөнінде хабарлама дайындаңдар. Қоршаған ортаның ластануымен күрес тәсілдерін ойлап табыңдар.

7. Төменгі сынып оқушыларының сынып бөлмелерінде табиғат бұрышын жасап, оның мекендеушілерін қамқорлыққа алыңдар.



9-10

ӨЗГЕЛЕРМЕН ҮНДЕСУ



*Досы көппен сыйлас,
Досы азбен сырлас.*

Мақал

- Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңдар.



Бес тиын

Өтебай Тұрманжанов

Мұрат бүгін класта кезекші. Кезекші болатынын ол кеше білген. Сабақтан соң балалар кластан шығып бара жатқанда, мұғалім апай оны тоқтатып, өзіне шақырып алып: «Мұрат, сен ертең класта кезекшісің. Кезекші болу сын, жауапты жұмыс. Кластың тазалығы үшін, тәртібі үшін, барлық класс үшін сен жауап бересің», – деген. Осындай жауапты міндетті өзіне, кластағы ең кішкене Мұратқа сеніп тапсырғанына көңілі өсіп, төбесі көкке сәл жетпей қалған. «Бәсе, мен де ешкімнен кем емес екенмін ғой. Бойым кішкентай болғанмен, ойым кішкентай емес-ті. Сабақты ешкімнен кем оқымаймын. Балалар кішкенесің деп кеміткенмен, мұғалім апай кемітпейді екен», – деп қуанған.

Үйіне кетіп бара жатып, өзінше ертеңгі күн істейтін жұмысының жоспарын ойша жасап, көзіне елестеткен. «Ертең ұйықтап қалмай, мектепке балалардан бұрын келем. Кластың барлық терезелерін ашып қойып желдетем, ауасын тазартам. Кластағы жазу тақтайын айнадай ғып тазалап сүртем. Терезе алдында тұрған гүлдердің түбіне су құям. Оқыс, ретсіз жатқан заттар болса, реттеп орын-орнына қоям...»

Осы жоспарын бұзбай, кішкентай Мұрат класқа балалардан бұрын келді. Келе салып, сырткімін шешіп қойып, жеңілтектене жұмысқа кірісіп кетті. Істеймін деген істерінің бәрін істеп, жайғап, «менің тындырған жұмысыма мұғалім апай қалай қарар екен, қалай бағалар екен?» деп тынышсыздана күткен-ді. Балалар келіп орындарына отырып, айғай-шу басылып, жайғасқан соң, күндегі қалыпты дағдысымен класқа жай, бабымен басып мұғалім апай кірді. Сырткімін шешіп, орнына іліп қойып, класс ішіне барлай қарады. Есік алдында мұғалім апайының әрбір бет құбылысын, көзқарасын кірпік қақпай байқап тұрған кішкене Мұратқа ұстаз күлімсіреп қарап, жылы шыраймен ризалық білдіріп: «Мұрат, орнына отыра ғой!» – деген. Мұғалім апайының ешбір ескерту айтпай, жылы жүзбен «орнына отыра ғой» дегеніне қуанғаннан есі шығып кеткен құртақандай Мұрат құржындап барып орнына отырғанын да сезбей қалып еді...

Қоңырау қағылды. Нақ осы қоңырау даусын күтіп, аңдып отырғандай, балалар өре түрегеліп, түйдек-түйдегімен есіктен сыртқа қарай шиша тығынындай атылды. Мұғалім апай асықпай қағаздарын жинастырып, ұстаздар бөлмесіне кетті. Мұрат желдету үшін, алдымен, кластың терезелерін ашып тастады. Жаңа ғана өздері есеп шығарған жазу тақтайын сулы шүберекпен сүртті. Енді жанталасып, парта



астына түскен бөлек-салақ қағаздарды жинап жүр. «Балалар қағазды қалай көп жыртып тастай берген? Әркім өз қолына ие боп, бекерге жыртыпаса, парта астына қағаз өзінен-өзі барып түспес еді-ау», – деп қояды ішінен. Өзі кезекші болмай тұрғанда, күні кеше ғана бір парақ қағаз қолынан түсіп кетіп, еңкейіп алуға ерініп, сол бойымен парта астында қалғаны, аяғымен мыжғылап басып кеткені есіне түсіп, өзінен-өзі қысылып, ұялды.

Мұрат допша домалап, еңбектеп, парталар астында алабажақтанып, боршаланып жатқан қағаздар жыртығын, нан қабыршағын, пластилин үзінділерін жинап жүріп, бес тиындық ақша тауып алды. Бес тиындықты алақанына салып, олай аударып, былай аударып жымия қарап: «Зауыттан жаңа ғана шыққан бес тиын екен! Жүзің көрінеді, – деді. – Қай бала мұны түсіріп қалдырды екен? Дәу де болса, бұл бір баланың апасы: «Үзіліс кезінде дөңгелек тоқаш алып жей ғой» деп берген ақшасы шығар. Ол қазір тоқаш алып жеймін деп буфетке жүгіріп барып, қалтасынан бес тиынын таба алмай аузы аңқиып тұр-ау! Мен өзім де сол баланың орнында болсам ренжіп, өкініп қалған болар ем, әрине. Апам: «Біреудің жоғалған нәрсесін тауып алсаң, өзіне қайтарып бер, ол саған риза болып алғыс айтады», – дейтін. Қазір мен де бес тиынын иесінің өзіне қайтарып берем. Былай бес тиын, анау айтқан көп ақша емес. Бірақ тапқан адамның иесіне қайтарып беруі – адамдық, адалдық! Жақсылық қашан да жақсы емес пе?



Нақ осы кезде үзіліс бітіп, қоңырау қағылды. Балалар топырлап, түйдек-түйдегімен келіп, орындарына отырып жатыр. Мұрат тауып алған бес тиыны бар ма екен деген кісіше, қалтасын сыртынан байқап, ұстап қояды.

Балалар орындарына отырып, жайғасып, тынышталған соң, есікті еппен ашып, мұғалім кіріп келді. Класс ішін көзімен бағдарлай сүзіп өтіп, көңілі байсал тауып көншігендей, сабақты ықыласпен бастауға ыңғайланды. Мұғалім апайының көзқарасын, қимылын маған ғана арналған деп бақылап, байымдап отырған кішкене Мұрат: «Апай!», – деп кенет қолын көтерді. Оның жауабын күтпей, қасына жетіп келіп: «Класты тазалап жүргенде парта астынан мына бес тиынды тауып алдым», – деп қолына ұстата берді. Кішкене Мұраттың мына қылығына дән риза болып, мұғалім апайдың іші жылып қалды. Көп баланың ішінде көрінбей, елеусіз, көзге түспей жүрген кішкене, қойдай қоңыр Мұрат осы бір кереметті бес тиынмен жалт етіп бірден көзге түсті. Бірқатар балалар кішкене Мұраттың үлкен, үлгілі қылығына сүйсініп қалса, қайбір қызғаншақ, іші тар балалар бұл жақсылықты Мұраттан қызғанды.

Мұғалім апай бес тиынды қолына ұстап тұрып, былай деді: «Балалар! Мына қолымдағы Мұрат тауып әкеліп берген бес тиын, бес сом емес, бес жүз сом

«Адалдық – адамның адастырмайтын, абыройға жеткізетін алтын тубы!»



емес, бес тиын ғана! Нақ осы жерде бұл бес тиынның бағасы бес есе, он есе, жүз есе асып тұр! Осы кереметті бес тиын кішкене ғана бір адамның көңілінің түбінде көзге түспей жатқан алтындай асыл адамдығын бәріміздің көзімізге жарк еткізіп көрсетті! Осы кішкене Мұраттай адал болындар! Адалдық – адамның адастырмайтын, абыройға жеткізетін алтын туы!..»



- Мұрат неліктен өзінің сыныптағы кезекшілігіне өте мұқият дайындалды?
- Мұрат тауып алған тиынын не себепті мұғаліміне берді?
- Мұратты дұрыс әрекетке жетектеген оның бойындағы қандай қасиеттері деп ойлайсың?
- Адам бойындағы қандай қасиеттер оның жеке басын сыйлы етеді? Неліктен?
- Адамның өзін және өзгелерді сыйлауының мәні неде деп ойлайсындар?
- Өздерің көпшілік алдында қандай қасиеттеріңмен сыйлы болып жүрсіндер? Әңгімелеп беріндер.



1-тапсырма. Төменде берілген мақал-мәтелдердің жалғасын тауып, мағынасын түсіндіріңдер.

1. Аға әдепті болса, іні әдепті, ...
2. Орнымен мақтай біл, ...
3. Халықтың қартын сыйлау – ...
4. Ардагер аға алдында тұрсын, ...
5. Сыйлай білсең кәріні, ...
6. Сыйлау деген – ...
7. Әдепті бала ата-анасын мақтатар, ...

2-тапсырма. «Өзіңді жұрт сыйласын десең, алдымен өз-өзіңді сыйла» деген қанатты сөзді «көзқарас – себеп – мысал – қорытындылау» әдісімен талқылап, мәнін түсіндіріңдер.

3-тапсырма. Төменде берілген жағдаяттарды мұқият оқып, шешімін табындар.

1-жағдаят

Ұланға әке-шешесі жұмысқа кетерде: Балам, біз жұмыстан келгенше сабағыңды оқып болған соң, үйдің айналасын жинастыр, үйге су алып кел, – деп тапсырды. Ұлан сабақ оқып болған соң, үйге оның достары Айдын мен Дидар келіп, Ұланды компьютермен футбол ойнауға шақырды. Ұлан әке-шешесінің тапсырмасын орындауды, әлде достарының көңілінен шығу керек екенін білмеді. Сендер Ұланның орнында болсаңдар, не істер едіңдер?

2-жағдаят

Жаңыл өзінің інісі Ернармен үйдің ауласында ойнап жүр еді. Екеуінің тұсынан көрші үйдегі Гүлнардың анасы дүкеннен келе жатыр еді, Ернар: Гүлнар бізбен ойнасын, шақырып жіберші, – деді. Жаңыл інісінің сөзіне ұялып қалып, Ернарға әлденені түсіндіре бастады. Жаңыл інісіне не туралы айтты?



3-жағдаят

Бүгін сенбілік. Кеше мұғалім мектепке сыпыртқы, шелек алып келулерін тапсырған. Мектеп алдында барлық мектеп оқушыларына жиналыс болып, әр сыныпқа әртүрлі жұмыстар тапсырылды. 6-сынып оқушыларына мектеп ауласын сыпыруды және гүлдерге су құю жұмыстары тапсырылды. Сенбілікке сыныптағы барлық оқушылар жиналды. Ұлдар мектеп ауласын сыпырып, ал қыздар гүлге су құйды. Сынып жетекшісі балаларға қызыға қарап тұр. Балалар өздеріне жүктелген жұмысты ұйымшылдықпен тез әрі ұқыпты аяқтады. Бұл сыныпты қандай сынып деп ойлайсындар?



Қазақ халқының салтында сыйластық ұғымы әдептіліктің бір үлгісі болып табылады. Ата-ананы сыйлау, оларды қадірлеу, ізет көрсету – адамның ең қастерлі қасиеттерінің бірі. Кіші үлкенді сыйласа, үлкендер де өз тарапынан оған лайық ықылас білдірген. Содан барып үлкен мен кіші арасында жарасымды қарым-қатынас орнаған. Ол әдетке айналып, әдептілік ережелерін тудырған. Үлкендер отырған жерде сөз жарыстырмай, ізет көрсете білу, көңілге қарай сөз айту, қажет кезде өзінді ұстай білу – халық дәстүрінде қалыптасқан қасиеттер.

Ата-ана – өз балалары үшін тәртіптілік пен сыпайылықтың, жарасымдылықтың, қамқорлықтың үлгісі, отбасындағы тәрбие құдіреті осында. Адамдар арасындағы қарым-қатынас сыйластыққа негізделсе, жан-жағына жылуын шашады. Адам – ең әуелі адамгершілігімен, әдебімен көрікті.

Әдепті адам ыңғайсыздық тудыратын жағдайды болдырмауға тырысады. Әдепті болу үшін өзінді-өзің ойша болса да, басқа адамдардың орнына қоя білуің керек. Адам мәдениеті жоғары болған сайын оның айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы сыпайы бола түседі.



Тынышбек қалай түзелді?

Қаржаубай Омарұлы

Сабақтан соң Күлшара апай Тынышбекпен бірге оның үйіне келді. Ата-анасымен сөйлеспекші. «Балаңыз тәртіпсіз болып барады, айтқанды тыңдамайды, үйге берілген тапсырманы орындамайды. Үйде кітап оқуын қадағалаңыздар» демекші.

Дәмеш апай сиыр сауып жатыр екен. Күлшара мұғалиманы көре салып:

– Қызым, ошақтағы табаны көре салшы, қолым тимей жатыр, нан күйіп кетер, – деді. Күлшара апай Тынышбектің апасымен ашық-жарқын амандасты да, айтқанын орындады. Табадағы нан күреңгітіп, көпсіп пісіпті. Енді алмағанда күйіп кетеді екен. Күлшара апай оны жайпақ табақтың үстіне қойды. Қолын жуып жіберіп, табаның астына шыжғырып май жақты, сосын қамыр жапсырды. Табаға сексеуілдің жайнап тұрған шоғын салып жатқанда Тынышбек: «Апай да нан жаба



біледі екен ғой», – деп таңырқап тұрған. Ол: «Мұғалімдер сабақтан соң үйіне барысымен кітап оқиды, басқа жұмыс істемейді, сондықтан олар көп біледі. Ал мені әжем біресе ине сабақтап бер, біресе отын бұтап бер, су әкел деп жұмсайды» деп ойлайтын.

Ал, шындығында, апасы: «Кітабыңды оқы, жазуыңды жаз!» – десе де, мені жұмсап отыр деп қыңырайып қалатын. Міне, Тынышбек түгіл апасының айтқанын Күлшара апайы екі етпей орындайды екен. Оның беті қараптан-қарап ду ете қалды. Ұялғаны ғой. Күлшара апай табаға шоқ салып болғанда апасы тағы да:

– Өркенің өссін, айналайын! Бұзауды қазығынан босатып жіберші, идіріп алмасам, мына қарасаннан сүт шығатын емес, – деді ақ шелегін былай қойып жатып.

«Апам да қызық, мұғалімді жұмсағаны несі, ұят болды-ау, маған айтса ғой, жүгіріп барып, жылдам орындай қоям. Күндегідей тілімді алмайды деп тұр ма екен. Тұу, ұят болды-ау» деп ойлаған сайын Тынышбектің маңдайынан шып-шып тер шықты. Шыдай алмай:

– Апай, ол сүзеген сиыр, бұзауды мен босатайын, – деп жетіп барды.

Баласы нокта жіпті мықшындап қазықтан шешіп жатқанда, Дәмеш апай мұғалімге: «Жалқау балам қайтер екен деп, қызым, сені әдейі жұмсап тұрмын» дегендей күлімсірей қарады. Күлшара апай үнсіз бас изеп, езу тартты.

– Менің де нан жауып, сиыр сауып, кір жуатын әжеме көмектесуім керек еді. Ертеңгі болатын сабаққа дайындалу тағы бар, сізге бір жұмыспен келіп едім, – деп асықты Күлшара апай.

Тынышбек: «Мұғалімдер де сабаққа күнбе-күн дайындалып отырады екен-ау!» – деп, өзінің еріншектігін ойлап қысылғанынан апасының да, апайының да жүзіне қарай алмай, астауға күйбеңдеп жем сала берді.

Күлшара апай мен Тынышбек төрті бөлмеге енгенде алты жасар Сәуле мен төрт жасар Мағаш өздерімен өздері болып ойнап отыр екен. Бұлардың келгенін байқамады.

Күлшара апай Тынышбекке үндеме, былай көрінбей тұрайық, ойынын бұзбайық дегенді ыммен білдірді. Ал екі қарындасының қалай ойнайтынын білетін ағасы тықыршып тұр. Сезіктенгендей-ақ болды.

Сәуле Мағашқа:

– Сен Тынышбек бол, мен апа боламын енді, – деді. Мағаш:

– Тынышбек болғым келмейді, апам оны жалқау дейді, «екіні» көп алады дейді.

Ал мен мектепке барғанда мынадай-мынадай «бес» әкелем, – деп, бар саусағын жайып көрсетті.

– Ендеше Тынышбек мына қуыршақ болсын, былай басын төмен қаратып, тікесінен тік тұрғызып қоялық, – деп, Сәуле қолына бір жапырақ қағаз алып, қабағын түйген болды. Сөйтіп: – Бүгін де «екілік» алыпсың ғой. Сабақ оқы десе, мойның жар бермейді. Ойының осылады да жүреді, кеше ата-аналар жиналысында тәртібіңді нашар деп айтты, қашан адам боласың? Бір сыныптағы нашар оқитын сен екенсің, – деді Сәуле қуыршаққа қадала қарап. Мағаш мәз бола күліп:



– Сәуле, Сәуле, апамның Тынышбек ағама «көрші үйдің өзіндей баласы...» дегенін айтшы, – деп жалынды.

Сәуле қуыршақтың екі көзіне түкірігін жағып қойды да:

– Көрші үйдің өзіндей баласы алты жыл бойы «беске» оқып келеді, сен екінші сорт жаман шайдай «екіден» көз ашпайсың, – деді зекіріп. Мағаш қуыршақтың ішін басып-басып қалғанда іңгәлаған дауыс шықты. «Бұл Тынышбектің жылағаны», – деп сықылықтап күлді ол.

– Енді мынадай ойын ойнаймыз. Үстелдің үстіне кітап жайып қой. Қуыршақты орындыққа отырғыз, – деді Сәуле.

– Тынышбек аға кітап оқып отыр, міне... – деп, Мағаш қуыршақты үстелдің үстіне қисайтып қойды да, қорылдап ұйықтап жатқан адамның кейпін келтірді.

– Енді менің кәмпитімді тартып жегенін... – деп қыңқылдады Мағаш.

– Шкафтан бір кәмпит әкел, оны сен ұстап тұр, мен Тынышбек болып тартып алайын, – деді Сәуле.

Қолына кәмпит ұстап тұрған Мағашқа Сәуле:

– Әне, аспандағы торғайды қара! – деді. Мағаш төбеге қадалып қарай бергенде Сәуле оның қолындағы кәмпитті қағып алып, аузына салып жіберді. Мағаш:

– Кәмпитім! Кәмпитімді бер! – деп шынымен шар ете қалды. Сәуле терезе жақты нұсқап:

– Әне, торғайға бердім, ол қағып алып жеп қойды, – деді. Мағаш оның бұл алдағанына сеніп, аузы ашылып сыртқа қарады. Екі ортада кәмпитінен айырылып қалғаны есіне қайта түсіп, ол жерге отыра қалып жылады. Сәуле сасайын деді.

– Мен Тынышбек болып ойнадым ғой. Ол кәмпитінді тартып алып, жеп қоятын болғасын мен де сөйттім, – деп жұбатты Сәуле.

Күлшара апай Тынышбекке қарап еді, екі көзін уқалап жылап тұр екен.

– Апай, енді жақсы оқимын, сабақта тыныш отырамын, жалқау болмаймын, кішілерге әлімжеттік жасамаймын, – деді қорс-қорс етіп.

Оның өз кемшіліктерін сезінгенін аңғарған Күлшара апай:

– Жарайды, сөзінде тұратын бол, бірақ анау қарындастарыңа тиіспе, – деді жұмсақ үнмен.

Ол үйіне қайтып бара жатып, Тынышбектің шешесіне:

– Апа, жұмысымды бітірдім, маған кішкене Сәуле мен Мағаш көмектесті, – деді күліп.

– Жұмысың бітсе, жақсы болған екен, қызым! Келіп тұр, – деді Дәмеш апай еш нәрсеге де түсінбесе де риза болып.

Шынында, сол күнгі оқиғадан соң Тынышбектің тәртібі де, оқуы да бірте-бірте түзеле бастады.



- Қарындастарының ойынын сырттай бақылаған Тынышбек неліктен көз жасына ерік берді?
- Мұғалімнің бойынан қандай ізгі қасиеттерді байқадыңдар?
- «Сыйласаң, сыйлы боласың» деген сөздің мәнін қалай түсінесіңдер?
- Қарым-қатынастағы өзара сыйластық адам бойындағы қандай құндылықтардың көрінісі?



- Өздерің үлкендермен, құрдастарыңмен және кішілермен қаншалықты сыйласып жүрсіңдер? Әңгімелеп беріңдер.



4-тапсырма. Төменде берілген ұғымдар мен олардың анықтамаларын салыстырып, әрбір ұғымның өзіне сәйкес келетін анықтамасын табыңдар.

Ұғымдар	Анықтамалары
1. Татулық	а) Адамдардың бір-біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқараста болатын қасиеті.
2. Достық	ә) Адамдардың берік бірлігі, сыйласымдылығы.
3. Ауызбіршілік	б) Бірлікке келу, бірге тірлік жасаудың көрінісі, татулықтың белгісі.
4. Бірлік	в) Мақсаты бір топ мүшелерінің тату-тәттілік, ынтымақтастық, ұйымшылдық көрсете білуі.
5. Ынтымақтастық	г) Ынтымақтасып біріккен бірауыздылық, іштей байланысты табиғи біртұтастық.

5-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып, төменде берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

Адал достық

Ержасын мен Темірлан тату, дос. Екеуі бірге ойнайды, мектеп асханасына бірге барады, кітапханадан бірге барып кітап алады. Қашан көрсең де, егіз қозыдай бірге жүргені. Сейсенбі күні математикадан бақылау жұмысы болды. Неге екені белгісіз, сол бақылау жұмысынан кейін екі достың арасынан бір сызаттың түскенін мұғалімі де, оқушылар да тез байқады.


Екеуі бір-біріне жоламайды. Ержасын өзбетінше сабаққа дайындалып отырады, ал Темірлан қоңырауда өзге сыныптағы балалармен ойнайтын болды.

Сабақтан кейін мұғалім екі досты шақырып алып, ұзақ сөйлесті. Темірлан:

– Бақылау жұмысы кезінде Ержасын дайын есептерді көшіріп алуға дәптерін бермеді және өзің шығар деп қарамай қойды, мен енді онымен дос болғым келмейді, – деді. Мұғалім шынайы дос туралы әңгімелесіп, түсіндірді. Келесі күні оқушылар өз көздеріне өздері сенбеді. Ержасын мен Темірлан сабаққа бірге келді, сабақ соңына дейін жұптары жазылмады, олар адал достықтың мәнін түсіндірген ұстаздарына дән риза.

- Шынайы дос қандай қасиеттерімен айқындалады?
- Өмірден алынған адал достық туралы мысалдарды білесіңдер ме? Айтып беріңдер.
- Өздеріңнің адал достарың туралы айтып беріңдер.

6-тапсырма. Тақырыптық лексиканы пайдаланып, «Сыйласаң, сыйлы боласың» атты сөзжұмбақты шешіңдер.



Көлденеңінен	Тігінен
<p>1. Адамдардың берік <i>ауызбірлігі</i>, сыйластығы.</p> <p>3. Адамдардың бір-бірін <i>түсініп</i>, келісім мен татулықта өмір сүруі.</p> <p>7. Айналаңдағы адамдарды <i>сыйлап</i>, оларға құрмет көрсету, қамқор болу.</p> <p>8. Адамның қоршаған орта мен ақиқатқа, адамдарға <i>сеніп</i>, құрметтеу қарым-қатынасы.</p> <p>9. Мақсаты бір топ мүшелерінің ынтымақтастық және <i>тату-тәттілік</i> көрсете білуі.</p>	<p>2. <i>Ынтымақтасып</i> біріккен бірауыздылық, іштей байланысты табиғи біртұтастық.</p> <p>4. Адамдардың бір-біріне <i>дос</i>, жолдас ретінде адал, қалтқысыз сеніп, ортақ көзқараста болуы.</p> <p>5. <i>Бірлікке</i> келу, бірге тірлік жасаудың көрінісі, татулықтың белгісі.</p> <p>6. Жеке адамды өзге адамдар тарапынан <i>құрметтеу</i>, сыйлау, қошеметтеу.</p>

7-тапсырма. Төменде берілген қазақтың атақты биі Саққұлақ шешеннің қанатты сөзін мұқият оқып, мағынасын түсіндіріңдер.

«Адамның басшысы – ақыл, шолушысы – ой, жетекшісі – талап, қорғаушысы – сабыр, сынаушысы – халық, таусылмайтыны – арман, ең қымбаттысы – ар сақтау, бәрінен ардақтысы – адал өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі – сыйластық».

Нұрхат Шақузадаұлы



... Адам баласының бәрі бұл өмірде бақытты болсам дейді. Сол бақытқа жету үшін қолынан келген бар мүмкіндігін істеп бағады. Бірақ, көбісі бақытқа апарар ең оңай жолды ұмытып жатады. Бұл жол – әдептілік жолы. Ал әдептілік адамның ішкі жан дүниесі, оның интеллектісі, парасаты мен сезімі сыртқы келбетінен, көздерінен, бет-әлпетінен, сондай-ақ тұлғамүсіні мен мінез-құлқынан көрініс табады.



Әдеп арқылы жеке адамның адамдар арасындағы қадір-қасиеті арта түседі. Ол елге осылайша сыйлы болады. Мұндай әдепті адам істейтін ісіне, сөйлейтін сөзіне, қабылдайтын шешіміне баса назар аударады. Адам – өз өміріне өзі жожа. Өйткені ол өз тұрмыс тіршілігін өзі реттестіріп отыруға қабілетті. Ол өзінің осы бір қабілетін дұрыс пайдалана алған жағдайда ғана дегеніне жете алады.



Достарым

*Сөзін жазған Хасен Закариянов
Әнін жазған Оралхан Көшерев*

Толтыра біліп көңілдің отын, достарым,
Қатемді түзеп, жол тапсам дұрыс қостадың.
Қиналған шақта бөлісіп жүрек жылуын,
Жүріңдер сендер қолтықтан демеп, достарым.

Қайырмасы:

Жабыққан сәтте қас қағым
Жаныңды ұғар басқа кім?
Жаңа бір әуен бастадым,
Сендерге арнап, достарым!

Сағыныш толы кеудені кернеп жыр көшкін,
Достықтың келдім сазына ән мен үн қосқым.
Өтермін мынау өлшеулі ғана тірліктен,
Биіктен сайлап орнын адал шын достың.

Қайырмасы:

Жабыққан сәтте қас қағым
Жаныңды ұғар басқа кім?
Жаңа бір әуен бастадым,
Сендерге арнап, достарым!

Десек те қашан баянсыз достан түңіл деп,
Қаншама арзан мінезге куә жұмыр жер.
Асылдар аз ба жаныңды қияр дос үшін?!
Соларға, тағдыр, өкінбей өтер ғұмыр бер.



11-12

АҚКӨНІЛДІЛІК ТУРАЛЫ



*Махаббат, достық, бауырмалдық –
адамның ең бір асыл қасиеттері.*

Ғабит Мүсірепов

- Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңдар.



Достар

Серік Үсенұлы

Ғалымжан қаладағы қазақ мектептерінің бірінде оқиды. Сыныбындағы үздік оқушылардың бірі. Үйлері қаланың сыртында болғанына қарамастан, бірде-бір рет сабақтан кешігіп көрген емес. Ылғи да ерте келіп, уақытында қайтады.

Жандос оның бірге оқитын сыныптасы, екеуі түйдей құрдас, тату дос. Бойлары да шамалас, екеуі бір туған егіз қозыдай жұптарын жазбай бірге жүреді.

Бұрын бір-біріне көп жуып, жұғыса бермейтін. Қайсыбір күнгі күтпеген оқиға араларын ойда жоқта жақындатып жіберді.

Бір күні сабақтан кейін үй тапсырмаларын орындап болып сыртқа шыққан Ғалымжан мектеп ауласында ойнап жүрген өз сыныбындағы балаларды көрді де: «Күн әлі ерте екен, сәлден соң кетсем де кеш болмас»,– деп әлгілерге қарай бұрылды. Кейде уақыттың мұнша тез өтетінін кім білген, қызықтың соңына кіріп кетіп сонау бір кезде барып, жан-жағына күннің ұясына қып-қызыл боп батып бара жатқанын көріп, сасып қалды. Есіне бұл кезде ауылдарына қатынайтын автобусының тоқтап қалатыны түскен еді. Жүрегі атқалақтап аузына тығыла жүріп апыл-ғұпыл сөмкесін алды да, бірге ойнап жүрген балаларға өзінің кететінін айтып, алды-артына қарамай аялдамаға қарай тұра жүгірді. Аралық біраз жер болатын. Ақ тер, қара тер болып, жылдамдата жетсе, көлік тоқтайтын жер қаңырап бос жатыр екен. Күнде сығылысып, қаптап тұратын адамдардың қарасы көрінбеді. Соңғы автобустың кетіп қалғанын ешкім айтпай-ақ анық білді.

Алғашында қайтерін білмей қыстығып жылағысы келген. Соңынан «ең ақырғы көлік, бәлкім, әлі кетпеген шығар, тағы біраз күтейін» деп өзін-өзі алдарқатып әрең тоқтатып алды. Сол үмітті ойы көңіліне сәл де болса демеу болып, бойына сабыр жинап аз-кем тосты. Бірақ талайға дейін автобустың қарасы көрінбеді. Тіпті, аялдамаға өзі құсап келіп көлік күткендер де бола қоймады. Енді қайтпек керек?

Сәл дағдырып қалған Ғалымжан ширыға бастады. Қанша ойланса да, қазіргі қиын жағдайынан сытылып шығар жол таппай қатты киналды. Жаяулай тартып кетейін десе, жол алыс. Такси ұстауға, жанында ақша жоқ. Аялдай беруге үйіріліп келе жатқан кеш мынау. Қайтерін білмей барған сайын қысыла түсті.

Дәл осы кезде «Ғалымжан» – деді біреу арт жағынан. Етене таныс дауыс. Құлағына майдай жақты. Бұрылып қараса, бір сыныпта оқитын сыныптасы Жандос екен.



– Мұнда неғып тұрсың? – деді жақындап келіп.

– Үйге кетейін деп, – деді Ғалымжан түк болмаған кісі болып жайбарақат.

– Автобус тоқтап қалған шығар? – деді Жандос қадалған жеріне кенедей жабысып.

Ғалымжан мүдіріп қалды. Басында автобустың тоқтап қалғанын Жандос білмейтін шығар, бірдеңе деп жалтарсам, сәл тұрып кетіп қалар деп ойлаған еді. Енді жасырған нәрсенің үстінен шыққанына ыңғайсызданып, шынына көшті.

– Иә. Автобус тоқтап қалыпты. Үйге қайтіп кетерімді білмей тұрмын, – деді.

– Онда қайтесің? – деді Жандос жанына таяп келіп, жақын тарта сөйлеп.

– Үйлерің алыс шығар?..

– Иә, алыс...

– Онда, – деді Жандос аз ойланып тұрған соң: Біздің үйге барып қона салып, ертең бірақ кет.

– Болмайды. Өйтсем, үйдегілер іздеп қалады.

– Үйлеріңде телефон жоқ па?

– Жоқ.

– Онда қайтсек екен? – деді Жандос енді өзі де қосыла қиналып. – О, таптым, – деді бір кезде, – біздің үйге жүр. Әкем қайтып келген шығар, келсе, мәшинесімен сені апарып тастайды. Жүр...

– Ұят болатын шығар, – деді Ғалымжан сәл тартыншақтанып.

– Ештеңе етпейді, – деді Жандос оның қолынан тартып, – екеуміз бір сыныпта оқитын сабақтаспыз, неге ұят болады екен. Жүр, алдымен екеуміз дүкенге барып келейік. Мен сүт әкелуге шыққам. Оған дейін әкем де келіп қалар.

Екеуі сүт алып, Жандостар тұратын үйдің алдына келсе, әкесі әлі келмепті. Бос тұрған мәшиненің орнын көрсетіп: «Мынау әкемнің көлік қоятын жері», – деді Жандос.

Дағдару қайта басталды. Айнала ала көлеңкеленіп, кеш батып келеді. Ал күткен адамдарының қашан келетіні әлі белгісіз.

– Енді қайттік? – деді Жандос желкесін қасып. Ары-бері жүріп аз ойланған соң:

– Былай болсын, – деді Ғалымжанның қасына келіп: – Мен шешеме айтайын, сені таксиге салып жіберсін.

– Ұят болатын шығар..., – деді Ғалымжан тағы тартыншақтап.

Оған қараған Жандос болмады. Артына бұрылды да, үйлеріне қарай жүгіре жөнелді. Аздан соң қасында шешесі бар, қайта шықты.

– Жақсы ма, балам? – деді Жандостың анасы жақындай бере.

– Автобустан қалып қойған екенсің ғой, құлдығым. Алаңдама, мен қазір сені таксиге салып жіберемін. Үйлеріңнің мекенжайын анық білесің ғой?

– Білем. «Думан» ықшамауданы, Хантәңірі көшесі, 105 үй.

– Жақсы, қазір такси ұстаймыз.

Үшеуі жылдамдата басып көшеге қарай беттеді. Алда келе жатқан Жандос алдымен жетіп, бір шетте тұрып қолын көтеріп еді, бір мәшине келіп лып етіп тоқтай қалды. Есігіне қарай еңкейген Жандостың анасы алдымен жүргізушіге мән-жәйді түсіндіріп, ақшасын төледі де, Ғалымжанды қасына шақырып алып мекенжайларын қайта бір айтқызып пысықтады. Содан соң оны ішке кіргізіп



отырғызып, қайта алдыға бұрылып:

– Сізге бір өтініш, – деді жүргізушіге, – алда-жалда баланың үйін таба алмай қалып жатсаңыздар, осында қайтып әкеліңіз. Ақшасынан алаңдамаңыз. Біз осында тұрамыз. 32 үй, 27 пәтер.

– Алаңсыз болыңыз, апай, – деді жас жүргізуші мәшинесін оталдырып, қозғалуға ыңғайлана беріп, – табамыз. Мен «Думанды» жақсы білем.

Ертесі күні сабақтан кейін Ғалымжан Жандосқа ілесіп үйлеріне барып, оның анасына әке-шешесінің және өзінің ризашылығын жеткізіп, рақметін айтты. Әрі кеше таксиге төлеген ақшасын қайтарып берді.

Міне, сол күннен кейін қиыншылықта қол ұшын беріп, көмектескен шын жанашыр сыныптасымен Ғалымжан айырылмас дос болып кетті.



- Жандос пен оның анасының ізгі әрекетінен қандай әсер алдыңдар?
- Адамға жақсылық жасау үшін онымен жақын туыс немесе дос болу міндетті ме? Неліктен?
- Ақкөңіл адамдар қандай қасиеттерімен ерекшеленеді?
- Өзгелерге көмек қолдарыңды соза білгенде қандай сезімде боласыңдар? Әңгімелеп беріндер.



1-тапсырма. Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, ақкөңіл, қайырымды адамға мінездеме беріп, оның портретін жасандар.

Туісті сөздер мен сөз тіркестері: ізгілік, кешірімділік, кішіпейілдік, адалдық, жанашырлық, кеңпейілділік, бауырмалдық, ізеттілік, мейірімділік, көпшілдік, түсіністік, ынтымақтастық, татулық.

2-тапсырма. «Адамның әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтыны сияқты, қайырылымдылық пен жаман қылықтылық та адамға әуел бастан жаратылысынан дарымайды» деген әл-Фараби бабамыздың ұлағатты сөзін «көзқарас – себеп – мысал – қорытындылау» әдісімен талқылаңдар.

3-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

Дәріден де күшті

Әшірбек Амангелдиев

Нағима апай бүгін ыстығы көтеріліп, ауырып тұрса да, мектепке келді. Дәрігер шақыртқан жоқ. Балалардың бір күні зая кетеді ғой. Ол оқушылардың үй жұмысын тексерді. Содан соң жаңа тапсырма берді де, басын сүйеп, төмен қарап, үнсіз отырды. Оқушылар мұғалімнің ауырып отырғанын сезді.

Тапсырманы орындауға үнсіз кірісті.

Апай басын көтерген кезде, алдында тұрған алманы көрді.

– Мүмкін, алма мен кәмпит жесеңіз, жазылып кетерсіз, – деді балалар.

Мұғалім елжіреп кетті.

– Сендерге рақмет, балалар. Алма мен кәмпит емес, сендердің ықыластарың мен пейілдерің маған дәріден де күшті ем.



Сол күні сабақ соңына дейін болды. Апай да, балалар да үйлеріне көңілді қайтты.

- «Сендердің ықыластарың мен пейілдерің маған дәріден де күшті ем» деген сөзді қалай түсінесіңдер?
- Өздерің қиналып тұрған адамды көргенде қандай көмек берер едіңдер?



Адам баласына тек жақсылық ойлап, оған адамгершілікпен жақсылық жасауға бейім, ақжарқын, аялы нұр көрсететін ұлттық мінезді ақкөңілділік мінез дейміз. Ақкөңілділік мінез өзара сыйласымнан, жайдары жарасымнан, ақниетті әрекеттерден, жақсылыққа құштарлықтан, жанашырлық әрекеттерден айқын көрінеді.

Ақкөңіл адам ақниетті әрекеттерімен ақкөңілділік мінез нұрын шашады да, өзі сүйіспеншілікке бөленеді, жақсылыққа құштарлығымен айналасындағы адамдарға адамгершілік қуат береді. «Өзіңді-өзің жаттай сыйла, жат өзінен түңілсін» деп, ақкөңілділік мінездің сыйласымдық мәнін халық жоғары бағалайды.

Халық «ақкөңілдің аты арымайды, тоны тозбайды», «ақылдының көңілі ақ болады, оған абырой мен бақ қонады» деп, бұл мінезден үлгі алуды уағыздайды.

Қоғамдағы іштарлық, менмендік, тәкаппарлық мінездер ақкөңілділік мінездің шырқын бұзып, шын бойына батқанымен, ақкөңіл адам ол келеңсіз қасиеттермен үнемі күресуде болып, оларды сабырлылықпен жеңіп отырады.



Ғазизаның балалары

Мәдіхат Төрежанов

Ғазизаның үш баласы бар. Өзі зауытта жұмыс істейді. Жұмысқа кезекпен барады. Таңертеңгілік қоңыраулы сағатпен тұратын. Таңғы алтыда сағаттың шарылдаған даусы бөлмені басына көтеретін.

Үйде оңаша қалған балалар кейде асыр салып еркінсіп кетеді. Бүгін де ойынның қызығына батты. Кітап тұратын сөренің жанында ойнап жүріп, балалар оны құлатып алды. Кітаптар жерге түсіп, шашылып қалды. Бәрінен бұрын оның үстіндегі қоңыраулы сағат қирады. Балалардың көзі бадырайып, үрпиісіп қалды.

– Анам таңертең қалай оянады? – деген Сұңғаттың даусы дірілдеп шықты.

– Анам жұмыстан кешігеді-ау, – деп Зергүл жылай бастады. Үшеуі де өздерінің балалық, ағаттық істеріне қатты өкіністі. Бірақ біріне-бірі жауып, жанжалдасқан жоқ. Өйткені үшеуі бірдей бұл істеріне өздерін кінәліміз деп білді.

Ең үлкендері Сұңғат:

– Анам енді үшеумізге бірдей ұрсып, жазалайды. Сондықтан біріміз ғана мойындап, дүрені оңаша тартайық, – деп ақыл тастады.

– Сұңғат, өзің айтшы, сонда қайсымыз мойындауға тиістіміз? – деп сұрады Зергүл.



– Зергүл, егер де сені кінәлі деп есептесек, сен кішкентайсың, анам ашумен қатты ұрысуы мүмкін. Сен сөз көтермейсің.

– Онда Сәлім қиратқан бола қойсын.

– Сәлімді де ұстап беруге болмайды, – деді Сұңғат ойланып тұрып, – ол өзі ауырып жүр. Сондықтан оған жаза тарттыруымыз дұрыс емес.

– Онда, барлығын өз мойнына алуыңа тура келеді ғой, Сұңғат, ойлан, – деді Сәлім.

– Солай істемесек, болмайды, – деп сөзін жалғастырды Сұңғат, – менің жеке мойындауым шарт. Әйтпесе, анамның сенбеуі мүмкін.

Үш бауыр осыған келісті.

Кештете жұмыстан аналары келді. Балалары шәйді қайнатып, даярлап қойған.

Кішкентай көмекшілерінің шайын ішіп, аналарының қабағы жадырады.

– Картопты да жақсы қуырған екенсіңдер, – деп мақтады.

– Анашым, еденді де жуып қойдық, – деді Зергүл.

– Дүкеннен қаймақ, сүт әкелдік, – деп мақтанды Сәлім.

Аналары үй ішінің ана-мынасын жинастырды. Сұңғат пен Сәлімнің сабағын тексерді. Күнделіктерін қарап, бағаларына риза болып, қолын қойды. Төсегін салып, жатуға ыңғайланды. Бұл кезде балалар да өз төсектерін жайып, «Қылмысымызды анамыз қашан байқар екен, қатты ренжитін болды ғой», – деп ойлап, жата қоймай жүргенді.

Аналары қоңырауына қояйын деп сағатты қолына алды. Қирағанын көріп, шошып кетті.

– Мынаны қайсың сындырып тастадың? Мойындаңдар, – деп өктем, ашулы сөйледі.

– Анашым, қиратқан менмін, – деді Зергүл.

– Құлатып алған менмін, – деді Сәлім.

– Анашым, ол екеуі де емес, сөрени қозғап жіберіп, сағатты еденге түсіріп жіберген мен едім. Мені ғана жазалаңыз! – деп Сұңғат «қандай үкім шығарсаңыз да, әзірмін» деген кісіше анасының алдына келіп, қасқайып тұрды.

– Үшеуің бірдей шындықты айтып, қателіктеріңді мойындап, айыпқа мойынсұнып тұрсыңдар. «Өзі ұсынған басты қылыш кеспейді» деген бар емес пе, ендеше бүгін ренжімеймін.

– Анашым, мен сіз жұмыстан кешікпесін деп Сағидың қоңыраулы сағатын сұрап әкеліп қойдым. Өзіңіз тұратын уақытқа қойып алыңыз, – деп Сұңғат екінші бөлмеден сағатты алып келіп, анасына берді.

– Анашым, ертең сағат жөндеушіге өзіміздің сағатты апарып беремін, – деді Сәлім, «уһ» деп бір тыныс алғандай.





– Анашым, Сәліммен бірге сағатшыға мен де барамын, – деп Зергүл анасын құшақтай алды.



- Неліктен ағайынды бауырлар кінәні әрқайсысы өз мойнына алуға тырысты?
- Бауырмалдық дегенді қалай түсінесіңдер?
- Бауырмалдық пен мейірімділік қандай ізгі қасиеттердің негізінде туындайды?
- Өзгелерге деген ізгі ниеттерің мен жылы лебіздеріңді қалай білдіресіңдер?
- Өзгелердің қамқорлығына бөленіп, мейірімін сезінгенде қандай күйде боласыңдар? Әңгімелеп беріңдер.



4-тапсырма. Төменде берілген өлеңді оқып, жақсылық жөнінде түйген ойларыңды сыныптастарыңның пікірімен салыстырып, қорытынды жасаңдар.

Жақсылық туралы жыр

Фариза Оңғарсынова

Ей, жарық күн, нұрынды шаш далама, Шаш нұрынды қарттарға, жас балаға, Бізғар сіңген жеріме шуақ керек, Мұқтаж оған ауыл да, астана да. Сәулеңменен себеле үміт демін, Жер бетінен жылысын күдіктерім. Адамдардың сатқындық, сұмдығынан Қалжыраған жерімді жібiт менің. Күңгірттенбей, көтерсін шыңым басын, Қарттарымның ұзартқын ғұмыр жасын.	Қорқыныш пен үрей жүр кеуделерде, Қу бәрін де – соңына бұрылмасын! Кетсін тағы шарықтап алысқа үнім, Қонақтасын ырыс пен табыс күнім. Ұл-қыздары көтерсін қол ұстасып Қазағымның елдік пен намыс туын. Жарқырасын шуақ боп алғашқы үміт, Жүректерді жүрекпен жалғастырып. Адамзатқа бірлік бер, тыныштық бер – Бiнтымақтан туындар бар жақсылық!
---	---

5-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып, сұрақтарға жауап беріңдер.

Әдеп

Төлеген Қажыбаев

Арман мен Аян қаланың ортасындағы бесқабатты үйде тұрады. Екеуі де екінші сыныпта оқиды. Бір мектепте оқитындықтан жолдары да бір. Бүгін автобустың алдындағы орындығына жайғасқан екеуі мектепке келе жатты. Бір аялдамадан соң алдыңғы есіктен қолындағы сөмкесін әзер көтеріп бір әжей кірді. Аян әжейдің қасына келіп:

– Әже, мына орынға отырыңыз, – деді.

Арман болса қарт адамды көрмегенсіп, автобус терезесін өрнектеген қырауды саусағымен шимайлап, теріс қараған күйі отыра берді. Екі аялдамадан кейін әжей орнынан тұрып, түсуге ыңғайланды да, сөмкесінен екі алма алып, Аянға ұсынды.

– Мә, қалқам, ала ғой.

– О, не дегеніңіз, рақмет, әже!



– Алманы орын ұсынғаның үшін беріп тұрғаным жоқ. Әдептілігіңе сүйсінген алғысым ғой, – деді әжей Аянға күлімдеп қарап.

Аян мен Арман автобустан түсіп, мектепке бет алды. Аян алманы жеп келе жатып, төңірегіне көңілдене қарайды. Арман қолындағы алманы бірер тістегені болмаса, тұтас жеп қоюға қысылып келеді.

- Арман не себептен қысылып келе жатыр?
- Қоршаған ортаға, айналаға немқұрайдылық танытудың соңы не болмақ?



Адамзат баласының өзіне және өзгелерге жасаған жақсылығынан кейінгі ұрпақ өнеге-үлгі, ғибрат алады. Қоршаған ортаға, айналадағы адамдарға мейірімділікпен қарап, қолыңнан келгенше көмек көрсете алу – адамдықтың белгісі. Жүзінде нұр ойнаған, пейілі кең, жылы жүректі адам әрқашан жақсылыққа жол таба біледі. Кешірімділік, сыпайылық, сезімталдық жақсы адамға ғана жолдас болады. Изеттілік пен инабаттылық та жақсы адамға тән қасиет. Жақсы ниетпен айтылған бір ауыз сөз жүрегіңді тебірентіп, жаныңды жадыратады. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген даналық сөздің мәні де осында.



Мейірімді болайықшы, бауырлар!

Сөзін жазған Серік Қалиев

Әнін жазған Құрманш Маханов

Көктем етіп көркейтсе де маңайын,
Көріп жүрміз өкпешілдің талайын,
Өшігуді қояйықшы өзгеге,
Кешірімді болайықшы, ағайын!

Көк нөсерін көл етсе де жауындар,
Көк пен жерді сел етсе де дауылдар,
Пейілдерді пенделікпен тарылтпай,
Мейірімді болайықшы, бауырлар!

Болашаққа қол ұстасып барайық,
Ақиқаттың ауылын іздеп табайық,
Кішірейіп кетпес ғазиз басымыз,
Кішіпейіл болайықшы, халайық!

Ел болғанмен емеспіз ғой онша көп,
Сонда дағы бөлінумен шаршап ек,
Өзімізге қалайтұғын нәрсені,
Тілейікші өзгеге де болса деп.

Ұлттың қамын жүректермен ұғынып,
Жұрттың жүгін көтерейік жұмылып,
Қаратайық Қыбылаға жүздерді,
Таратайық адамзатқа жылылық!



13-14

АР-ҰЖДАН ЖӘНЕ АБЫРОЙ ТУРАЛЫ



Ар-ұждан алдындағы адалдық – өз қадір-қасиетіңе, ізгі іс-әрекетіңе байланысты.

Әл-Фараби

- Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңдар.



Қара құлып

Сайын Мұратбеков

Біздің үйде сыртын әшекейлеп сырлаған үлкен ала сандық бар. Сандықтың іші неше түрлі кәмпиттерге толы. Бірақ сол сандықтың аузында үлкен кісінің қос жұдырығындай қара құлып тұрады.

Қара құлып мелшиген, тастай суық. Сүйкімсіз құлып. Өзі зілдей ауыр-ақ. Апам ол сандықты тым сирек ашады. Онда да үйге қонақ келе қалғанда дастарқанға жақсы кәмпит салу үшін ашады. Жайшылықта құмартып жүретін кәмпиттерді мен де тек сол уақытта жей аламын.

Бір күні біздің үйге апамның бауыры келді. Ол кісі өзімен бірге Жақан деген баласын да ала келіпті. Жақан менен бірер жас үлкен. Біз мәре-сәре боп, қуанып қалдық. Жақанның келгеніне әсіресе мен қатты қуандым. Апам шай әзірлеп, дереу әлгі сандығын ашты. Оның ішінен тәтті кәмпиттерден уыс-уыс қып алып, дастарқанға салып жатыр. Менің жоғары жағымда сандыққа мойнын соза қарап отырған Жақан:

– Кәмпиттерің көп екен, – деп қояды.

Сол күні түстен кейін Жақан екеуміз үйде оңаша қалдық.

– Кел, кәмпит алып жейік, – деді Жақан.

– Қара құлып ше?

– Пішту, сөз бе сол да! – деп Жақан сирек тістерінің арасынан шырт еткізіп қойды. – Кәне, маған шеге тауып берші.

Мен оған құлыпты бұзуға болмайтынын айтып едім, ол:

– Әй, өзіңнің кәмпит жегің келе ме? – деді.

– Иә.

– Ендеше, неге тұрсың? Бар, тез бірдене әкел.

Мен жүгіріп барып, қорадан шеге алып келдім. Жақан тағы да шырт еткізіп түкіріп қойып:

– Қазір сенің қара құлпыңды... – деді де, шегені құлыптың тесігіне салып жіберіп, бұралақтатып айналдыра бастады. Мен оның бұл о жарлығына қайран қалып қарап тұрмын.

Қара құлып, өзі зілдей ауыр құлып... Мәссаған, ашылды да кетті... Ала сандықтың ішіндегі орау-орау кәмпиттерге Жақан екеуміз қойын-қонышымызды толтырып алдық та, зытып тұрдық.



Кешкісін апам қабағы түсіп, бізді жабырқау қарсы алды. Бірақ ұрыспады. Қара құлып, өзі зілдей ауыр құлып, ала сандықтың үстінде жатыр.

- Апа, сандықтың аузын неге жаппайсың? – дедім мен бірде шыдай алмай.
- Жауып қайтем, бәрібір сен құлыпты ашуды үйреніп алдың ғой, – деді апам.
- Ақылың бар болса, кәмпитті сұрап жерсің, ақылың жоқ болса, ұрлап жей бер.

Мен не дерімді білмей, ұялып төмен қарадым. Содан былай ала сандықтың аузына құлып салынбайтын болды. Ал мен апамның рұқсатынсыз кәмпит алмайтын болдым. Енді бір күні қара құлып ешкімге керексіз болып, қораның бұрышында жатыр екен.



- Неліктен бала анасының сөздерінен ұялды?
- Болған оқиғадан бала өзіне қандай өмірлік сабақ алды деп ойлайсындар?
- Абай атамның «Пайда ойлама – ар ойла» деген сөзін қалай түсінесіңдер?
- Адамның бойындағы қандай қасиеттері оны абырой биігіне көтеріп, дұрыс әрекетке жетелейді? Неліктен?
- Кейіпкер баланың орнында болсаңдар қандай әрекет жасар едіңдер? Әңгімелеп беріңдер.



1-тапсырма. Берілген тұжырымдарды мұқият оқып, мән-мағынасын түсіндіріңдер.

М. Әуезов: «Ар жазасы – бар жазадан ауыр жаза».

У. Шекспир: «Ар-ұжданым – менің өмірім, екеуінің тамыры бір. Арымнан айырылсам, өмірімнің де біткені».

М. Моцарт: «Өмірімде ар-ұжданды жоғары бағалағандықтан да, тәуелсіз әрі қайсар жан болған шығармын».

2-тапсырма. Төменде берілген жағдаятты мұқият оқып, сұрақтарға жауап беріңдер.

Әкесінің әлденені есептеп, жазып отырғанын көрген Асан есімді бала өз бөлмесіне жүгіріп кеп, ойына алған нәрсені орындауға кіріседі. Анасына көрсеткен азын-аулақ көмегі үшін ақша сұрамақшы болады. Келесі күні анасы ас үйдегі үстелдің үстінен бір қағаз тауып алады. Ондағы жазу мынау екен:

«Анасының ұлы Асанға қарызы:

- дүкеннен сөмке тасығаны үшін – 50 теңге;
 - хаттарды поштаға салғаны үшін – 30 теңге;
 - жақсы бала болғаны үшін – 150 теңге;
 - гүлдерге су құйғаны үшін – 50 теңге;
 - барлығы – 280 теңге».
- *Асанның бұл әрекетін қалай бағалар едіңдер?*

Анасы үстелдің үстіне 280 теңге қалдырып кетеді. Кешке Асан ақшаны көргенде қатты қуанады. Алайда ақшаның жанында тағы бір қағаз жатқан еді.



Онда былай деп жазылыпты:

«Асанның анасына қарызы:

- үйде өткізген 10 жыл бақытты өмірі үшін – ештеңе;
- 10 жыл ішінде ішіп-жегені үшін – ештеңе;
- ауырған кездегі бағым-күтімі үшін – ештеңе;
- жақсы ана болғаны үшін – ештеңе;
- барлығы – ештеңе».

- Қағазды оқыған Асан қандай күйде болды деп ойлайсыңдар?
- Бұл жағдаяттан өздеріңе қандай сабақ алдыңдар?

3-тапсырма. «Ақылды болсаң, арыңды сақта» тақырыбында эссе жазыңдар.



Арлылық – адам бойындағы ең асыл қасиеттің бірі. Арлы кісі – ұят, иба, намыс, қанағат, әдеп, шүкіршілік секілді бірқатар игі қасиеттерді бойына жинақтай білген мол парасат егесі. Қазақ халқы – талайлы тағдырында сан түрлі қиындықтарды бастан кешсе де, арына дақ түсірмеген текті халық. Ата-бабаларымыз ар тазалығына өткір сынмен қараған. Ел ішінде кең тараған «Мал сақтама, ар сақта», «Ердің құны бір ділдә, абыройы мың ділдә», «Ар – иманның жолдасы», «Ақылың болса, арыңды сақта, ар-ұят керек әр уақытта» деген нақыл сөздер соның белгісі.



Бір билеттің кесірі

Құрманбай Тольбаев

Әуезов аялдмасынан газет алып, трамвайға міндім. Кіре берісте отырған көк галстук таққан бала мені көре салып, орнынан ұшып тұрып, қолтығымнан сүйеп, орнына алып барып отырғызды. Қалтамнан тиын ақша шығарып бердім. Әлгі көк галстукты бала оны ақша құтысына салып, билет жыртып әкеліп берді. Қандай көп жасағыр бала еді өзі! Іші-бауырыма кіріп лыпып тұр.

Кішкене билет көбелектей ойнақшып қолда тұрмайды. Билетім қолымнан ұшып кетіп, әуре қылып жүрер деп, ұқыптап қалтама салып қойдым. Жайласып отырып айналама көз қиығын салдым. Көнениң көзі мен сияқты шалдар бірен-саран ғана екен. Жан-жағым жайнаған жастар... Біраз жүрген соң билет тексеру басталды. «Билетім қалтамда, түсіп қалар дейтін қалтам тесік емес. Жақындаған соң-ақ жарқ еткізіп бере салармын», – деп қаннен-қаперсізбін.

Ауыз айтып жиғанша: «Азамат! Билетіңізді көрсетіңіз», – деп, билет тексеруші әйел келіп-ақ қалғаны. Жалма-жан кідіртпей алып бере қояйын деп, қалтама қолымды салдым. Іздеген билетім қолыма іліне қоймады. Қалтамның қатпар-қатпарын, жапсар-жапсарын саусағымның ұшымен сипалап тінгіп, қалбалақтап қарап жатырмын. Қолыма жөпелдемде тағы ештеңе ілінбеді.

– Азамат! Билетіңізді таппасаңыз, билетсіз қоян ретінде жүргеніңіз үшін айыппұл төлейсіз, – деп, билет тексеруші әйел катулы қабағымен түйіле бір қарап,



қасымнан ызғарын шашып өте шықты. Мен енді анау-мынау қозы сыйып кететін қалтамның бұрыш-бұрышын, тігіс-тігісін тырнай-қырнай сүзіп, шындап қарауға кірістім. Билет жоқ. Қызарып, қысылайын дедім. Алда-жалда таба алмаған күнде билет алғанымды көрген, бірге мінген бірер жолаушы отырған жоқ па екен, куәлікке тартайын деп жан-жағымға жаутаңдай қараймын. Көзіме жүзі таныс ешкім түсе қоймады. Бәрі жаңа жолаушылар.

Билет тексеруші әйел вагонның басына барып қайтып оралды. «Билеті жоқ» жалғыз мен ғана болып шықтым. Ұялып, бетімнің оты шығып, өліп барам. Сақалым сапсып, мына жас жарандардың алдында кәрі аталардың арын кірлеп, нұқсан келтіретін болдым-ау деймін, құтым қашып қуарып. Көзіне көрсетпесең, алдым дегенге сене ме, бұл қасарысқан әйел...

– Азамат! Билетіңізді таптыңыз ба? – деді ол қасыма бұрылып жақын келіп. Ар-ұяты қайда екен бұл ақсақал азаматтың дегендей, кейісті, ызғарлы көзімен бетіме қадала қарады. Суық назары сүнгідей ар жақ, бер жағымнан өтіп кетті.

Жан алқымға таянып қысылғаным сонша, тер онан да, мұнан да кетті. Бірақ билетті табам деген үміт әлі үзілген жоқ. Екі қолым тыныш таппай, қойны-қоншымды ақтара қарап тінтудемін. Пальтомның қалтасы былай тұрсын, сасқанымнан ішкі камзолымның жан қалтасын, омырау қалтасын, қойын қалтасын да қалдырмай айналдырып қарап шықтым. Билеттен тіпті дерек жоқ.

Билет тексеруші әйел әзірейілдей қадалып алдымда тұр. Қасарып кетер емес.

Менің жазықсыз жауапқа тартылып, қысылып, жан терге түсіп, қажығанымды байқап отырған кейбір ересек адамдар шыдай алмай ара түсіп: «Көріп, сезіп отырмыз, бұл кісі билет алмайтын бейәдеп, жүгенсіз қулар сияқты емес, жаңылыс қолынан түсіріп алған болар. Оның үшін жан алғыштай осынша қинау неме керек», – деп дауыс көтеріп арашалап, уәж айтты.

Дәл сол мезетте аялдамадағы дүңгіршектен газет сатып алғаным, осы трамвайға мінерде тұрт бүктеп қалтама салғаным есіме сап ете қалды. Әлгі қу билетті қалтамнан алып берем дегенде, газетті алып, оң тақымымның¹⁴ астына басқан екем. Ол сасып жүріп есімнен тарс шығып кетіпті. Қалтама салған билетім сол газеттің арасына түсіп кеткен екен. Газетті тақымымның астынан суырып алып, жайып жіберсем, ішінен мені жазықсыз күнәға батырған қу, сотанақ билетім алдыма ұшып түсті. Қуанып есімнің шыққаны сонша, билетті алдымда тұрған тексеруші әйелге бермей, қалтама салыппын.

– Билетіңді анау тексеруші әйелге бер! Билет алмайтын абыройсыз кісіні көрсін ол көзімен! – деп, әлгі жанашыр ересектер намысымды жыртып шу ете түсті. Есімді жиып, билетімді қалтамнан алып, ұялып қып-қызыл болып кетіп бара жатқан әйелді шақырып алып, қолына беріп:

– Қарағым, мына билетті алып, өз көзіңмен көр! Билеті бар екен деп мына жұртқа айт! Мені ақ сақалыма жағылған қара күйеден құтқар! – деп жатырмын. Тексеруші әйел билетімді көрді де, өзін айыпты санағандай, менің бетіме қарай алмай, төмен қараған бойы трамвайдан секіріп түсіп кетті.

¹⁴ Тізенің астыңғы, ішкі жағы



Мен сонда барып «уһ» деп есімді жиып, қалтамнан орамалымды алып, бетімді сұрттім. Жұрт бетіне қарап, адамдық қалпыма түстім. Бір билеттің кесірі менің абыройымды төгіп, қырымды сындырып, кісіліктен шығара жаздады. «Өлімнен ұят күшті» деп халық осындай бір орайды өлшеп айтқан екен ғой!



- Жолаушы қария неліктен билетінің табылмағанына қатты абыржыды?
- Абырой дегенді қалай түсінесіңдер?
- «Ұят жүрген жерде абырой төгілмейді» деген нақылдың мәні неде?
- Өмірде адам абыройға қалай қол жеткізеді? Мысал келтіріңдер.
- Күнделікті өмірде абыройларына нұқсан келмеуін қаншалықты қадағалап жүресіңдер? Әңгімелеп беріңдер.



4-тапсырма. Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, абыройлы адамға мінездеме беріп, оның портретін жасаңдар.

Туісті сөздер мен сөз тіркестері: ар-ұят, намыс, ізгілік, адалдық, әділдік, шыншылдық, бедел, ізеттілік, азаматтық, көрегендік, көпшілдік, қадір-қасиет.

5-тапсырма. Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңінен үзіндіні оқып, ар-ұят, адалдық туралы түйген ойларыңды сыныптастарыңның пікірімен салыстырып, қорытынды жасаңдар.

*Ақылды сол – нысап пен ар сақтайды,
Арсыз сол – арамдықпен жан сақтайды.
Адал сол – таза еңбекпен күнін көріп,
Жаны үшін адамшылық ар сатпайды.*

6-тапсырма. Төмендегі жағдаяттарды жалғастырып, шешімін табыңдар. Жауаптарыңды негіздеп, түсіндіріңдер.

1-жағдаят

Сен аялдамада тұрсың. Адам көп. Автобус келіп тоқтады, адамдардың барлығы мінуге асықты. Сен де. Есік алдында қысым пайда болды. Сен автобустың ішіне кіріп үлгердің, сол сәтте сенің дәл артыңдағы адамның аяғы тайып, құлайды. Сенің әрекетің...

2-жағдаят

Сенің көршіңнің отбасында емізулі жас сәби бар. Сәбидің әкесі іссапарда, анасы қатты науқастанып жатыр. Саған дүкенге барып, баланың арнайы тағамын әкеліп беруді өтінді. Алайда саған шұғыл түрде сабаққа бару керек, күрделі бақылау жұмысын тапсыру қажет. Сенің әрекетің...

3-жағдаят

Сен базардан тіс пастасын сатып алдың. Сатушы шатасып үлкен қораптың ішінен 100 мл пастаны алып саған ұсынды. Алайда сен 75 мл пастаға ақша төлеген едің. Сенің әрекетің...



Абырой – адам бойындағы ең асыл құндылықтардың бірі, ар-ұят, бедел, құрмет, қадір-қасиет ұғымдарының жиынтығы, адамның кісілік келбеті, адамгершіліктің тірегі.

Абырой – ар-намыстың тазалығы және адамгершілік, еңбек, шығармашылық қызмет арқылы көпшілік тарапынан сый-құрметке ие ететін адамның қадір-қасиеті, қоғамдық бейнесі, беделін білдіретін іргелі¹⁵ ұғым.

Абырой қаншалықты биік, әрі ұзақ уақыт бойы тірнектеп жиналғанымен, бір сәтте ғана, сын сағатта шалыс басқан қадамнан оған кесір келуі мүмкін. Сондықтан да ел арасында берілетін батада «Абыройлы бол!» деген қағида орын алған.

Қазақ баласы үшін абыройдан айырылудан асқан жаза жоқ. Халық «абыройыңды жасыңнан сақта» деп ұдайы ескертеді, елдің абыройын қорғаған күрескерлерді құрметпен ардақтайды, олардың өнегелерін жыр-аңыз етіп, мұрат тұтады.



Өмір жайлы

*Сөзін жазған Ринат Зайытов
Әнін жазған Лияс Әбдіразақов*

Бірде жанып шоқтай, бірде сөнеміз.
Бірде құлдай мұңның, бірде төгеміз.
Бүгін досты ертең дұшпан көреміз.
Өзгереміз осы, күнде неге біз?!

Қайырмасы:

Өтеді өтпелі замандар,
Бәріңнің де бір-бір налың бар.
Жүректің айнасын кірлетпей,
Адал болайықшы, адамдар!

Жақынымыз өссе, ұната алмаймыз.
Қолдан келсе, жардан құлатардаймыз.
Тәкәшпар болуды тура таңдаймыз.
Жылатамыз, бірақ жұбата алмаймыз.

Қайырмасы.

¹⁵ Негізі мықты, тұрақты



15-16

АДАМДЫҚ БОРЫШЫҢ



Адамның ең биік жетістігі – адамдық борышты атқару.

Нельсон Мандела

- *Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңдар.*



Серттессең – сөзіңе түр

Мұхтар Құрманалин

Әділбектің ағасы әскерден оралды. Онда ол екі жыл шекарашы болған. Үстінде әскери киім, иығында погон, омырауында бірнеше значок, белінде жалпақ белбеу – соқталдай жігіт. Әскерде әбден шыныққан екен – денесі шымыр, қимылы ширақ. Ол адымдап жүргенде, әрең ілесіп, жанында желіп отырарсың.

Ағасы Әділбекті сағынған екен. Бірнеше күн қасынан қалдырмады. Балық аулауға ертіп апарды. Атасына шалғымен шөп шабысқанда, бау-бақшаның арам шөбін жұлғанда, жайлаудан құдық қазғанда бірге болды. Әділбек ағасынан әскерде қалай қызмет атқарғанын сұрады. Ағасы шекарашылар өмірінен қызықты әңгімелер айтты.

Бірде ағасы өзен бойындағы бау-бақшаға барғалы жатқанда Әділбекке:

– Сен мектептен шыққан соң тамағыңды іш те, маған кел. Жидек теруге көмектесесің! Жарай ма? – деді.

– Барамын! – деді Әділбек.

Түстен кейін мектептен оралған Әділбек, тамағын ішіп, сәл демалайын деп диванға қисайды. Содан ұйықтап қалғанын ояғанда бір-ақ білді. Бетін салқын сумен жуып, сыртқа шықты. Аулада балалармен теннис ойнады. Сөйткенше, күн де батты.

Ағасы бау-бақшадан кештете оралды. Қолында – бір кәрзеңке жидек. Әділбек жидекті көргенде барып санын бір-ақ соқты. Таңертең ағасына «барамын» деген уәдесі есінен шығып кеткен. Мұндай ұмытшақ болар ма!

Ағасы ештеңе демегесін, Әділбек те үндеген жоқ. Екеуі кешкі тамақтарын ішті. Ағасы газет оқыды, теледидар қарады. Әділбек сабаққа дайындалды.

Бір кезде ағасы Әділбекті бөлмесіне шақырды. «Иә, неге шақырып жатқаны белгілі, қазір ұрсады ғой» деп ойлады ол.

Ағасы Әділбекті жанына отырғызып, алдына бір тәрелке жидек қойды.

– Мынау витамині мол жидек, кел, екеуіміз жейік! – деді.

Әділбек жидекке қысыла-қысыла қол созып, біртіндеп жей бастады.

– Ал, жігітім, манағы уәдең қайда? – деді ағасы тәрелкедегі жидек біткен кезде.

– Ұмытып кетіппін...

– «Ұмытып кетіппін» дейсің бе? Жалқау адамға ең оңай жауап осы... жарайды, уәдеңді ұмытқан екенсің. Сонда сен мені қоса ұмытқан болдың ғой. Солай ма? Адамды ұмытуға бола ма?



Әділбек үндемеді. Үндегенде не десін. Ағасы ойланып отырды да:

– Жасың кәмелетке толып, жігіт болғасын, мен сияқты, сен де әскерге барасың. Сонда ең алдымен «Елімді қорғайтын адал солдат боламын» деп ант бересің. Бүгінгі уәдең – әскерде беретін сол сертіңе дайындық... Уәдеге жеңіл-желпі қарауға болмайды! Осыны жадында сақта! – деді.

Ағасы басқа ештеңе айтқан жоқ. Әділбек: «Берген уәдемді ұмытуымның алды-арты осы болсын» деп іштей бекінді.

Мұны ол жай уәде емес, солдаттың сертіндей сезінді.



- Әділбек ағасының сөздерінен өзіне қандай сабақ алды?
- Уәдеде тұру адам үшін қаншалықты маңызды екен?
- Адамдық борыш дегенді қалай түсінесіңдер?
- Сертке адал болу адам бойындағы қандай құндылықтар мен қасиеттерді арттырады? Қалайша?
- Өздерің берген серттеріңе қаншалықты адалсыңдар? Әңгімелеп беріңдер.



1-тапсырма. Төменде берілген нақыл сөзді «көзқарас – себеп – мысал – қорытындылау» әдісімен талқылап, мәнін түсініп алыңдар.

Өз туған жеріңе деген сүйіспеншілігіңді, ең алдымен, отбасыңа, ауылдастарыңа арнамай тұрып, барша әлемді сүю мүмкін емес.

Мұхтар Шаханов

2-тапсырма. «Менің азаматтық борышым» тақырыбына эссе жазыңдар.

3-тапсырма. Мәтінде берілген Бауыржан Момышұлының бақыт туралы ой-толғамдарын мұқият оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

Бақыт әркімнің өзіне, өмір сүрген ортасына, жағдайға байланысты. «Бақыттымын» деп панданып, аяғын еріне басып жүрген көп кісілердің бақытсыз екенін өздері сезбеген. Тарихта дәулетке, атакқа панданып, мәз болып, өмірін ақымақтықпен өткізгендер аз емес...

Бақыт дегеніміз – өмірді өз орнында, өз қалпында шамасы келгенше үлгілі сүру, адал болу, ұсақшылдықтан, іштарлықтан қашық болу. Мұршасы, әлі жеткенінше өз заманын түсіне білу, өз қоғамымен бірге алған мақсатқа қопарыла шын көңілімен адал қызмет істей білу.

Өмірде кедір-бұдыр толып жатыр. Олар әр адым сайын ұшырасады. Олардан именбеу, жасқанбау, азаматтық міндетін қоғам алдында адал ақтай білумен білетін бақыт. Өз қамын ойлағандар толып жатыр. Олардың онысы жай әурешілік. Біреу бақытты отан, біреу судан табады. Күйем-ау, тереңге батып кетем-ау деп қорықпастан барады.

Ар-намысты қорғау – бақыттың шыңы. Қиыншылықтармен санаспастан азаматтық міндетті орындап шығу – ол да бақыттың шыңы. Күмәнданып тұрмай, не өлдім, не алдым деп арпалысады. Жеңсең – бақыт.



- Қандай адамды бақытты деп айтуға болады?
- Адам бойындағы қандай құндылықтар оны бақытқа жеткізеді?



Адамдық борыш – адамның өзіне ғана емес, өзгелерге көрсете алатын қызметі. Халқыңа қызмет етсең, сенің білімің мен кісілігіңнің молдығын білдіреді. Халыққа қызмет ету азаматтың кемелденуіне, өрісінің кеңеюіне үлкен әсер етеді. Таза ісімен, адал еңбегімен және әрекетімен көрінетін адамдар болады, олар өзінің ең басты өмір сүру қағидасы өз халқына еңбек ету деп есептейді.



Шелекпен егін суарған бала

Өтебай Тұрманжанов

Біз Ғалым екеуіміз қала сыртындағы көк еккен жерімізге бардық. Бұл жерді жергілікті ел Айсерке деп атайды екен. Айсерке қаладан отыз бес шақырымдай жер. Осында мәдениет ұйымдарында қызмет істейтін қала кісілерінің қауын-қарбыз, картоп, жүгері, бұршақ сияқты дақылдар еккен мөлдектері¹⁶ бар. Олар демалыс күндері келіп осы еккендерін әлпештейді: арам шөбін отайды, суарады. Қала адамдарына бұл – әрі жұмыс, әрі тыныс. Таза ауада бой жазып, суға шомылып аунап-қунап, сергіп қайтады.

Егіс басына келген соң әдетіміз бойынша бүгін де сырт киімдерімізді шешіп тастап, жеңілденіп алып жұмысқа кірісіп кеттік. Осыдан бірнеше күн бұрын суарған жеріміз суын бойына сіңіріп, ширап, қағылдыр¹⁷ тартып қапты. Кішігірім құс көлеңкелейтін болып қалған қауын, қарбыздың айнала түбін кетменшемізбен шапқылап, топырағын босатып, лезде қопсытып тастадық.

Келген бетте тың күшпен жұмысты біраз өндіріп істеп, күн ысып, терлей бастаған соң демалып, сусын іштік. Мұндайда кісі әңгімешіл келеді ғой, өткен-кеткенді әңгіме қып, біраз отырыңқырап та қаппыз. Ыстық бәсең тартқаны байқалды. Біздің шығыс жағымызда мөлдегі бар, он бір-он екідегі орта бойлы кара бала біз келген кезде екі шелекпен егіндігіне су тасып құйып жүрген. Біз шөлдеңкіреп қалған сәбіз, пияз сықылды ұсақ-түйектерін суарып жүрген болар деп, көңіл бөле қойғанымыз жоқ. Ол бала бізден бұрын келіп жұмыс істеп жүрсе де, отырып тыныстаған жоқ. Екі шағын шелекпен суды әлі тасып жүр.

Тынығып, біраз терімізді басып қуаттанып алған соң, Ғалекең егін жаққа кетті де, мен шелекпен су суарған баланың жай-күйін білейін деп қисайып соған бардым. Барсам, бала біз ойлағандай ұсақ-түйек сәбіз, пияз суарып жүрен жоқ, бір тақта жерге еккен картобын шелектеп су тасып суарып жүр екен. Шынында картобы жапырағы қушиып су сұрап, жаутаңдап тұр. Картобының жартысынан көбін суарып үлгірген. Суды белгілі мөлшермен әр картоптың түбіне ғана құйыпты.

– Жүз шелек су тасып құйдым, – деді бала, бетінің моншақтап аққан терін көйлегінің етегімен сүртіп жатып. Бала шаршағанмен, еңбекке деген ықыласы

¹⁶ Бау-бақша егуге арналған шағындау бөлек жер

¹⁷ Құрғақтау, аздап дегдіген



әлі жасымаған, кір шалмаған аппақ тістері ақсып, күлім қағады.

– Қарағым, еңбекқор бала екенсің. Еңбек сүйсең қор болмайсың. Нешінші класта оқитын едің? – дедім.

– Алтыншы класта.

– «Үштігің» жоқ па?

– Жоқ. Бар сабақты «беске» оқып бітірдім, – деді ол байсалды қалыппен.

Дәл дйттеген жерімнен шыққанын қара! Еңбекті жақсы істеген бала – сабақты да жақсы оқиды ғой. Бар нәрсені жебеп жетілдіретін – асыл еңбек емес пе?!

– Балам, шелекпен қанша суарсаң да

егініңнің мейірі қанып іше алмайды. Азабы қанша оның. Мына жақын жерден, даяр арықпен суды айдап келіп, өз құлағыңа бұра қойсаң болғаны, картобың да, қауының да суды сіміре ішіп, дүр сілкініп, жайнап сала береді. «Жеті жауған жауыннан, жүгіріп өткен су артық» деген.

– Ата-ау, анау колхоздың өзі шөлдеп тұрған егінін жанталасып суарып жатқан жоқ па?! Ол көпшілік егіні – халықтікі. Мен өзімнің жеке меншігім үшін суын бұрып алып қойсам, колхоз егіні суарылмай қалады. Оның үстіне мен колхоз сушысынан рұқсатсыз суын қалай жырып алам? Оным әдепсіздік, ұрлық болмай ма?

Біз Ғалекең екеуміз егінімізді кейде қашқан сумен, кейде колхоз егініне ағып жатқан үлкен бас арықтан жырып алып та суара салатынбыз. Шынында мына сөзімен бала біраз жерге алып барып, әжептәуір-ақ қызартып тастады. Үндей алмай тілім күрмеліп, қысылып қалдым.

Баланың сөзіне де, өзіне де мейілінше риза болып, жеңіліп қайттым. Қайтып келген соң: «Сушы балаң не айтады, Өтеке?» – деді Ғалекең, бірдеңені сезіп тұрғандай күлімсіреп.

– Өтіп бара жатқан шал, өсіп келе жатқан жастан жеңіледі ғой, жеңіліп қайттым. Ар жағын сіз сұрамаңыз, мен айтпай-ақ қояйын.

– Өзің сияқты кәріден жеңіліп күлкі болмай, жастан жеңілсеңіз арман жоқ қой, Өтеке-ау... – деп, Ғалекең менің көңілімді аулап, жұбатып жатыр.

Жұмысымызды бітіріп қайтып бара жатып, мен шелекпен су тасып картобын суарған өжет балаға көңіл бұрып, көз қиығын тағы салдым. Ол екі шелегімен дедектеп, сирағы майысып картобына су алып бара жатыр. Еріксіз «аузымен су тасып құйып, гүл өсірген балалар» ертегісі есіме түсті.



- Арықтағы колхоздың суына тимей, шелекпен су тасып егінін суарған баланың әрекетінен қандай ой түйдіңдер?
- Шәкәрім атамның «Жүрегі таза адам ешқашан қиянат жасамайды» деген сөзін қалай түсінесіңдер?

Бар нәрсені жебеп жетілдіретін – асыл еңбек емес пе?!



- Адамның бойындағы қандай қасиеттері оның адамдық болмысын көрсетеді? Мысал келтіріңдер.
- Өзің бау-бақшада, саяжайда жұмыс істеп көрдің бе? Қандай сезімде болдың?



4-тапсырма. Мейірімділік, қамқорлық, татулық, ізеттілік ұғымдарын пайдалана отырып, оқушы мен мұғалім, сатушы мен тұтынушы, әжесі мен немересі арасындағы қарым-қатынас диалогін құрастырыңдар.

5-тапсырма. Берілген жағдаяттарды оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1-жағдаят

Интернатта оқитын Самал мерекелік демалысқа орай ауылға үйіне автобуспен жолға шықпақ болды. Билетті алдын ала сатып алып, автобустың жүрер уақытына бірнеше минут бұрын автобекетке келді. Кассада билет қалмағанын байқады. Қасына бір қарт әжей келіп, одан билетін сатуды жалынып сұрады, себебі сол ауылға жедел баруы тиіс, жақын туысы қатты науқастанып жатыр екен. Егер билетін сатар болса, мейрамға қарсы үйіне бара алмайтынын ойлаған Самал сәл кідіріп қалды.

- Самал қандай шешім қабылдайды деп ойлайсыңдар? Неліктен?

2-жағдаят

Айбек пен Ердәулет бір сыныпта оқитын жақын достар. Екеуі де домбыра үйірмесіне барады. Қазақтың дәстүрлі әндерін сүйіп тыңдайды. Екеуінің де арманы дәстүрлі әндер концертіне барып, халық әндерін жанды дауыста тыңдау болатын. Бір күні аудан орталығында болатын концертке баруға тегін билет берілді. Бірақ жалғыз билет. Сынып үздігі болғандықтан мұғалім билетті Айбекке ұсынды. Оның қуанышында шек болмады. Жабырқап отырған Ердәулеттің қасына келіп, үнсіз ойланып тұрды.

- Айбектің орнында болсаңдар қандай шешім қабылдар едіңдер?

6-тапсырма. Төменде берілген мәтінді мұқият оқып, сұрақтарға жауап беріңдер.

АЛҒЫС

Ділде Матайқызы

Адамның еліне сіңірген еңбегіне, халыққа көрсеткен құрметіне, жасаған ерлігіне, парасаттылығына, басқа да жақсылық істеріне ризашылық білдіру, ізгі ниет, ықылас білдіру алғыс деп аталады. Бата-тілек те алғысқа жатады. Дәйім ел-жұрттың ризашылығына бөленіп, алғысын алғанға не жетсін?!

Жақсылықтың үлкен-кішісі болмайды, қолыңнан келген жәрдемді аямаған абзал. Көшеде өтіп бара жатқан қарт адамды демеп жіберсең, «Тәңір жарылқасын, мұратыңа жет» деп батасын береді. Алғыстың кейбір түрлері: «Мандайыңа шаң тимесін», «Өркенің өссін», «Қадамыңа гүл бітсін», «Қатарыңның алды бол», «Жұлдызың жансын», «Бағың ашылсын», «Көп жаса», «Тілеуіңді берсін».



Көпті көрген көнекөз қариялар жәбір-жапа көрсе де, қиянатшыл адамды қарғамаған. Керісінше, «Тәңірім оны да оң жолға салсын» деп тілеген. «Жақсылыққа жақсылық – әр адамның ісі, жамандыққа жақсылық – ер адамның ісі» деген халық даналығы осындайда айтылған. «Таспен ұрғанды аспен ұр» дейді одан қалса. Мұның барлығы да тәлім, тәрбие...

- «Жақсылыққа жақсылық – әр адамның ісі, жамандыққа жақсылық – ер адамның ісі» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Басқаларға жақсылық жасаған кезде қандай сезімде боласыңдар? Әңгімелеп беріңдер.



Адамдықтың бір өлшемі – бұл мейірімділік. Мейірімділік – басқалардың игілігі үшін қамқор болу. Мейірімділік адамдармен, жануарлармен, табиғатпен қарым-қатынаста байқалады. Шынайы мейірімді болу – өзіннен гөрі адамдар мен айналаны қоршағандарға қамқор болу дегенді білдіреді. Ол рақымшылдық¹⁸ пен аяушылық.

Мейірімді кісі әрқашан басқаларға көмекке келіп, әр кез жақсылық жасағысы келіп тұрады. Әрбір адам жүрегін ізгілендіріп, нұrlандыру арқылы адамшылық, мейірбандық қасиетті бойына сіңіріп, барлық адам баласын «өз бауырым» деп қабылдауы керек.



Перзент парызы

Сөзін жазған Жарылқасын Дәулет

Әнін жазған Бауыржан Есебаев

Қандай шаттық сыйласам екен,
Әлем нұрын жинасам бе екен?
Ұл-қыздарың жаныңда,
Ай-күн алақаныңда,
Алтын тойың қанат қағуда.

Ұл өсірдім сендерге қарап,
Қыз өсірдім тұлымын¹⁹ тарап.
Менің ғазиз мекенім,
Сенен үлгі етемін
Қартаюдың өнер екенін.

Қайырмасы:

Шашылайын шұғылаң болып,
Шырқа көңіл бүгін ән болып.
Аман есен жүрсеңдер екен,
Бет түзейтін құбылам болып.

Ақ қыраудай шашыңды көрем,
Басын иген ғасырды көрем.
Бәрі сенің жеңісің,
Бәрі сенің жемісің.
Ұрпағыңа бақыт кеңісін.

¹⁸ Қайырымы молдық, мейірімділік

¹⁹ Жас баланың шекесінен, шүйдесінен ырым үшін қалдырып қойған тұлымшақ шаш



БІЛІМДІ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТІЛЕУ

1-тест

Адам бойындағы қандай қасиеттер оның жеке басын сыйлы етеді?

- а) Адалдығы, жоғары мәдениеттілігі мен ізеттілігі.*
- ә) Сыртқы тартымдылығы, жарасымды киімі мен сұлу сөздері.*
- б) Көңілді мінезі, әзілкештігі.*

2-тест

Ақкөңіл, қайырымды адамға қандай мінездеме берер едіңдер?

- а) Олар тек өз бастарының мүддесін ғана ойлайды.*
- ә) Олар білімді, ақылды әрі оқымысты.*
- б) Олар жанашыр, кеңпейілді, бауырмал.*

3-тест

«Абырой» ұғымын қалай түсінесің?

- а) Адамның атақ-даңқы, мансабы, лауазымы мен байлығы.*
- ә) Ар-ұят тазалығы, адамдық қадір-қасиеті, кісілік келбеті.*
- б) Білімі, қабілеті мен дарыны.*

4-тест

«Адамдық борышың – халқыңа еңбек қыл» деген ой-тұжырымға көзқарасың қандай?

- а) Өмірге келген соң адам тек өзінің ғана қамын ойлап, өзі үшін еңбектеніп, өзі ғана рахатын татуы тиіс.*
- ә) Әрбір адам өзінің білімі мен қабілетін халқының игілігіне адал жұмсауы тиіс.*
- б) Халыққа қызмет ету – бұл мемлекеттің борышы.*

ІІІ ТАРАУ

АДАМ ЖӘНЕ ӘЛЕМ



«Табиғат – баға жетпес сый» жобасы ІІІ кезең

Жобаның үшінші кезеңі бойынша төмендегі тапсырмаларды орындандар.

1. Ұжым болып табиғатты қорғау шараларын ұйымдастырыңдар. Бұл ағаш отырғызу акциялары, мектеп айналасын тазартып, абаттандыруға байланысты еңбек десанттары, өздерің тұратын жердегі автобус аялдамаларын, демалатын орындарды тазарту сенбіліктеріне қатысу түрінде болуы мүмкін.

Бұл іске ересектерді, атап айтқанда, педагогтерді, ата-аналарың мен көршілеріңді тартуға болады. Жүргізілетін осындай шаралар жөнінде алдын ала хабарландыру жазып, не болмаса басқа жолмен жеткізіңдер.

2. «Менің отбасым – табиғат қорғаушысы» атты отбасылық байқау өткізіңдер. Байқаудың шартын әзірлеңдер және өз сыныптастарыңның отбасылары туған өлке табиғатын қорғауға айтарлықтай қомақты үлес қоса алатын мүмкіндіктерін ескеріңдер.

Сенің өзіңнің отбасы мүшелері бір демалыс күні осы бастаманы қолдап, бұл күнді шығармашылықпен және қоршаған ортаға пайда келтіретіндей етіп өткізсін. Бұл шараның қорытындысы ретінде фотоколлаж, бейнеролик немесе музыкалық бейнебаян даярлауға болады. Өзің және достарың өткізген қайырымдылық шараларын фотосурет және бейнематериалдар арқылы көрсетіңдер.

3. Жобаның үшінші кезеңінде атқарылған іс-шаралардың барысын Жобаның күнделігінде сипаттап жазыңдар.



17-18

ОТБАСЫНЫҢ ЖЫЛУУЫ



Үйінде бақытты адам – әлемде бақытты адам.

Л.Н.Толстой

- *Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңдар.*



Ата-анам – ізгі адамдар

(Үзінді)

Думан Анаиш

Менің анамның аты – Төлеухан. Мейірбан, еңбекқор, жаны таза адам. Бір үйдің жалғызы. Анам нағашыларыма аз-маз ғана ұқсайды. Бойшандығы, қайсарлығы, төзімділігі жағынан тартқанымен мінезі жұмсақ, сәл нәрсеге жанары мөлтілдеп шыға келетін әсершілдігі бар. Әкем «бір жылап алсаңшы» деп әзілдеп отырады.

...«Сайран» автобекетіне бардым. Автобустан кенеп қап арқалаған шешем түсіп келеді. Қапта теңкиген үш домалақ шермиіп тұр. Қарбыз!

– Сен биылғы қарбыздан дәм тата алмай қала ма деп алып келдім, – деді.

Шағантоғай өзенінің шетіне жылда қарбыз егетінбіз. Алматының әр бұрышында таудай үйіп қойып, сатып жатыр емес пе? Несіне әуре болдың? Алайда, мың шақырым жерден қандай бейнетпен әкелгенін сезіп тұрсам да үндемедім. Өйткені, ол – менің шешем!

Анам – кең адам. Қалада пәтерде көшіп-қонып жүрген кезде біздің үйде тұрмаған курстастар, ауылдастар кемде-кем. Жалғыз әйел адамға кейде 10-15 шақты ер-азаматқа тамақ жасау да оңай емес қой. Бірақ, қабағына кірбің алған емес.

Сыйлық деген соң есіме түсіп отыр. Төрт-бес жастағы кезім болса керек. Шешем іс тігіп отырады. Құрақ көрпе ме, әлде киім жамай ма, әйтеуір кеңестік іс мәшинесін сартылдатып айналдырады да отырады. Жанында ойнап жүріп, ой келді.

– Мама, кейін тура осы сияқты үй салып беремін, – дедім.

– Иә, бұйырса, саласың, – деді. Ал мен іс мәшинесінің тұрпаты сынды үйді елестетемін. Мынау астындағы тұғыры жертөле²⁰ болады, оның үстінде ине тұрған діңгегі айналма баспалдақ, ал мәшиненің үстіңгі көлбеу мойнына бөлмелер түседі, – деп қиялдаушы едім...



²⁰ Жеркеле, жербарак, жерден қазған үй



Жалпы, шешемізден дарыған қасиет – сурет салуға икемім бар еді. Бастауыш сыныпта 8 наурыз мерекесіне қағаздан райхан гүлдерін жасап, қызыл-сары бояумен бояп, стақанға тірі гүл сияқты салып қоятынмын. Сосын картоннан жасыл жапырақ жасап, ауылда үстімізге қонса, ұшып кеткенше қызықтайтын қып-қызыл Елтай қоңызының пішінін ішіне мақта салынған шүберектен тігіп, жапыраққа жапсырып сыйлағаным есімде. Бұл – ине қадауға арналған бұйым еді. Кейін еңбек сабағында жасаған ет турағыш тақтайларды сыйладық. Еңбек ете бастағалы, бір-екі шәлі сыйлағанымыз болмаса, құнды сыйлық жасап көрмеппін. Анам елу жасқа толғанында отбасын құрдым. Сонда: «Мен үшін ең үлкен сый – отбасылы болғаның», – деді.

Әкем Нұрланды жалпы жұрт жомарт, ақкөңіл, адамгершілікті, кісілікті жан деп біледі. Өмір бойы балаларының нәпақасы²¹ үшін тер төгіп келеді. Әкемнің әкесі Кәмілжан бай баласы болып, қара күймемен көшіріп алып жүретін, гимназияда оқыған сауатты ұрпақ болып өсіпті. Әкем Дариға есімді қарындасымен нағашыларының қолында өседі. Роза, Майра атты екі қарындасы Алматы облысындағы Жамбыл ауданында болды. «Нәнемнің тізесінде отырып, «Рүстем» дастанын, Батырлар жырын жатқа оқитынмын. Нәнем көзіне жас алып тыңдаушы еді» дейді. Нәнем деп отырғаны – нағашысы Мұстафа деген ақсақал.

«Өзгенің ала жібін аттама, адам баласына жаманшылық келтірме»

Туысқандардың айтуынша, әкеміз төрт жасынан бастап қаріп танып, жыр-дастандарды жатқа оқыған. Шешеден айрылғаннан кейін туған қарындасын арада он бес жылдан аса уақыт өткенде, әскер қатарынан оралғанда ғана көріпті. Туған бауырлардың бір-бірін көрмей өсуі мұңлы ғой...

Ес білгенде үйдегі үлкен айнаның астындағы сөреде «Жұлдыз» журналы тізіліп тұратын. Сондай-ақ көптеген кітаптар, ішінде Ахмет Байтұрсынұлының «Ақ жол» атты кітабы болғаны есімде. Әкем де, шешем де жоғары оқу орнында оқымаса да көкірегі ояу, санасында сәулесі бар азаматтар. Осы деңгей буа ма, әкем ашылмай қалған аралдай көрініп кететіні бар. Нағыз еңбектің қазанында қайнайтын кезі нарықтық жылдарға тап келді. Ұзақ жылдар Жалаңашкөл көмір кенішінде істеген соң, тоқсаныншы жылдар тоқырауы басталып, бизнеспен де, бау-бақшамен де айналысты. Балаларын өсіріп, жетілдіру үшін қолынан келгенін істеді. Ақша табу қиын заман еді ғой. Әсіресе, адалдықты ту еткен адамға. Қалада жүкші болып та істеген кездері бар. Ауылдың маңынан жиырма-отыз шақырым қашықтықта орналасқан Шолпан, Көлқарын, Шағантоғай деген құмдауыт, суармалы жерлерге гектарлап бақша екті. Көктемнің қара суығында жердің тоңын ақтарып, жазында масасына таланып, ойлы-қырлы жермен суды жетектеп, бақша егу де оңай шаруа емес. Бірақ әкемнің бақшасы тап-тұйнақтай таза, жайқалып өсетін. Оның жемісін тұтас ауыл тегін алатын. Әсіресе, қауын-қарбыз піскен шақта бақша басына арбалап, машиналап келетін қонақтар арылмаушы еді. Жаз бойы түптеп, арам шөбін жұлып өсірген картопты ауыл тұрғындарына тегін таратқаны есімде.

²¹ Табыс, ризық



Елдің бәрі базарға шыққанда жүн қабылдады. Мен көмектесемін. Жүн өткізушілердің қулығын біліп алдым. Қанарға нығыздап әкелетін жүнге құм мен су сеуіп қойса, салмағы ауырлай түседі екен. Ақтарып жіберсеңіз, арасынан кірпіш те табылып қалады. Ауыл адамдарын ренжіткісі келмей ме, әкем байқамаған болады. Ақыры, сол жүнді Алматыға апарғанда өзі сатып алған бағаға өткізе алмай, банкрот болды. Содан кейін сауданы қойды.

Жалпы, әкеміз өзін балаларынан жоғары ұстаған жан емес. Ұлдарын серігі санайды. Біз де ойымызды күлбілтелемейміз²², ашық айтамыз. Тәрбие тұрғысынан талаппен қарайды. «Өзгенің ала жібін аттама, адам баласына жаманшылық келтірме» – әкелік сөзі осы. Адалдығы, еңбексүйгіштігі, қанағатшылдығы ұнайды. Кісі алдында өтірік айта алмасақ – әкемізден.



- Ата-ананың бойындағы қандай ізгі қасиеттер ерекше сүйсіндірді?
- Ата-ананың рөлі туралы әңгімелеп беріңдер.
- Автор қандай құндылықты бойына сіңіріп өсті деп ойлайсындар?
- Ата-ана мен Отан алдындағы парызды қалай түсінесіңдер?
- Жүрегі сүйіспеншілікке толы адам болу үшін қандай қасиеттерді өз бойларыңда дамытқыларың келеді? Әңгімелеп беріңдер.



1-тапсырма. Төменде берілген мақал-мәтелдердің жалғасын тауып жазыңдар.

Ата көрген оқ жонар,
 Гүл өссе жердің көркі,
 Балапан ұяда не көрсе,
 Ата-ананың қадірін,

2-тапсырма. Абайдың төменде берілген қарасөздерінен үзінділерді оқып, өз ойларыңды ортаға салыңдар. Бұл сөздердің бүгінгі өмірімізбен байланысы туралы әңгімелеп беріңдер.

- Адамның адамшылдығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.
- Балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады: біріншісі – ата-анадан, екіншісі – ұстаздан, үшіншісі – құрбысынан.

3-тапсырма. Өздерің оқыған кітаптар, көрген фильмдерің бойынша ата-аналарыңның, туыстарыңның арасында берік байланыс орнатудағы жауапкершілік туралы эссе жазыңдар. Тапсырманы үйде дәптерде орындаңдар.



Ұлттың да, мемлекеттің де ұйытқысы – отбасы. Біз әрқайсысымыз бір-бір отбасының өкіліміз. Ұлттың ұлт болып қалыптасуы мен өсу-даму бағыты тікелей ұрпақ тәрбиесіне байланысты. Елімізде отбасы ұғымы абыройлы, асқақ түсінікке айналуы тиіс. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің

²² Жасырып-жабу, бүркемелеу



«Бала ата-ананың тағылымы арқылы өседі» деген ұлағатты сөзін әр отбасы бойтұмарына айналдыруы керек.

Отбасы – ең алғаш баланың қалыптасуына ықпал ететін әлеуметтік орта. Отбасы баланың тұлғалық қасиетіне негіз қалайды. Мәселен, отбасы мүшелерінің мәдени деңгейі баланың түрлі әлеуметтік құндылықтарды игеруіне игі әсерін тигізеді. Отбасының жылуы мен берекесі ананың ақылы мен парасатында. Болашақ ұлт тұлғаларының ұжданы мен келбеті ананың жүрегі мен қан тамырының тазалығында. Отбасы атқарар маңызды шаруаның үлкені – ұлтжанды, елшіл азамат тәрбиелеу.



Менің анам...

Болатбек Мұхтар

Бала кезімде бала болып дұрыс ойнамаған болуым керек, үйдің іргесіндегі сайға түсіп көрмеппін. Жаным тәтті. Өзім қатарлы қара домалақтар жүгіріп түсіп, жүгіріп шығып жүретін жардан қатты қорқамын. Бір күні анам екеуіміз сайға бұзауды байлауға әкелдік. (Жас бұзауды әуелі байлап бағады, үлкейіп, үйренген соң бос қояды). Анам бұзауды басжібінен жетелеп, сайға түсіп жатыр. Мен байғұс биік жарды көріп, жанұшырып тұрмын. Биік жар дегенім қазіргі кішкене ғана сайдың қабағы. Анам: «Қорықпай, қиялап басып түс», – деп жатыр. Мен қалтырап түсе бастағанда, домалап кеттім. Домалаған күйі басымды бір дәу тасқа барып соға тоқтадым. Ол кісі көпке дейін «басың ауырған жоқ па» деп, жиі сұрап жүрді.

Бірде ол кісі ұрадан бірнәрсе алуы керек болды, мен бақадан қатты қорқамын. Сол үшін ұраға түскім келмейді. Сатымен жайлап төменге түсе бастағанда-ақ, қабырғадағы тесіктерден жыбырлаған бірдеңені көріп, атып шықтым. Ақыры болмаған соң, анам жіңішке жасыл сатымен өзі түсе бастады. Бір кезде басқыштардың бірінен соң бірі сынып кетпесі бар ма, абырой болғанда, анам құламай, аяғы сатының төменгі басқышына бір-ақ тірелді. «Ал құлап қалсам қайтер едің» деді маған. Мен әлгі көріністен-ақ мүсәпірлігіме²³ ыза болып, жылап тұрдым...

Жазда мен үшін демалыс болғанымен, ол кісі үшін нағыз қара жұмыс басталатын. Жұмыс емес, таза бейнет екенін кейін сезіндім. Қапырық аптапта бір топ әйел болып, ескі мектеп қабырғасының сылағын қырып түсіріп, майлап, әктеп, сырлап жататын. Үлкен «есекті» әрі жылжытып, бері жылжытып, белінен бел қалмай, мініп-түсіп жататыны есімде. Әттең, ол кезде үлкенге қол ұшын беретіндей жаста болмаппын. Анам да жастау болғанға ұқсайды.

Бала кезімде мені үнемі кесапат²⁴ торуылдағандай²⁵. Бірде екеуіміз бір ауылға бардық. Қазір қарап отырсам, анам бұрын тұрған ауылын, көршілерін сағынып

²³ Мүсәпір болғандық, бейшаралық

²⁴ Бәлелі қырсық, кесір

²⁵ Сырттай анду, бакылау, тору



барған екен. Жақсы бардық, бірақ қайтарда бір аптадай көлік болмады. (Қазіргідей емес, ол кезде ауылда көлік атаулы сирек). Сонымен бір жүк көлігімен жолға шықтық. Жолда шақырайған күн аяқ астынан бұзылып, жаңбыр селдетті. Көлігіміз жолдан тайып, аударылып қала жаздады. Содан басқа көлік ұстадық. Амангелді деген ауылдың жолы жол емес, сазы езіліп жатыр. Әлгі көлік те тұрып қалды. Анам екеуіміз жақын маңдағы бір ауылға жалаңаяқ жүріп келдік. Аяқ киіміміз жыртылып қалды. Көсембай деген ауылға келіп едік, бір келіншек «апа, баяғыда интернатта мені тамақ беріп баққансың» деп, анамды танып, үйіне қондырып, бірнеше күн қонақ етті.

Ал бір қыста Ойылда қатты аяз болды. Әпкемді ертемен бір ауданға олимпиадаға шығарып салмақ болып, екеуіміз келе жатқан едік. Таңертең дала тастай қараңғы екен, автовокзалға жақындап қалған бойымыз еді, бір қуыстан әйел ме, еркек пе, бір кісі шайтандай болып атып шығып, айқайлап, қуа жөнелді. Өмірде қатты қорыққаным осы шығар. Әпкем екеуіміз көктайғаққа тайып жығылсақ та, артымызға қарамай қашып келеміз. Үйге келіп, маманы алып, қайтып шықтық. Барсақ, жаңағы жерде ешкім болмады. Гауһарды шығарып салып, мамам екеуіміз үйге қайтып келсек, құлып аязға қатып қалыпты. Есікті аша алатын емеспіз, тоңып, үсіп барамыз. Анам сүйменді²⁶ алып, құлыпты шынжырымен жұлып тастамағанда, мен шынымен үсіп қалады екенмін. Қыс ауыл өмірі үшін қауіп-қатердің мезгілі сияқты.

Үйім қалаға көшіп кететін жылы мен аудан орталығындағы мектебімді бітіруім керек болды. Туысқан әпкеміздің үйінде жатып оқыдым. Ақыры соңғы қоңырау соғылып, емтихандарыма дайындық басталды. Анам мені емтиханға дұрыс дайындала алмай қалар деп ойлаған болуы керек, ешкімге айтпай, күнге тотығып, дорбасын алып, қаладан ауылға келіп тұр! Екеуіміз бір ағамыздан қалған үйге шығып, сонда уақытша тұрдық. Алматыға кетіп бара жатқанымда, күздің бір топырақ борап тұрған жаман күні еді. Анам күйгелектене²⁷ бастады. Ал мен вокзалға бару үшін досымның мәшинесіне отырып, қолымды бұлғадым да, кете бардым.

Бала кезімде түннің бір уағында ұйқымнан оянып кетіп, мамамды да оятқым келетін. Мен жай ғана ұйқым ашылып кеткен соң, не істерімді білмейтінмін. Сонда нәресте күнімдегі қылығым аздай, бес жасқа келгенше анамның түн ұйқысын бұзатынымды түсінбеппін, мен ақымақ.

Анам жайлы жаза бергім келеді...



- Ананың балаларына деген сүйіспеншілігінің мәні неде деп ойлайсыңдар?
- Ананың тәрбиесі авторға өмірлік сабақ болды ма?
- Адамның бойындағы қандай қасиеттер оны «кемел адам» биігіне жетелейді? Неліктен?
- Қасым Аманжолдың: «Отбасы – бір мемлекет» деген өлең жолын қалай түсінесіңдер?

²⁶ Қатқан жерді, мұзды оятын ұшы бар, ауыр сом темір

²⁷ Жоқтан өзгеге күйіп-пісу, сабырсыздану



- Ата-ананың үмітін ақтау үшін қандай қасиеттерді бойымызға сіңіруіміз керек? Әңгімелеп беріңдер.



4-тапсырма. Төменде берілген өлең шумақтарын оқып, ондағы айтылған ой мен сөз, сый мен құрметтің нәтижелерін (себебі мен салдарын) тауып, айтып беріңдер.

Ата

Ата-үлкен, кәріміз,
Қуат берер дәріміз.
Әулиедей аялап,
Ардақтаймыз бәріміз.

Тәте

Таудай менің талабым,
Айна мен ақ тарағын.
Алып беріп тартпадан,
Тәте көңілін табамын.

Апа

Мейірімді апалар,
Балалар кеп бата алар.
Қалтасына кәмпит сап,
Немереге апарар.

Аға

Қиындықтан қыңбайды,
Атам сөзін тыңдайды.
Жұмсап мені жұмысқа,
Үлкендігін бұлдайды.

Мен

Атам не айтса көнетін,
Апам көңіл бөлемін,
Мен осы үйдің кенжесі,
Бәрі жақсы көретін.

Қуаныш Күзембай

5-тапсырма. Ғабиден Мұстафиннің нақыл сөздерін оқып, отбасы мүшелерінің қандай дұрыс әрекет жасайтынын талдап, отбасылық құндылықтарды тауып, әңгімелеп бер.

1. Анаң – асыл қазынаң, әкең – асқар тау.
2. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады.
3. Бала – өмірдің жалғасы, отбасының жеміс берер гүлі.
4. Балаға сіңірген ата-ана еңбегін бала өмір бойы ақтап бола алмайды. Балаға деген махаббатқа ешбір махаббат теңдесе алмайды, ол өле-өлгенше сусындайтын махаббат.

6-тапсырма. Сара Алпысқызы Назарбаеваның «Өмір әдебі» кітабынан төменде берілген үзіндіні оқып, өз ойыңды ортаға сал.

Ата-ананың қай қайсысы болса да, балалары қабілетті, тапқыр, талантты болып өссе, олар басқа балалардан артық болса деп армандайды. Алайда меніңше, қымбатты достар, бұл туралы емес, бала жақсы Адам болса деп армандау керек. Ол адамдарға пайдалы болып, қоғамға зардап келтірмей пайда әкелетіндей етуі керек.



Сейіт Кенжеахметұлы

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген ата-бабаларымыз балаларына алдымен отбасындағы тәрбие өнегесін үйреткен. Ұлттық салт-дәстүрлеріне елуден астам тәрбие үлгілерін қолданған ата-бабаларымыз әдеп, ырым-тиым, жән-жосық, қалып-қағида ережелерін жасаған. Дана халқымыз «балаңды бес жасқа дейін хандай сыйла, он екі жасқа дейін құлыңдай жұмса, он үш жастан кейін ақылшыңдай кеңес» деп айтқан. Бұрынғылар жастарға сенім артып, оның есеюіне, отаншыл, көпшіл, халықшыл, ұлтжанды болып тәрбиеленуіне мақал-мәтелдер арқылы ықпал еткен. Сол арқылы тәрбие мен тіл қалыптасқан.



Жанұям

*Сөзін жазған Қуаныш Жаманқұлов
Әнін жазған Ғазизхан Шекербеков*

Ой ойлатқан талай-талай өтті күндер алыс,
Міне бүгін біз де үй-жай, ол да біздің парыз.
Өз үйіміз бір отан береке,
Қандай қызық бір қыдырсаң жанұянмен бірге.

Қайырмасы:

Аман болсын ата-анамыз бізді өсіріп баптаған,
Аман жүрсін бауырымыз алыстағы аңсаған.
Берік болсын босағамыз, отауымыз қосылған,
Ең керегі – тату-тәтті болсын менің жанұям.

Жанұяның бір қызығы арадағы бала,
Онсыз үйде болған емес құт-береке сірә.
Жастайымнан еркелетіп өсірген,
Аман болшы, теңдесі жоқ Ата менен Ана!

Қайырмасы:

Аман болсын ата-анамыз бізді өсіріп баптаған,
Аман жүрсін бауырымыз алыстағы аңсаған.
Берік болсын босағамыз, отауымыз қосылған,
Ең керегі – тату-тәтті болсын менің жанұям.



19-20

СЫНЫПТАҒЫ ДОСТЫҚ



Айнымас досы бар адам – ең бақытты адам.

Халық мақалы

- Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңдар.



Аптаның ақырғы күндері

(Үзінді)

Қуаныш Жиенбайұлы

... Сенбідегі сабақтан соң кішкене бой жылытып алайыншы деп темір кереуетті сықырлатып, көрпенің арасына кіріп кеткен Елубай Күнділдәнің әрбір қимыл-әрекетінен көз алмай, тым-тырыс бұйығып жатыр. Қозғалғысы келмейді. Арлы-берлі аунақшып, оны-мұнысын жинастырып, кей-кейде өзімен-өзі сөйлесіп, арасында ыңылдап әндете ме немене, әйтеуір терезенің алдына бір барып, одан оқыс бұрылып, сөмкесіне дүйсенбінің кітаптарын салып, тыпыршып жүрген Күнділдәдан бірнәрсе сұрауға да батылы жетпейді.

– Күнділдә?!

– Ау...

– Үйіңе барған соң бәрін ұмытып, дүйсенбідегі бірінші сабақтан кешігіп қалма!

– Не, не дейсің?!

– Не деуші ем, сабақтан кешікпе деймін.

Әне, көрпенің астынан басын шығармайтыны сол ғой, мұның үлкен кісілерше қамқорсығанын келемеждеп, енді қайтіп сыртқы сылағы түскен балалар үйінің табалдырығынан аттамайтындай, керек десеңіз, екеуінің түннің бір уағына дейін ұйықтамай, дұрысы – ұйықтай алмай, ананы-мынаны айтып, ертеңінде шаршап-шалдығып әрең оянатындығын да еске алмауға тырысып, бірер сағаттан соң жұмақтың ортасына топ етіп түсе қалатындай жүрегі алып-ұшып, аузы-басын қисандатып, Елубайды сыртынан мазақ қып тұрмасына кім кепіл. Одан Елубайдың несі кетеді, тек әйтеуір, әлгі шын жанашырлығын дұрыс түсінсе жарады да. Жасырып-жасқаудың керегі не, Күнділдә математикадан – нөл! Тасбақа жүріске де ілесе алмайды. Ал бірінші токсанның қорытындысы шығар күн таяу. Егер бақылау есептен Елубай көмектеспесе, жағдайының мүлдем тұйыққа тірелетін түрі бар. Көптің алдына шығарып, «Қожанов, амал есепті алып-қосуды қашан үйренесің?» – деп мұғалім екі бүйірін таянып ұрысып жатса, артқы партада отырған Елубай





да қарадай-қарап қиналып бітер еді. Жон арқасы шымырлап, әлгі қорлыққа әзер шыдар еді. Бірақ бұл тұрғанда оның есіне амал есеп жайын қайтіп түсірерсің.

... – Сен білесің бе, менің апам шебер аспазшы ғой, үлкен мейрамханада жұмыс істейді. Түркияда оқыған. Өзінің отбасылық клиенттері бар. Кейде солардың үйлеріне барып та тамақ пісіреді. Бірақ бізді де ұмытпайды... Эх, қазір барамын да бірден тамаққа кірісемін. Бүгін асхананың түстігін әдейі ішпедім. Сондай тәттілер тосып тұрғанда, асқазанды сылдыр сумен сықитып нем бар.

– О-хо, айтасың-ау, менің әжем пісірген бауырсақты жесең ғой.

– Ал біздің үйдегілер тамақты қандай ыдысқа пісіретіндігін білесіңдер ме?

– Қайдан білейік...

– Алтын жалатқан кастрөлге.

Сұңқылдап тұрған бұл кім-ей, Сейілхан-ау шамасы. Алтыншы «а»-ның класкомы. Аздап мақтаншақтығы болмаса, дұрыс бала. Үсті-басын күтіп ұстайды. Елубай ұшып тұра жаздап барып, өз-өзін әзер тежеді: «Сенің алтын жалатқан кастрөлің өзіңе! Бәлкім, оның астына от жағудың да қажеті болмас. Ет салсаң бітті, бұрқ етіп өзі қайнайды. Сейілхан, есінде болсын, ендігі жерде алтын астау туралы ертегіні тіліңнің астына жасыра тұр. Оны үйіңе барған соң айтарсың. Ал бізге қазақтың қара қазанына пісірілген астан асқан дәм жоқ. От так, түсін осыны!» – Елубайдың айтпағы осы еді. Өзін өзгелерден салмақты ұстағанына да іші қылп етіп, ұялғанды. Бірақ онысын сыртқа шығармайды. Әр сөзін нығарлап, шегелеп айтады. Құдды бөлмеге қарт меңгерушінің көшірмесі кіріп келгендей. Балалар да Елубайдың кейде өстіп, ересек кісілерше ақыл айта жөнелетіндігіне таңғалады. Бәлкім кейбірі ұнатпас, шешенсігенді көпшілік ұната қоя ма бүгінде?! Жә, Елубай олармен есептесіп жатпайды. Десе де мынадай қара көлеңке тұмшалаған кешкі уақытта бір үміт сәулесі оң бүйірі жақтан жылт еткен секілді болады. Тым бет шарпатын аса қызулы болмаса да...

– Бізбен бірге Елубай деген бала оқиды.

– Қайдан келген, әке-шешесі кімдер?

– Әке-шешесінің кімдер екенін қайдан білейік, ал өзі сұмдық алғыр. Сабақты да жақсы оқиды. Футбол ойнағанда да алдына жан салмайды. Қайдағы жоқ әдеби кітаптарды да тауып алғыш. Бәріміз бір жылдың төліміз ғой, бірақ оның ой-өрісі, өмірге деген көзқарасы бәріміздікінен биік, бәріміздікінен жоғары. Біздің сөздік қорымыз жұтаң ғой, ал Елубай қай тақырыпқа болмасын желдей еседі.

– Атын кім дедің?

– Елубай.

– Әке-шешесі ақыл тоқтатқан шақта дүниеге келген бала болды-ау шамасы.

Елубай алғыр, өжет бала. Әдеби кітаптарды көп оқиды. Арманшыл болғандықтан болар, оқыған кітаптарындағы кейіпкерлерді үнемі түсінде көреді. Бүгін ғажап бір кітапты оқып жатып, көзі ілініп кетіпті. Тұла бойы балбырап, кейде күйіп-жанып, рақат күй кешеді. Ояу ма, ұйқыда ма – белгісіз. Бір жұмақ әлемнің қойнына біртіндеп кіріп бара жатады, кіріп бара жатады. Жан-жағы жап-жарық, жымыңдаған жұлдыздар...



- «Дос», «достық» туралы ойларыңды мәтінмен байланыстырып ортаға салыңдар.
- Достар арасындағы ізгі қарым-қатынасқа кедергі келтірмеу үшін не істеуіміз керек?
- Досқа адал, камқор болу үшін адам бойында қандай қасиеттер болуы тиіс деп ойлайсыңдар?
- Достар арасындағы сенім мен құрмет қайткенде тереңдей түседі? Ол үшін не істеуіміз керек?
- «Досы көппен – сыйлас, досы жоқпен – сырлас» деген сөзді қалай түсінесің? Әңгімелеп бер.



1-тапсырма. Төменде берілген мақалдарды оқып, «дос, достық» туралы ойларыңды эссе түрінде жазып келіңдер.

- Досыңменен дос болғанға шаттан,
Дұшпаныңмен дос болғаннан сақтан.
- Досың мың болса да – аз,
Дұшпаның біреу болса да – көп.
- Ақылсыз достан ақылды дұшпан артық.
- Асы көптің тәні семіреді,
Досы көптің жаны семіреді.
- Жақсы дос ашып айтар,
Жаман дос қосып айтар.

2-тапсырма. Мұқағали Мақатаевтың «Достыққа жүрмін, достыққа жүрмін құмартып...» деген өлең жолын басшылыққа алып, төмендегі рөлдерді қатыстырып сахналау ұйымдастырыңдар.

- Достық (өмірмен байланыстырады).
- Ақкөңіл, ашық-жарқын (мәтіннен жүрекке жылы сөздерді тауып айтады).
- Сұрақ қоюшы (сұрақ қояды).
- Реттеуші (реттеп отырады).

3-тапсырма. Ақын Айтқали Нәріковтің «Достық туралы» өлеңін оқып, ондағы айтылған ойды сыныптастарыңмен талқылаңдар.

Достар! Достар! Мен сендерге қостым үн, Сендер барда жоқ қой менің еш мұңым. Достық болып оралады өзіме, Өздеріңе жасап жүрген достығым. Болса-дағы қазан басқа, от басқа, Жарасады жүрісіміз топтасқан. Бәріміздің мұңаяды жүзіміз, Біріміздің көңіліміз «тоттанса».	Болсын аулақ тоттану мен мұңдану, Одан да біз достық жырын тыңдалық. Жүрегіміз ақ таңменен апталсын, Қалсын шетте қап-қара боп түн налып. Достық деген өлшенбейді безбенмен, Қасиетін ұға алмайды кез келген. Достық деген Қыз Жібектей ару ғой, Төлегенге семсер ұстап, сөз берген!
--	---



Өмірге деген көзқарасы ортақ, дүниетанымы деңгейлес, әрі бір-бірін оңай түсінетін жандар бір-бірімен дос бола алады. Ал оның сақтаушысы – адалдық пен шынайылық. Дос деген – сенің басыңдағы кез келген



жағдайды басқалардан артық түсінетін, яғни өзің сезгендей сезе алатын сенің екінші сыңарың.

Достың үш түрі бар. Жан дос – қуанышта да, қиыншылықта да қасыңнан табылар сенімді серігің. Жан дос қайғыңды да тең бөлісе алады.

Жалған дос – әрқашан қасыңда. Бірақ қиыншылықта емес. Қара басының камын, қарнының тойғанын ойлайтындар. Яғни пайдакүнем.

Виртуалды дос – бұған сенуге де, сенбеуге де болмайды. Қазіргі тілмен айтар болсақ агенттегі дос. Бірі таныс, бірі жат. Бірі ашық, бірі жұмбақ. Бір қызығы, кейде ғаламтор арқылы танысып бақытты өмір кешіп жатқандарды да кездестіріп қаласың.

Дос – биікке жетелейтін, қуанышыңа ортақ, қиындықта демеу болатын жан. «Жігітті досына қарап таны!» деген қазақ пәлсапасы өте орынды айтылған. Бұл ұғым аласармасын десек, әрбір адам дос тұрғысынан да адал міндет атқарғаны абзал. Сонда ғана достықтың құны жоғары болмақ.



Қоңыр күз еді

(Үзінді)



Қалихан Ысқақ

...Сол жылдың күзі еді. Маймұрын Қалматайдың інісі Алматый Алматыдан институт бітіріп келді. Біздің мектепте жоғары кластарға әдебиет пәнінен сабақ берді. Отыздар шамасындағы орта бойлы, арық қара жігіт болатын. Оның мөлдіреген тұнық көзінің тереңінде әлдебір мұң иіріліп жатқандай, биік қабақтың астында мөлиетін де тұратын. Сабырлылығы ма әлде тұйықтығы болар, көп сөйлемейтін. Оқушыларға айғай-ұйғай қаталдығы да жоқ. Сабақты да мейлінше жақсы түсіндіретін. Жалпы, оның қолынан класс журналынан басқа не дәптер, не кітап көрген емеспіз. Күллі әдебиетті жаттап алғандай мүдірмей соғып отыратын.

Неге екенін өзім де білмеймін, алғашқы күннен-ақ Алматый маған қатты ұнап қалды. Оның әрбір сабағын асыға күтіп, әрбір әңгімесін аса бір ләззатпен ұйып тыңдаушы едім. Реті келгенде өзімді көрсеткім кеп, орынды-орынсыз киіп кетіп сұрақ қойып, сабақ сұрай қалса: «Ағай, мен айтайыншы», – деп өндіріп кетей²⁹ беретінмін. Бірақ ол маған төрттен асырып баға қойған емес. Қайсыбір қулар бір күнгі тапсырманы зырылдатып жаттап бес алып жатады. Оларға қарағанда әдебиет жөнінен сауатым көш ілгері сияқты. «Кімнің ішінде алтын жатқанын сезбейсің-ау» деп өзімше Алматыйды сөгіп қоямын.

Бірде Алматый мені сабақ артынан алып қалды. Екінші сменада оқушы едік. Қас қарайып, сағым бұлдырлап кеткен. Есікті қымтап жауып, қасыма келіп отырды. Үн қатпастан иығыма қолын артып қойып, бетіме тесіле ұзақ қарады. Отырып-отырып, әлден уақытта:

– Бала, сен мезгіліңнен бұрын есейіп барасың-ау осы, ә? – деп бірдеңені дүңк еткізді. Оның не айтқысы келіп отырғанын түсінбей қалдым. Мен де оның бетіне кадала қарадым. Қан-сөлсіз ажарында тығылған ашудың да, күлкінің де ізі жоқ еді бұл шақта. Мұңды көздері тақаса алмай, тайып кетті. Тайып кетті де, аяғының

²⁹ Өзінікін құптап орынсыз дауласу, таласу



басына барып бір-ақ тоқтады. Ине жоғалтқандай үңіліп кеп отырды тағы да.

... Алматый орнынан тұрып кетті. Стол қасына барып, класс журналын аударып-төңкеріп, сапырыстыра бастады. Қайтадан маған бұрылды:

– Сен маған өкпелеп жүрген жоқпысың осы?

– Неге?

– Баға үшін.

– Жоқ.

– Дегенмен...

– Жоқ.

– Онда жөн екен. Сен өзінді басқамен салыстырма. Кімнің қандай білігі бар, ол маған бес саусақтай белгілі. Біреу мектеп бітіру үшін оқып жүр. Оған баға керек. Енді біреулер... Мәселен, сен өзің әдебиетші болсам деп армандаймысың? Армандасаң болды. Маған керегі де осы. Осыдан артық баға да жоқ оқушыға берер. «Үш», «төрт» деген сенің әдебиет туралы қазіргі өреңе³⁰ өлшем бола алмайды. Асылы, сүйген жақсы әдебиетті, құмартқан жақсы. Осыны ойладың ба?

– Ол жағын білмеймін.

– Әңгіме жазады дейді ғой сені?

– Оны кім айтты сізге?

– Қомшабай.

– Жазған емеспін.

– Сөйтсе де...

– Жазып көргем жоқ.

– Қай жазушыны жақсы көресің? Кімді көп оқыдың?

– Қолыма түскеннің бәрін оқыдым.

– Мен саған бір қызық кітап берейін, оқып шығамысың?

– Оқып шығайын.

– Ендеше, жүр үйге...

Алматай орнынан көтерілді, дыр еткізіп орындықты серпіп тастап, еңкейіп төсек астынан шегірен³¹ былғарыдан жасалған үлкен чемоданды суырып алды. Қақпағын ашып, қопарыстырып жүріп, мұқабасы сөгілген ескі кітапты столдың үстіне қойды. Латынша «Қазақ тілі» деген жазуы бар екен сыртында. Бұл кітап онша таңсық емес-тін маған. Ескісі түгіл, жаңасын да көргем. «Қалайша ұсынды мұны», – деп ойладым ішімнен. Алматый менің күдігімді бет-жүзімнен-ақ оқи қойған секілді.

– Саған бермек қызық кітабым осы, – деді. – Жоғалтып тастап жүрме. Бір жолдастың тартқан сыйлығы еді. Екінші өтінішім, әкең сұраса да берме, ешбір жанға көрсетпей оқып, білдірмей ғана өзіме қайтар.

– Ұқтың ба?!.

– Ұқтым.

– Ұқсаң, сол.

Мен кітапты қойныма тықтым да, тура мектепке тарттым...

Кітапты олай төңкеріп, былай төңкеріп, қызықты еш нәрсе таба алмадым. Он шақты бетін ақтарып отырып, жай сөйлемнің құрылысынан бастап, құрмалас

³⁰ Адамның білім дәрежесі, ой-өрісі

³¹ Бедері жұмсақ былғары



сөйлемнің түрлеріне дейін біраз мағлұмат алдым. Әрі жалықтырды, әрі таныс дүние: «Мұны несіне берді?» – деп таңдандым. Оныншы беттің аяғындағы сөйлем ортасынан шорт үзіліп, келесі он екінші бет: «Біз елден шыққанда күн де сәскелікке жақындап еді», – деп басталып кетті. Бұл бет басқа парақтарға қарағанда көп жұлымданыпты, сарғайып, желіммен баттасып та қалған. Оқи бастадым: «Ұшпалы сұр бұлттар көшкен керуен сықылды тіркесіп оңтүстікке қарай жылжып ұшып, күннің көзі біртіндеп ашыққа шығып, жылы шырайлы нұрын шаша бастады. ... Біз екеу едік». Тура осылай басталатын. Мен осы күнге дейін жатқа білем мұны. Тіпті жалғыз бұл жер емес, бүкіл әңгімені жатқа білетіндеймін.

Түннің қай уағына дейін отырғаным есімде жоқ. «Өй, өзі де Шұға десе, Шұға еді-ау», – деп әңгімешіге қосыла өкініп қала бергенімді білемін.

Әңгімелердің аты да жоқ, авторы да белгісіз. Қайсысының қай жерден басталып, қай тұстан аяқталатынын аңғару да қиын. Кейде қызықты бір оқиғаның ортасынан тағы да құрып қалғыр құрмаластар киіп кетеді де, адастырып, жалғасы он шақты беттен кейін барып бір-ақ шығады. Жазға салымғы қылтиып келе жатқан көкке қадалған көтерем тоқтыдай, кітаптан бас алмай сүзіліп отырып, теріп отырып, өліп-өшіп отырып оқып шыққаным әлі есімде.

Кітабын Алматыға табыс еттім. Табыс еттім де, көкейімдегі сұрақты қойып қалғаным әлі есімде.

Алматай бұған таңданған жоқ, кітапты қолына алып тұрып:

– Сен Чеховты көп оқыдың ба? – деп сұрады.

– Оқығаным бар.

– Ендеше, бұл әңгімелерді қазақтың Чеховы жазған, – деді.

– Бар ма ол қазір де?

– Ол жағына көзім жетпейді. Кезінде көре жатарсың.

Алматайдың маған бар айтқаны осы.



- Мәтіндегі «Сен өзінді басқамен салыстырма. Кімнің қандай білігі бар, ол маған бес саусақтай белгілі» деген сөзді қалай түсінесіңдер?
- Ұстаз оқушы бойынан қандай қасиетті көре білді деп ойлайсыңдар?
- Қазақтың Чеховы деп кімді, қай жазушыны айтып тұрғанын білесіңдер ме?
- Адам қандай қасиеттері арқылы рухани-адамгершілік биігіне көтеріліп, кемелдікке жете алады? Неліктен?
- Сыныптарыңда ұстаз бен шәкірт арасында осыған ұқсас оқиға болды ма? Әңгімелеп бер.



4-тапсырма. Достарыңның, сыныптастарыңның алдындағы жауапкершіліктерің туралы тізбектеп жазып, пікірлеріңді ортаға салыңдар.

5-тапсырма. Жанбай Өзденбаевтың «Дос» өлеңін оқып, дос, достық туралы ойларыңмен бөлісіндер. Сыныптағы ұлдар мен қыздардың арасындағы достық қарым-қатынастар туралы айтыңдар. Сыныптастарыңның арасында сауалнама жүргізіңдер. Сауалнама нәтижесі бойынша қорытынды шығарыңдар.



Тұрғанымда қысылып
Медет берген достарым.
Өз қайғысын ысырып
Көмек берген достарым.

Сынға түскен кездерде
Сырын бермес достарым.
Қамыққанын өзгеге
Біліндірмес достарым.

Замандастың жеңісін
Көре білген достарым.
Қолындағы жемісін
Бөле жеген достарым.

Жырға сені қосумен
Өтсем деймін досым-ау.
Сыйлас болып досыммен
Өмірімде осынау.

6-тапсырма. Төменде берілген қанатты сөздерді басшылыққа алып, үлкен тұлғалардың достықтары туралы өздерің тапқан ақпараттар негізінде пікірлеріңді ортаға салыңдар.

Міржақып Дулатов: «Дос емес дос сыртынан жамандаған».

Махмұд Қашқари: «Дос адам маңайыңды жұмақ етер».

Әл-Фараби: «Өрге жүзген өнегелі ісімен, таңда адал дос өз теңіңнің ішінен».

Жүсіп Баласағұн: «Көңіліңе қарай – дос таңда, күшіңе қарай – жүк таңда».



«Адал дос алтыннан да қымбат», – дейді халық даналығы. Достық – көңілдің жыры, кәусар бұлағы, өмірдің мәні. Достық – адамдарға шынайы сезім шуағын, көңіл қуатын жеткізетін, бақытқа бөлейтін нәрсе. Достық – бұл мәңгілік қартаймайтын, үнемі гүл болып, нұр болып тұратын жастық шақ! Осы күдіретті күштің әсерінен жасына қарамай көңілі көктемге бөленіп, жаны жарқын жаздың шұғыласындай болса, мұны жастық демей не дейміз? Ал жастық – өзінің жалындаған жігерімен, достыққа деген адалдығымен, азаматтық атқа беріктігімен танылатынын өз табиғатында адамдықтың туын биік ұстағандар жақсы біледі. Достық – адамдар арасындағы шынайы құрмет пен сүйіспеншілік. Оны қастерлеп ардақ тұту - өзінді де, өзгені де сыйлаудың биік өлшемі.



Достар құшағында

*Сөзін жазған Сағи Жиенбаев
Әнін жазған Шәмші Қалдаяқов*

Қасымда бүгін достарым менін,
Құшағым толы қырмызы гүлдер.
Толқиды жаным, аспаным кеңіп,
Арайлы тандар, қызықты күндер.

Келеді көктем, келеді жаздар
Қырларға балғын гүлдерін алып.
Тұрады сәуле көңілде маздап,
Жатса да зулап күндерім ағып.

Қайырмасы:
Кел, жан достарым,
Мен бір ән бастадым.
Шырқайық желпіндіріп тау асқарын.

Аспаным нұрын төгеді көктен,
Күтеді қызық тандарым алда.
Құшағы жалын, көңілі көктем –
Өздерің барда, арманым бар ма?!



21-22

МЕН ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ



*Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ,
Табиғаттың оны айтарға тілі жоқ.*

Қадыр Мырза Әли

- *Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңдар.*



Жайын ілерде

(Үзінді)

Хамза Есенжанов

Мен томпаңдап папамнан қалмай келем. Папам аршындап аяңдайды. Соңында мен барын ұмытып кеткен шығар. Балық жұмысы асығыс жұмыс және алакөбеңнен жиналатын бір қауырт кәсіп қой. Байқаймын: андағы-мұндағы көзге шалынғанша су басына жету керек, сондықтан да бүгін папам сақардан тұрды. Борсаңдап терлей бастадым. Аяқта киіз байпақты етік, баста құлақшын, үстімде күпі³². Жылы киінбесе де болмайды. Мұз үсті суық.

«Ақырын жүрсе етті» деймін ішімнен. Бірақ папама жай жүр деуге батылым бармайды. «Жүре алмасаң, неге ердің», – дей ме деп жасқанам. Әрине, неге ердің деп айтпайды папам. Өйткені мені ертіп жүруді іші жақсы көреді, тек атамнан қорқады. Өйткені мен атам баласымын ғой – өзінің тізесінен басқа жерге отыртпай, папама да сүйгізбей өсірген баласымын ғой. Сондықтан атам мен әжем алдында балам деу түгіл, бетімнен де сүйіп көрген емес. Оңашада ғана сүйеді. Онда да жан-жағына қарап алып өбеді³³ бетімнен.

– Мен де балыққа барамын, әже, – деп қыңқылдай бастадым.

Папам маған қарап жымың етті де, үндеген жоқ, Ал, менің тілегімді екі етпейтін әжем:

– Атаңнан сұра, айналайын. Атаң жіберсе, бара ғой, – деген.

Атам алдымен тамағын бір кенеп алып, ұзынша ақ сақалын салалай түсті. Сөйтті де қыңқылдай бастаған менің маңдайымнан бір сипап өтті; тағы да тамағын кенеді. Ал папам жымың-жымың етеді, бірақ теріс айнала береді.

– Тоңып қаласың ғой, – деді атам, біраздан кейін.

– Ата, тоңбаймын, – деймін еркелеп, сүйкене түсіп.

– Жылымға түсіп кетерсің, қарағым.

– Жоқ, ата, түспеймін, – деймін енді атамның санын құшақтай түсіп.

– Сабағыңнан қалып қоясың.

Оған да жауап таптым:

– Ата, шайға дейін қайтып келемін.

Басымнан бір сипап, маңдайымнан бір сүйіп ақырында атам көнген болатын.

³² Ішіне жабағы салып, сыртын матамен тыстап тіккен қыстық жылы киім

³³ Сүйю, аймалау

– Жарайды, – деген ол ақырын ғана.

Міне, сол ертіп шығуға өзі де құмар папам соңындағы маған бір қарамайды. Жыларман болып келемін, аяғымды жүгіре басамын, жете алмаймын. Киім қалың: күпінің ішінде бешпент³⁴ бар, бешпенттің ішінде түбіт шұлығым. Өзен де алыстап кеткен сияқты. Бұрын жұрт бір шақырым жер деуші еді... Не керек, терлеп-тепшіп, жыларман боп булығып, бір кез жағаға да жеттік. Мен «уһ» деп отыра кеттім.

– Шаршап қалдың ба, балашка, – деді папам маған енді ғана мойын бұрып. – Дем ал.

Мұз үсті айнадай, көкпенбек. Жалтырап жатыр. Өзеннің екі жағасында сылдыраған қамыс бар. Жаздыгүні көк мақпалмен көмкеріп қойғандай еді. Қазір селдіреп ақселеу тартып тұр және құрлыққа шығып қалған. Папам мұзды оймай-ақ үстінен үңіліп қарап, қамыстың арғы көбесін жағалап кетті.

Шыдамадым: белбеуімді шешіп жіберіп, құлақшынымды түріңкіреп алып, мен де мұзға үңілдім. Папам қарап кеткен жерде не бола қойсын, сонда да су астын көзбен тінтіп, тамашалай бастадым. Көз тоқтатып қараңқырасаң айнала жарқырап жатыр: бір жері балдырлы, бір жері ашық, асты түп-тұнық, кей жердің көк сазы да көрініп жатыр. Мұздың қалыңдығы еліден артық болмас – терезенің әйнегі сияқты – арғы жағындағының бәрі қасында тұр.

... Папам шекпеннің етегін қайырып бүркене салып, жылымға³⁵ үңіле қалған. Мен қасына жетіп келгенде ырғағы суға зулап еніп те бара жатты. Мен келіп:

– Папа! – дегенде, ол сазанды іліп алып, ұшып түрегелді.

– Мә, сүйре. Сақ бол, жылымға түсіп кетпе, – деді маған сыбырлап.

Сөйтті де екі аттам жер жүрмей, папам мұзға қайтадан үңілді, балтамен тағы да тықылдата қалды. Мен «Я, сәт!» деймін ішімнен. Бұл жер сазанның жүріп келіп жатқан жері де, жатуға бет алған қонақтар орны болса керек. Папам ырғағын жаңа жылымға тағы зулатты – тағы бір тоқ жонды балық судан сопаң ете қалды.

– Папа, жайын!.. Дәу жайын... тарақ құйрығы етектей, – деп сөзіме шашалып жатырмын.

– Иә, қай жерде?

– Міне, мына жерде... Белгіге биялайымды тастап кеттім...

– Жайын дейсің бе? Тізбектегі сазандарың қайда, біреу сүйреп кеткен жоқ па? – деді.

– Сазан орнында, папа. Мына жайынды ілсең...

– Саспа. Бұйырса, ілерміз оны да.

– Үлкен! Сұмдық үлкен, папа...

– Қарайын, жайын дегенің бақа болып жүрмесін, су астынан ол да көзге дардай көрінеді.

– Ойпырм-ау, дәу дедім ғой. Мұндай жайынды ешкім ілмеген шығар...

– Жарайды, айналайын. Бірақ, жайын сақ келеді, үркіп кетпесін.

Мен еңбектеп жағаға шығып кеттім. Дыбыс бергенім жоқ...

³⁴ Кеудеге киетін астарлы жеңіл сырткіім

³⁵ Өзен мен көл бетінің қыстыгүні қатпай, қабыршақтанып жатқан жері, терең жері, иірім



Папамды жетектегендей ілгері ұмтыла түстім. «Құдай бір жөнін беріп, іліп алсақ жұрт аузын ашар», – деймін ішімнен.

– Ақырын, балашка, ақырын. Жайын сақ келеді, мен өзім қарайын.

Биялай жатқан жерге бір үнілді де, папам менің бетіме қарады. Жүзі жымың еткені өз алдына, басын да шайқап қалды. Бұл, әрине, таң қалғанның белгісі.



- Атасы немересінің балыққа баруына не себепті қарсы болды деп ойлайсыңдар?
- Мәтінде қысқы табиғат көрінісі қалай суреттелген? Өзің тұратын жердің табиғаты қандай?
- Айнала қоршаған ортаны қорғап, сақтап қалуда қандай жалпыадамзаттық құндылықтар көрініс береді?
- Отбасымен немесе достарыңмен табиғат аясына серуенге шығып тұрасың ба? Алған әсерлеріңмен бөліс.
- Қоршаған әлем, табиғатқа риясыз қызмет ету үшін адам бойында қандай қасиеттер болуы керек? Жауабыңды нақты мысалдармен дәйектеп айтып бер.



1-тапсырма. Бізді қоршаған орта туралы мәтінді оқып, адам мен табиғаттың байланысын, ондағы барлығына ортақ дүниені табыңдар.

Бізді қоршаған орта: жан-жануарлар мен өсімдіктер, Жер мен Ай, Күн мен алыстағы жұлдыздар – осылардың барлығы да табиғат деген ауқымды ұғымды білдіреді.

Табиғатта үздіксіз өзгерістер болып жатады. Мысалы, жанартаудың атқылауы, найзағайдың жарқылы, судың мұзға айналуы сияқты құбылыстар табиғаттағы өзгерістерді көрсетеді.

Аспан денелерінің қозғалысы, гүлдердің шешек атуы, ағаштың жайқалып өсуі, өзеннің тасуы немесе көлдердің тартылып суалуы – осылардың барлығы да қоршаған ортадағы өзгерістер.

Әлемде орын алатын сан алуан өзгерістер табиғат құбылыстары деп аталады. Табиғат құбылыстары бір-бірімен тығыз байланысты.

- Табиғат құбылыстарындағы өзгерістердің себебін түсіндіріп беріңдер.
- Табиғатты қорғаудың қандай тиімді жолдарын білесіңдер?

2-тапсырма. Табиғат құбылыстарын жете түсіну үшін «Қоршаған әлем және адамзат баласы» тақырыбында сыныптастар арасында сауалнама жүргізіңдер.

Сауалнама нәтижесі бойынша табиғат пен барлық тіршілік иесінің тығыз қарым-қатынасы мен өзара үйлесімі туралы қорытынды жасаңдар.

3-тапсырма. Атақты суретші Ә.Қастеевтің «Қазақстан тауларында» атты суретін мұқият қарап, табиғат пен жан-жануарлар арасындағы үйлесімділікті әңгімелеп беріңдер.



Қазақстан тауларында. Ә. Қастеев. 1951ж.



Табиғат – адам баласының құтты қонысы, жайлы мекені, ырыс-дәулеті, денсаулығының сенімді серігі. Сондықтан халық оны аялайды, қадір тұтады, күтіп – баптайды.

Адамның екі анасы бар: бірі – туған анасы, екіншісі – табиғат. Табиғаттағы заңдылықтар мен құбылыстар үйлесімді келеді. Табиғат – ұстаз, тәжірибелі тәрбиеші. Адам мейірімділікті, сүйіспеншілікті қайырымдылықты, әдемілікті табиғаттан үйренеді.

Адам табиғатқа мейірімділікпен, сүйіспеншілікпен, қамқорлықпен қарап, үйлесімділік сақтағанда, адамзат баласы үшін табиғат – кең сарай, мәңгі тозбас құтты қоныс болады.



Есею

Серік Үсенұлы

Айдар бірде көкесіне еріп қырдағы әжесіне барды. Мезгіл қар жаңа еріп болған көктем ортасы болатын. Барса, көктеуде қой қоздап, түйе боздап жатыпты. Үйде қозы деген көп екен. Барлығын жиып жылы күркеге қамап қойыпты. Жарыса маңырап, шу-шу етеді. Айдар таңғалды. Ол бұрын мұншама көп қозыны көрмеген еді.

Алғашқы күндері ол қыр өміріне еркін сіңіп кете алмай, әжесінің етегіне жармасып, тосырқап жүрді де, уақыт өте келе көзі қанығып, бойы үйреніп, бірте-бірте ендеп ене бастады. Ал арада апта өткенде барлық жатырқауық сезімнен арылып, түз тіршілігінің айнымаған өз адамы болды да шықты.



Түс ауа қойдан қайтқан Бейсен ағасы бір не екі жас қозы ала келеді. Артында қалмай ерген әлгілердің енесі бар. Бұл – үйге уыз³⁶ келді деген сөз. Әжесі сауып, пісіріп береді. Асқанын суытып, қатырып қояды. Оның дәмі деген енді бал. Ешқашан есіңнен кетпейді. Сөйтіп, қозы көбейгеннің үстіне көбейе берді. Бәрі тегіс құйрықты ақ қозылар. Адам көрсе болды, маңырап қоя береді. Кейін олардың арасына құйрық дегеннен дым жоқ жалғыз қара қозы келіп қосылды.

Қара болғанда қызық өзі, басы ақ, қалған жері қара. Қозы екен деп ойлаған жоқ бастапта. Бейсен ағасы өрістен көтеріп келді де, алдына әкеп қоя салды. Қараса, күнде көріп жүрген қошақандарына онша ұқсамайтын басқа бір мақұлық.

Салпиған ұзын құлағы иегінің тұсына түсіп, сен кімсің дегендей бақырайып қарап тұр. Жүні бұйра екен өзінің. Құйрық атаулыдан түк жоқ. Таңқалды.

– Аға, бұл ненің баласы? – деді аздан соң.

– Бұл қозы ғой, кәдімгі қозы – деді Бейсен ағасы түсіндіріп.

– Қозы болса, онда құйрығы неге жоқ? Өзінің басқа жері қара, басы ақ екен.

– Иә, бұл деген қазақтың ақбас қойының тұқымы. Соған басы ақ, денесі қара. Өңге қозыларға ұқсамайды. Кейін үлкейгенде құйымшағына³⁷ қазандай май бітеді. Құйрық деген сол.

– Мен көтерсем бола ма, аға? – деді сосын қызығып.

– Болады, – деді Бейсен ағасы. – Бұдан былай бұл сенің қозың. Қозыңа жақсы қара.

Бұл сөзге Айдар керемет қуанып кетті. Сәл аялдауға тағат қылмай барды да, жас төлді жерден көтеріп алды. Өзі жеп-жеңіл екен. Сүйкімді болғанда енді тіл жетпестей. Кішкентай тұмсығын қолтығына тығып, түртіп-түртіп қояды. Қытығы қанша келсе де, құшағын босатпады. Өз меншігіне өткен қозысын ешқайда жібергісі келмеді.

Сөйтіп, Айдарға сол күннен бастап жаңа ермек табылды. Ақбас қозымен айырылмастай дос болып кетті. Күнде екеуі таң атқаннан кеш батқанша бірге жүреді. Бірге ойнайды. Тек кешке ұйықтағанда ғана бөлек жатады.

Ертесі екеуі қайта табысады. Қызықты ойын тағы басталады. Сөйтіп өтіп жатқан күндердің бірінде ойдан көкесі келді. Айдарды алып қайтуға келіпті. Кетпеймін дегеніне қоймай, алдына алып кері қайтты. Ақбас қозысын бірге ала кетейін деп еді, оған көнбей қойды. Жас қозыны енесінен айыруға болмайды деп келіспеді. Бәрінен бұрын Айдарды сол қинады. Жеткенше қозысын қимай жылаумен болды. Үйге келген соң да ұмытып кетпей, үнемі еске алып жүрді..

Бір күні шілде айы туды. Айдар тағы әжесіне баратын болды. Бұл жолы көктеуге емес, жайлауға жолы түспек. Сондағы шаттанғанын атама. Талайдан көрмеген әжесін көретінін ойлап бір қуанса, көптен сағынып жүрген ақбас қозысымен қайта табысатынын есіне алып екі маз-мәйрам болды.

Мезгеулі күн туғанда көкесі екеуі атқа мініп, жайлау қайдасың деп тартып отырды. Таң ата аттанғаннан, күн еңкейе әрең жетті. Мама ағашқа тоқтап, түсіп

³⁶ Төлдеген малдың алғашқы күндердегі қоймалжың қою сүті

³⁷ Омыртқаның жамбаспен жалғасқан жеріндегі бөлігі



жатқанда үйден әжесі шықты құшағын жайып. Көре сала Айдар да ұмтылды әжесіне қарай. Барып құшағына енді.

Ішке кіріп, бірге отырып қаймақ жеп, шәй ішкен соң сытылып сыртқа шықты. Ондағы ойы ақбас қозысын көру еді. Үй маңынан мал қарасы көрінбеді.

Көп өтпей Бейсен ағасы келді қашанғысындай жымия күліп. Көтеріп алып бетінен сүйген соң:

– Ана-у жатқан біздің қой. Сен бара бер... Мен ағаға сәлем беріп шығып, артыңнан барамын, – деді таяу жерде жатқан бір қора қойды нұсқап.

– Бейсен аға, менің қозым қайда? – деді Айдар көкейінде тұрған сұрақты қойып.

– Қайсы? – деді Бейсен ағасы алғашында не айтып тұрғанына түсінбей қалып.

– Әлгі ақбас қойдың қозысы ма?

– Иә. Ол қайда?

– Бар. Әзір көрсетем...

Жайылып жатқан қойдың шетіне ілінгендері сол еді.

– Әне, – деді Бейсен ағасы бір үлкен қойды көрсетіп – сенің ақбас қозың – сол.

– Емес! – деді Айдар бұртиып. – Бұл емес.

– Неге емес?

– Менің қозым деген кішкене болатын. Мынау үлкен ғой. Істің жәйін сонда барып түсінген Бейсен ағасы алдымен ішек-сілесі қатып күлді.

– Ей, ақымақ, – деді сонан соң – көктемдегі қозы сен келеді деп үлкеймей тұра ма? Ол баяғыда үлкейіп кеткен. Мына қара тоқты деген сол.

Айдар сенер-сенбесін білмей тосылып тұрып қалды. Іштей көктемдегі кішкентай сүйкімді қозысына жан тартып, қимай тұр.

– Ол неге үлкейіп кетеді? – деді күмілжіп.

– Неге үлкеймейді екен? – деді Бейсен ағасы оған кейіп.

– Бір кезде дүниедегі жан-жануар атаулының бәрі үлкейгенде, қозы үлкеймей ме? Ол емес, сен де үлкейесің ертең... Біраз жылдан кейін дәу жігіт боласың.

– Сен сияқты ма? – деді Айдар мына сөзге қуанып қалып. Өйткені оның үнемі үлкен болғысы келетін.

– Иә. Мен сияқты. Әуелі десең, менен де үлкен...

– Қашан... онда?

– Кейін. Он неше жылдан соң. Адам деген екі-үш айда үлкейіп кететін қозы емес, өте баяу ержетеді.

– Сен бұрын мен сияқты кішкене ме едің?

– Иә. Әуелі сенен де кішкене болатынмын.

Айдар ойланып қалды. Ол өзі үшін үлкен бір жаңалықтың бетін ашқан еді. Соны біліп кәдімгідей қуанып тұр. Ең бастысы, ол өзінің үлкейетініне көзі жетіп мәз еді.



- Айдардың қырға баруының мәні неде деп ойлайсындар?
- Бейсен Айдарға қандай кеңестер берді?
- Айдар көкесімен еріп кетерде қозысын қимауының себебін қалай түсінесіңдер?



- Қоршаған ортаға қызмет ету адам бойындағы қандай қасиеттердің артуына ықпал етеді? Қалайша?
- Баланың ақбас қозыға деген қамқорлығынан жалпыадамзаттық қандай құндылықтар көрінеді?
- Өзің қоршаған әлем дегенді қалай түсінесің және оны қалай қабылдайсың?
- Өзің отбасыңнан алыстап шығып көрдің бе? Әңгімелеп бер.



4-тапсырма. Төменде берілген жағдаяттарды мұқият оқып, шешімін табыңдар.

1-жағдаят

Айдын қаладан келген жақын туысы Айқынға ауылдың көркем табиғатын көрсетпек болып өзен жағасына ертіп барды. Айдынның анасы Айгүл: Ұзап кетпендер, – деп ескерткен болатын. Бірақ Айдын анасының ескертпесін тарс есінен шығарып алды. Айқын мен Айдынның кешіккенінен алаңдап, Айгүл өзі оларды өзен жағасына іздеп барды. Сонда ғана анасының ескертпесі есіне түскен Айдын анасына әлденені түсіндіре бастады. Айдын анасына не туралы айтты?

2-жағдаят

Сыныптастарыңмен табиғат аясына шығып, таза ауамен тыныстадыңдар. Асыр салып ойнадыңдар. Көркем табиғаттың ғажап сұлулығына таңғалып тамсандыңдар. Кенет бір сыныптасың жайқалып өсіп тұрған көп шөпті жұла бастады. Сенің әрекетің...

5-тапсырма. Табиғаттың адамзат өміріндегі орны мен рөлі туралы айналаңдағы адамдардан сауалнама жүргізіп, зерттеу жұмысына қорытынды жасаңдар.

6-тапсырма. Төменде берілген өлеңді оқып, табиғат пен қоршаған әлем туралы өзара пікір алмасу жүргізіндер.

Табиғат, әсемдік төркінісің,
 Ән саламын бір сенің көркің үшін.
 Жан-жануар табынып бір өзіңе,
 Сенен алып тұрғандай бар тынысын.

Жамбыл Жабаев



Адам – табиғаттың ажырамас бөлігі. Сондықтан халқымызда «Жер-Ана» деген егіз ұғым қалыптасқан. Жерді өз Анасындай, Анасын Күндей қастерлеу – Ата қостаған салтымыз. «Жер шоқтығы – Көкшетау», «Жер жаннаты – Жетісу» деп, бабаларымыз туған жерге, табиғатқа деген ыстық махаббатын білдірген. Сондықтан орман-тоғайларды сақтап, қоршаған ортаның, өзен мен көлдердің ластанбауына ерекше мән берген.

Табиғат – жанды құбылыс. Оны таза сақтау арқылы адамзат баласының



ырыс-несібесі артып, өмір сүру дағдысы қалыптасады. Себебі, әрбір тіршілік иесі табиғатқа қарыздар. Сондықтан да біз табиғатты қорғап, оны аялауды болашақ ұрпаққа аманаттауымыз қажет.



Үшқоңыр

Сөзін жазған Нұрсұлтан Назарбаев

Әнін жазған Алтынбек Қоразбаев

Үшқоңыр Алатаудың қойнауында,
Әкемнің ізі қалған жайлауында.
Қасқасу гүр-гүр тасып, гүлі еркелеп,
Арқарың жайылатын аймағында.

Қайырмасы:

Ай, Үшқоңырым, туған жерім,
Рахым нұры тұнған жерім.
Ай, Үшқоңырым, тал бесігім.
Жүрегімде мәңгі есімің.

Бұл жерде тарих сырдың сыбдыры бар,
Бабалар тұлпарының дүбірі бар.
Бұл жерде Жамбыл-«Жәкең» өлең айтқан,
Өнердің, ақындықтың тұғыры бар.

Шындарың Төле бидің қалпағындай,
Жазира жасыл әлем алқабынды-ай.
Жуасы, қарақаты, бүлдіргені,
Әжемнің шекер қосқан талқанындай.

Көрінер сонадайдан анық маған,
Шыңында қырандары қалықтаған.
Самғаған қыранына құмар қылып,
Өсірген ұландарын алып далам.



23-24

ҚОҒАМ ИГІЛІГІ ҮШІН ЕҢБЕК



*Ең әуелі өз-өзіңе адал бол. Өзіңді өзгерте алмасаң,
ешқашан қоғамға әсер ете алмайсың.
Ұлы бітімгердің бәрі – білікті, адал, сыпайы адамдар.*

Нельсон Мандела

- Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңдар.



Кемеңгер немесе Елбасы туралы тебіреніс (Үзінді)

Мырзатай Жолдасбеков

Тәуелсіз Қазақстан елі көш түзеді. Осы Ұлы көшті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бастады. Арғы-бергі заманда осындай ұлан-ғайыр мемлекет орнатып, халқының көңіліндегісін тауып, көкейіндегісін істеген Назарбаевтай кісіні Ұлы даланың тарихы білген емес. Н. Назарбаев ел тізгінін алмағайып³⁸, аумалы-төкпелі, ең қиын кезеңде қолына алды. Тарихтың да, тағдырдың да сынынан абыроймен өтіп, халқын да қыркөпірден, жанып тұрған өрттен аман алып шықты. Тәуелсіздіктің қиын да күрделі жылдары 5 жыл бойы күні-түні қасында болып, терендігін, кемелдігін³⁹ көрдім. Елім дегенде ең дүниеге сыймай талай тебіренгенін, талай ұйқысыз түндер мен тынымсыз күндерді басынан кешіргенін көзіммен көріп, жүрегіммен сездім.

Сын сағатында, алмағайып заманда екі өмір, екі дүние, екі дәуір арпалысқа түскен шақта Назарбаев осындай қадамға барды. Керек десеңіз, бәйгеге басын да тікті. Ештеңеден, ешкімнен қаймыққан жоқ. Қалай барды? Неге сенді? Кімге сенді? Бұл арасы ол кезде тек оның өзіне ғана мәлім еді. Ес жиып, етек жапқан кезде ол туралы Н. Назарбаевтың: «мен халқымның тәуекеліне сендім» – деп жазғаны да, «... Мен өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын. Маған ары үшін жанын садаға ететін осындай текті халыққа, мені ұлым деп, перзентім деп төбесіне көтерген халыққа, арғы-бергідегі қазақ баласының бірде-бірінің пешенесіне бұйырмаған бақыты – толыққанды, тәуелсіз мемлекет құрудың басында болу бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық ештеңенің керегі жоқ, осы жолда мен бойымдағы бар қайрат-қабілетімді, білім-білігімді аямай жұмсаймын, қандай да тәуекелге барамын...» деп ағынан жарылғаны да жадымызда. Қандай да бір шешім қабылдағанда да, нендей бір істі бастағанда да Елбасы осылай, үнемі халыққа сеніп, халқына арқа сүйеп келеді. Президентті қолтығынан демеген де, демейтін де, қолдаған да, қолдайтын да – өзінің туған халқы.

Президентіміз 2003 жылдың көктемінен ешбір елде жоқ «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыра бастады. Бұл бағдарламаның бірінші

³⁸ Екіталай, қилы-қилы, неғайбыл

³⁹ Толып жетілген, өскен, асқан шеберлік, алғырлық



кезеңі аяқталып, екінші кезеңі қарқын алып келеді. Дүниенің төрт бұрышына шашылып кеткен, жоғалған, қолды болған, уақыт топырағына көміліп қалған, шетел асып кеткен небір ғажайып жәдігерлер қайтып оралды. Ауыз толтырып айтуға тұратын жауһарларымыз жарқ етті. Алтын Адам дүниені аралап кетті. Алтынмен апталған, күміспен күптелген Бергі ел – патша әбзелдері⁴⁰, сармат⁴¹ көсемдері күн көзіне шықты. Ұлтымыздың ұмытылып, жоғала бастаған рухани құндылықтарын іздеп тауып, барын базарлап, жүйеге түзіп, халықтың күнбе-күнгі қажетіне жаратуға тәуекел жасалды. Президентіміз ғаламдық құбылысты, кезеңдік сілкіністі елден бұрын, алыстан сезетін көріпкел иесіндеі көрінеді көзіме. Нұрсұлтан Әбішұлы – жаңашыл адам. Жаңашылдық – оның мінезінің ең асыл қыры.

Президентіміз есепсіз көп нәрсені істеді. Тәуелсіздігімізді баянды етті. Ауыр әрі абыройлы асудан астық. Дүниедегі қабырғалы елдердің қатарына қосылдық. Халық Президентін жүрегінің төріне көтерді. Осының бәрі айналып келіп, Елбасын – ұлттың құтқарушысы, ұлттың бас иесі етті. Шынтуайтына келгенде, Нұрсұлтан Назарбаев – тарих толғатып туған ғасырдың тұлғасы, елінің жанын ұғатын, халқын замана көпірінен аман өткізіп келе жатқан қамқоршы, еліміздің дарынды ұйымдастырушысы, көреген басшысы.

Назарбаев – әлем мойындаған, жаһанға атағы жеткен, жер жаһанға сөзі өтіп, айтқанын істетіп отырған бүгінгі заманның лидері; тумысынан кие⁴² дарыған қайраткер; табанды күрескер; гуманист, туған халқының Бәйтерегі, Көсемі, Кемеңгері. Елінің аманатын арқалаған тірегі, алтын дінгегі.



- Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың игілікті іс атқаруының мәні неде деп ойлайсыңдар?
- «Президентті қолтығынан демеген де, демейтін де, қолдаған да, қолдайтын да – өзінің туған халқы» деген сөзді қалай түсінесіңдер?
- Елбасының: «мен халқымның тәуекеліне сендім» деген сөзінен нені аңғаруға болады?
- Қоғамға риясыз қызмет ету адам бойындағы қандай құндылықтардың дамуына ықпал етеді? Неліктен?
- Ел мен жерге қызмет ету үшін адам бойында қандай құндылықтар мен қасиеттер болуы керек деп ойлайсыңдар? Әңгімелеп бер.



1-тапсырма. «Қызмет еттім халқыма» деген сөзді басшылыққа алып, қоғам үшін игілікті еңбек етіп жүрген тұлғалар туралы эссе жазыңдар.

2-тапсырма. Төменде берілген Н. Ә. Назарбаевтың қанатты сөздерін оқып, өмірден мысал келтіру арқылы ел мен жерге қызмет ету туралы ойларыңды ортаға салыңдар.

⁴⁰ Белгілі бір нәрсеге қажетті жабдық, құрал-сайман

⁴¹ Ежелгі заманда өмір сүрген тайпалардың жалпы аты

⁴² Бірдененің пірі, иесі, қасиеті



- Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, адамзаттық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп, еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!
- Елдік те, ерлік сияқты сын сағатта танылады. Ел бірлігі – ең асыл қасиет.
- Тәуелсіздік туын тігуге қаншалықты қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға соншалықты қажыр-қайрат керек.

3-тапсырма. Төменде берілген мәтінді мұқият оқып шығып, зиялы адамға мінездеме беріп, оның портретін жасаңдар.

Елге қызмет ету – парыз

Болат Шайманұлы

Меніңше, зиялылық⁴³ ұғымы ұлтқа деген көзқарасына орай бағалануы тиіс деп ойлаймын. Ол оң немесе теріс болуы мүмкін. Пиғылы⁴⁴ оң – зиялы, пиғылы теріс – зиянды. Әрбір пиғылы оң зиялы өз Отанына абырой әкеледі. Бұл жерде ғылыми атағы бар доктор, академиктерді ғана зиялы деп танып, оқымаған, университет бітірмеген, бірақ көпті көрген, өмірден түйгені мол адамды зиялы емес десек, қателесеміз.

Мәселен, менің пайымдауымша, зиялылықтың шыңы – Абай. Оның академиктік атағы жоқ. Оған кезінде сен осы қазақтың мұңын мұндап, жоғын жоқтап, жағдайын ойла деп ешкім айтқан да жоқ. Ол өзі іштей қабылдаған аса зор жауапкершілік міндетін, өз ұлтының алдындағы перзенттік парызын адал орындау үшін қадамдар жасады. Бұл жолда қаншама кедергілерге ұшыраса да рухы түспеді. Осы ретте, «Ұлы адамдар өз ескерткіштерінің тұғырын өзі орнатады, ал мүсінін болашақ соғады» деген В. Гюго сөзі еріксіз ойға оралады.



Біз – құстай ұшып дамып бара жатқан қоғамның мүшесіміз. Кез келген адамның қоғамнан өз орнын тауып, арман-мақсатының жүзеге асуы жолында қалтқысыз еңбек ететіні сияқты қоғам да адамзат баласына бар мүмкіндікті беріп отыр. Ендеше, біздің басты мұратымыз – өмір сүріп отырған қоғамға қалтқысыз қызмет ету. Оны сүйіспеншілік нұрына бөлеу. Қоғам – адамзаттың рухани айнасы іспетті. Өзімізді үздіксіз біліммен қаруландырып, қоғамның игілігі үшін еңбек етуіміз керек. Біле білген адамға қоғамға қызмет етуден артық бақыт жоқ.



Ата ақылы



Әкім Ысқақ

Ата, мен сенің жалғыз ұлдан көрген тұңғыш немерең едім. Ұзақ күткеніңнен шығар, мені өте жақсы көрдің. Бірақ ешқашан есірте еркелетіп, бетіммен жіберген жоқсың. Көбіне қасыңнан тастамайтынсың. Не туралы сөйлессең де, сөз аяғын

⁴³ Зеттілік, білімдарлық

⁴⁴ Ішкі ой, ниет, пікір



үнемі сыйластыққа, кішіпейілділікке, ақылдылыққа, т.б. толып жатқан жақсы қасиеттерге әкеліп тірейтінсің. Әрине, оның бәрін түсіндім, қабылдадым деп айту қиын. Бірақ, жақсылыққа деген ынтызарлық, жамандыққа деген жиіркеніш, адалдыққа, шыншылдыққа ұмтылушылық халқымыздың кейбір жақсы салт-дәстүрлерін қадірлеушілік сияқты қасиеттер біртіндеп болса да көкірегіме жинала берді.

Ата, жалғыз менімен ғана емес, кез келген адаммен тіл табысып, ашық-жарқын әңгімелесіп кететінсің. Танысын-танымасын, әйтеуір, кездескен кісілердің бәріне жақсылық жасауға ұмтылатынсың. Елдің тату-тәттілігі мен отбасы сыйластығы үшін бар күшінді салатынсың. Сондықтан, жұрттың бәрі сені ардақтайтын, құрметтейтін.

Әсіресе жас балаларды жақсы көретінсің. Қашанда қамқор болып жүретінсің. Әсіресе, жетім-жесір мен тәрбиесі қиын балаларға келгенде көмегіңді аямайтынсың. Бала, бала деп соққан жүрегің өзгеше болатын.

Ата, өзіңнен әр нәрсені бір сұрай беретінмін. Бәріне де салмақты жауабың дайын. Бар ықыласыңмен түсіндіретінсің.

Тағы да сондай бас қосуда:

- Ата, жақсы деген не? – деймін ғой, баяғы.
- Е, айналайын жақсыны білгісі келетін өзіңнен. Жақсы дегеннің бойында ізгілігі, қайырымдылығы, адалдығы болады.
- Ата, ал жаман деген немене?
- Е-е, жаманның бойында қараулығы, арамдығы, күншілдігі сезіліп тұрады.
- Ата, қашан мен жақсының қатарында боламын?
- Е, айналайыным-ай, үлкейгенде жақсының қасиеттерін игеріп, кездескен қиындыққа көне білсең, бәле-жалаға сабыр етсең, жақсының қатарында болғаным деп есептегін.

Иә, онда бар-жоғы жеті жастағы балдырған едім ғой. Содан бері қанша жыл өтсе де, осынау сөз жадымнан шыққан емес. Ата, өзің берген тәрбиенің арқасында қанаттанып өстім.



- Атасының бойындағы ізгі қасиеттер қалай пайда болған деп ойлайсыңдар?
- Автор атасының ақыл-кеңесін өмірде іске асырып келе жатыр ма? Қалайша?
- Абай атамның «Бір бала – атасынан өте туады, бір бала – атасына жете туады» деген сөзін қалай түсінесіңдер?
- Автордың орнында болсаң атаңмен не туралы әңгімелесер едің?
- Адамды қандай ізгі қасиеттер «толық адам» деңгейіне жетелейді? Әңгімелеп бер.



4-тапсырма. Абайдың «Естілердің сөзін ескеріп жүрген адам өзі де есті болады» деген сөзін басшылыққа алып, қоғам игілігі үшін еңбек етіп жүрген кез келген саланың мамандары туралы эссе жазыңдар.



5-тапсырма. Төменде берілген қанатты сөздерді оқып, адамның қоғам игілігі үшін қызметі жөнінде ой-тұжырымдарыңды ортаға салыңдар.

Аристотель: «Адамның міндеті – ақылға сыйымды қызмет атқару».

Н.Г.Чернышевский: «Адамның қызметі биік идеямен рухтанбаса, жеміссіз де түкке тұрғысыз».

М.Әуезов: «Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек».

М.Сервантес: «Адам атаулыны ісіне қарап бағалау керек».

Софокл: «Ұлы істер бірден істелінбейді».

6-тапсырма. Өсиет әңгімені оқып, кейіпкерлердің мінезі мен іс-әрекеттеріндегі ерекшеліктерге назар аударыңдар. Әнет бабаның «Ел билеу үшін алдымен елді ауызбірлікке, ынтымаққа шақыра біл», – деген ойын сыныптастарыңмен талқылаңдар.

Төле бала Әнет бабаға барыпты. Жасы жүзге келіп отырған Әнет баба ынтымақ, ел бірлігі жөнінде әңгіме айтып отырады. «Қалай еткенде бірлік болады, оның күші қандай болмақ» дегенді сұрайды. Сонда Әнет баба әуелі жауап айтпас бұрын бір бума солқылдақ шыбық алдырады.

– Балам, мынаны сындырып көрші? Төле буылған шыбықты олай-бұлай иіп сындыра алмайды.

– Енді сол шыбықты біртіндеп сындыршы?

Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндеп пырт-пырт еткізіп, оп-оңай сындырып береді. Әнет баба:

– Бұдан не түсіндің, балам? – дейді. Сонда Төле бала:

– Түсіндім, баба, бұл мысалыңыздың мәнісі: ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды. «Саяқ жүрген таяқ жейді» демекші, бірлігі, ынтымағы жоқты жау да, дау да оп-оңай алады дегеніңіз ғой.

– Бәрекелді, балам, дұрыс таптың. Ел билеу үшін алдымен елді ауызбірлікке, ынтымаққа шақыра біл. «Бақ қайда барасың, ынтымаққа барамын» дегеннің мәнісі осы, – депті.



Кез келген адам өзі өмір сүріп отырған ортасы үшін борыштар. Қоғам – халықтың рухани бет-бейнесінің көрінісі. Әрбір адам саналы түрде өзін-өзі жетілдіріп, рухани-адамгершілік білімін тереңдету керек. Тек білім ғана адамды биік белестерге шығарып, толыққанды қоғам мүшесі ретінде көрсете алатынын жан-жүрегімізбен сезіп, қоғам игілігі мен оның гүлденіп көркеюіне азамат ретінде үлес қосуға талпынайық!

Адам мұраты – қоғамға қызмет ету мен мән сыйлау. Сонда ғана адамдық борышымызды өтеп, айналамызға шуақ шашқан «толық адам» боламыз. Өзіне сенген, өзін жетілдірген адамның бойында рухани-адамгершілік



қасиеттер молынан болады. Сол қасиеттерді қоғам игілігі үшін сарқа жұмсап, жалпыадамзаттық құндылықтардың салтанат құруына атсалысайық!



Арман қала – Астана

Сөзін жазған Ербол Шаймерденұлы

Әнін жазған Марат Омаров

Ағылып Атыраудан, Алатаудан,
Көш қонды Қараөткелге таласа ауған.
Жайнайды Астана ару алқасындай,
Ғажайып ғимараттар жаңа салған.

Қайырмасы:

Сарыарқа сауырында,
Ерке Есіл бауырында
Келеді бой көтеріп арман қала.
Арман қала!
Асыл дала!
Жаңа астана! Өз Астана! Астана!

Төріне туған жердің туын тігіп,
Ерекше ел еңсесі бүгін биік.
Астана – Ақ Ордасы қазағымның,
Алтын тәж ақ маңдайға қонған сүйіп.

Қайырмасы.

Көз тоймас келбетіңе - қандай көркем!
Астанам - жаңа қала жайған өркен.
Астанам - жүрегі елдің, жүрегі елдің,
Соғатын сәтіменен бүгін де, ертең!

Қайырмасы.



БІЛІМДІ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТІЛЕУ

1-тест

Абайдың «Адамның адамшылдығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деген сөзіне сенің көзқарасың қандай?

- а) Әрбір адам отбасын риясыз жақсы көруге міндетті.*
- ә) Отбасының барлық мүшелерін жақсы көру мүмкін емес.*
- б) Мүмкін, бірақ адамның ерік-жігері жетер ме екен?*

2-тест

Сыйластық болған жерде сенім, бірлік болады. Сен қалай ойлайсың?

- а) Дұрыс айтады. Адамдар бір-біріне сенім білдіргенде ғана жүрегіне тыныштық орнайды.*
- ә) Дұрыс емес. Адамдар үнемі сыйластықта жүре алмайды.*
- б) Үнемі сыйласып жүру шарт емес.*

3-тест

Қоршаған әлемге риясыз сүйіспеншілікпен қараған адамның жүрегі нұрға толып тұрады. Ондай адам ешкімге ешқашан қиянат жасамайды.

- а) Әрбір адамның қоршаған әлемді жақсы көруі мүмкін емес.*
- ә) Адамзат баласы қоршаған әлемсіз өмір сүре алмайды. Адамдар арасындағы мейірімділік, жақсылық жасау болмаса өмірдің мәнін білмеген болар едік!*
- б) Мүмкін, бірақ әркімнің өз ойы бар.*

4-тест

«Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деген Абайдың өлеңіне көзқарасың қандай?

- а) Дұрыс айтады. Адамдық басты міндетіміз – қоғамнан өз орнымызды табу ғой.*
- ә) Әрине, бірақ ол қиын емес пе?*
- б) Білім алмай-ақ дүниеден өз орныңды табуға болады.*

IV ТАРАУ

АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ ТӘЖІРИБЕСІ



«Табиғат – баға жетпес сый» жобасы IV кезең

«Табиғат – баға жетпес сый» жобасының төртінші кезеңі бойынша төмендегі тапсырмаларды орындандар.

1. Жобаның нәтижелерін көрсету үшін фотоколлаж, бейнеролик немесе таныстырылым әзірлендер.

2. 5 маусым – бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күні. Қоршаған әлемді, табиғатты қорғау жолында жанқиярлық еңбек етіп жүрген адамдар туралы ақпараттар жинап, ортаға салындар.

3. «Табиғат – баға жетпес сый» жобасын қорғауға арналған мереке өткізіңдер. Қорғауға өз ұстаздарыңды, ата-аналарың мен достарыңды шақырып, қонақтарға өз қолыңмен жасалған сыйлықтар мен концерттік нөмірлер ұсыныңдар.

Сонымен қатар көрмені шығармашылық жұмыспен безендіріп, жоба барысында есте қалған сәттер бейнеленген таныстырылым немесе фильм көрсетіндер.

4. Оқу жылының аяғында табиғат қорғаушылар қозғалысын ұйымдастырыңдар және жазғы каникул кезінде кіші достарыңа қамқорлық жасандар. Бұл қозғалысқа төменгі сынып оқушыларын, мұғалімдеріңді, ата-аналарыңды, көршілерің мен достарыңды тартыңдар.



25-26

ДӘУІРЛЕРДІ ЖАЛҒАСТЫРУШЫ ЖЕЛІ



Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек.

Нұрсұлтан Назарбаев

- *Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңдар.*



Түркістан

(Ашық энциклопедиядан)

Түркістан – Орта Азия мен Қазақстандағы ең көне қалалардың бірі. Ол туралы алғашқы деректер араб жазбаларында ІҮ-ІХ ғғ. бастап Шавғар деген атпен кездесе бастайды. Араб тарихшы-географы Әл-Истахри ибн Кордаубех ат-Танрази өз жазбаларында: «Көне Шавғар ХІ ғасырға дейін өмір сүрген де, ХІғ. бастап қала орталығы Ясыға көшті», – дейді. Бұл деректерді қазіргі біздің археолог ғалымдар да растайды.

Ал қорық ғылыми қызметкерлерінің зерттеуі бойынша, Қытай санскрит жазбаларындағы деректерге қарағанда, Түркістан қаласы біздің дәуірге дейінгі ІІ-ІІІ ғғ. өмір сүргендігі және сол кездің өзінде ірі мәдени және рухани орталық болғандығы туралы болжамдар айтылып жүр. Мысал келтіретін болсақ, сол кездегі Қарахандық билеушілердің осында әкелініп жерлене бастауы, атап айтқанда, Отырар билеушісі Ілияс ханның жерленуі, тіптен Сайрамда туып-өскен Ахмет Ясауидің де Түркістан жерінде тұрып, осында жерленуі жайдан-жай емес екендігі анық.

ХҮ ғасырда Түркістан Сырдария өңірінің саяси және экономикалық орталығына айналып, 1598 жылы ол біржолата қазақ хандығының орталығы болады. Бұған дәлел – А. Ясауи кесенесі⁴⁵ төңірегіне қазақ хандарының жерленуі. Түркістан қаласы сонымен қатар орта ғасырдың өзінде ірі білім орталығы болғандығы белгілі. Оның мәдени өмірінде дәруіш⁴⁶ ақындардың, ислам дінін уағыздаушылардың⁴⁷ да шығармалары үлкен орын алады.

Олардың қатарына Ахмет Ясауи бастап, оның шәкірті Сүлеймен Бақырғани, Ахмет Іүгінеки, Жүсіп Баласағұндар жатады.

Мың жарым жылдан аса өмірбаяны бар Түркістан – ержүрек батыр қала. Моңғол-татар, жоңғар шапқыншылығын, қазіргі Орта Азия мен Қазақстанда сол кезде өмір сүрген мемлекеттер мен хандықтардың жаугершілігін көрген қала. Орта ғасырдағы Сыр бойындағы Сығанақ, Сунақ, Сауран сияқты үлкен шаһарлардан біздің ғасырға жеткені де осы қала.

ХҮІІ ғасырдың басынан Түркістан қазақ хандығының, яғни қазақ мемлекетінің астанасы болды. Қазақстан мен Ресейдің қарым-қатынасын реттеу үшін

⁴⁵ Қабір басындағы ғимарат, кесене; мавзолей

⁴⁶ Суфизм ағымын қолдаушы, дүние қызығынан безген адам; диуана, қайыршы, кедей

⁴⁷ Уағыз айтушы, үгіт жүргізуші



Түркістаннан Ресейге, Ресейден Түркістанға елшіліктер жүріп отырған.

Түркістанның бүкіл қазақ халқының байтақ астанасы болғандығын дәлелдеу үшін Шығай, Есім, Жәңгір, Тәуке, Абылай, Қазыбек, Әйтеке секілді қазақ халқының ұлдары мен Қанжығалы Бөгенбай, Тобықты, Мамай, Қоңырат Сырғақ, Нияз, Дулат сияқты батырларының құлпытастарының А. Ясауи сағанасында⁴⁸ орналасқанын айтудың өзі жеткілікті емес пе?!



Ахмет Ясауи кесенесі

Өткен дәуірлерде құрылыс саласында қол жеткен табыстардың көпшілігін өз бойына жинақтаған ғимараттардың бірі, Түркістан қаласындағы күні бүгінге дейін жақсы сақталып келген кесене. Бізге жеткен жазба мәліметтерге қарағанда, көне Ясыда, қазіргі кесене тұрған орнында мұсылманның атақты әулиелерінің бірі, дәруіштер шайқасы – Ахмет қабіріне XII ғасырдың өзінде-ақ шағын кесене орнатылғаны белгілі. Кейін бұл кесене мұсылмандардың жаппай тәуеп ету орнына айналды. Ахмет Ясауи кесенесінің қасиетті орын ретінде атағының жайылуына XIV ғасырдың 30-шы жылдарында моңғол шапқыншылығынан қатты күйреген Түркістан қаласының қайта гүлдене бастауы ерекше ықпал етті. Алтын Орданың өктемдігін жойып, астанасы Сарай Беркені өртеп жіберген Темір осы жеңістің құрметіне ескі мазар орнына жаңа, зор кешен орнатуды ұйғарды. Осы тұрғыда Темір тек діни мақсат-мүддені ғана көздеген еді деу қиын. Бұл оның жалпы жасампаздықты мұрат еткенін, беделін көтеруге, үстемдігінің мызғымас берік екендігін көрсетуге қажет еді. Құрылысты жүргізуді Темір Мәулен Садырға жүктеді. Көптеген жазба деректерге қарағанда, болашақ құрылыстың жобасын жасауға Темір тікелей қатысып, негізгі бөлмелерді өзі анықтаған көрінеді. 1991 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап Республикалық мұражайы «Мемлекеттік тарихи-мәдени Әзірет Сұлтан қорық мұражайы» болып қайта құрылды. Қорықтың жалпы ауданы – 88,7 гектар. Оған бірнеше ортағасырлық ескерткіштер кіреді.

Түркістан билеушілері өз кезеңіне сәйкес кесене құрылысын толық аяқтауға тырысқанмен, ешқайсысы да белгілі бір нәтижеге жете алмаған. Қазіргі кезде бұл алып құрылыс бізден 700-800 жыл бұрын өмір сүріп, кейіннен қазақ халқының негізін құраған көне түркі тайпаларының тілі, діні, мәдениеті мен тарихын зерттеуде өте құнды дерек болып табылады.

Ежелгі Түркістан қаласы қазақ топырағындағы сол кездегі саяси мәселелерді, дау-дамайларды шешу орталығы болған. Бұл қаланың түбінде мәр төбеде үш жүздің өкілі ылғи бас қосып, уәжге келіп отырған. Жер дауы, жесір дауы осы арада шешіліп, әңгімеге өзек болған.

⁴⁸ Күмбез, үй, ғимарат



Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртаза «Киелі Түркістан» деген мақаласында былай деген: «Әр елдің, егер ол өз тарихын, өз мәдениетін, өз намысын бағалай білетін ел болса, сол елдің пір тұтатын⁴⁹ бір мекені болды». Мысалы, ол өзбектерде – Самарханд, Бұхара, орыстарда – Суздаль, Владимир, Иранда – Машхат. Ал біз үшін қазақтар үшін сондай рухани алып қала – Түркістан. Бүкіл қазақ халқы мойындайтын піріміз⁵⁰ – Түркістан.



- Рухани астанамыз Түркістан қаласы туралы қандай ой түйдіндер?
- Түркістан қаласының адамзат өміріндегі алатын орны мен қасиеті туралы не ойлайсындар?
- Мағжан ақынның «Түркістан – ер түріктің бесігі ғой» деген өлең жолын қалай түсінесіңдер?
- Түркістан қаласының басқа қалалардан ерекшелігі оның тарихының терең де қасиетті қала болғанынан ба? Мысал келтір.
- «Түркістанды рухани астанаға айналдыру» идеясына көзқарастарың қалай? Әңгімелеп бер.



1-тапсырма. Нұрсұлтан Назарбаевтың «Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады» деген сөзін басшылыққа алып, пікір алысу жүргізіңдер.

2-тапсырма. Түркістан қаласы туралы өзің білетін ақпаратты ортаға салып, сыныптастарыңмен бөліс.

3-тапсырма. Ахмет Ясауи кесенесін кімнің құрметіне қай батыр салдырғанын тауып, дұрыс жауабын белгілеңдер.

- Шыңғыс хан
- Жошы хан
- Ақсақ темір



Әр халықтың құнды дүниесінің бірі, әрі бірегейі – оның мәдени мұрасы. Мыңдаған жылдардың тарихын таңбалап, өткен күннен белгі болып қалған тарихи-мәдени ескерткіштер, жазбалар, кешегі күн – бүгінгі тарихтан қандай да бір сыр шертетін деректер – баға жетпес асыл қазынамыз.

Ғасырлар арасын жалғастырып, алтын көпірге айналған мұраларымыз жоқ емес, жетерлік. Кешегі мен бүгінді, бүгін мен болашақты сабақтастырған бұл қазынаның орны қашан да ерекше екені де баршаға аян.

⁴⁹ Әулиедей бас ию, құрмет тұту

⁵⁰ Қолдап-қорғаушы, рух. Демеуші, қолдаушы, сүйеуші



Әр мәдениет көрінісінің жарқын келбеті болған мұраларымызды келер ұрпаққа аманаттау – әрқайсымыздың қасиетті борышымыз.

«Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады.

Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады» деген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы әзірленген-ді. Бұл бағдарлама – қазіргі Қазақстанның әлемдік өркендеуінің дәлелі болып табылады.



Өнер сатып ем

(Ертегі)

Бір ісмер болыпты. Теміршілік, өрімшілік, ағашшылық, тігіншілік дейсіз бе, бәрі де қолынан келеді екен. Білезік, жүзік, күміс түйме, сырға, түйреуіш жасағанда тіпті майын тамызады екен. Әйелі де осы дүниелердің әсемдігі үшін тер төгеді. Олардың қолынан шыққан заттар жылтырап атта, сылдырап білекте, қылпылдап қынапта жүрсе де тапқандары өздеріне жұтымнан аспайды да, тақырлау өмір кешеді. Еңбектерінің біразы несиеге кетіп, қоралы қой болып елде жүргенімен, «ұста пышаққа жарымайды» дегендей, от басында көлденең көк темірі де болмайды.

Онда киіз болушы ма еді, жалпита тігілген қосының іргесі белуардан қазылған жар кереге. Оң жақтағы өнерге қолданатын саймандарының ортасында ата мирасы жарғақ көрік жәмп-жәмп етіп, бір қолды ұстайды. Біреулер бір тостаған арпа, бірі бір түктем бидай не бір бөлшек шай немесе бір жілік ет әкеліп, бірі пыстан⁵¹, бірі тоға⁵², бірі таралғы⁵³ сияқты заттар соқтырып алып кетіп жатады.

Осы өнер ұясының лашығында бір күні әдемі ертоқым дайын болады. Ердің қаңқа басының өзі көздің жауын алады. Қасы⁵⁴ қара сырмен сырланып, күміспен апталған. Жиегіне талауратып алтын жүргізілген. Арқалығы сары сырмен сырланған. Қапталы қара терімен капталған. Оқпаны жалтырауық түспен айшықталған. Тебінгіге сұқ саусақтай жұмыр бедер түсіріліп қойылған. Тоқымның көмкеріндісі, көпшік шегірен былғары. Өмілдірік пен құйысқаны қатарланған үш қырлы жиырма бір таспалы, қасқыр соғарға лайық сом жасалған. Үзеңгі, қойшы әйтеуір, жүген-ноқта, жырым-шеттігіне дейін атқа саларлықтай сай болып шыққан. Ер-тоқым біткен күннің ертеңінде аларман да жетіп келеді. Ол бір мырза жігіт екен.

– Сауда күсет⁵⁵ болғай, ақсақал! – деп кіреді ол үйге.

– Айтқаның келсін, балам! – деп қарсы алады Дарқан ұста. Қонақтың көкейіндегі бұйымтай оны қарап отырғызбайды.

⁵¹ Ердің үстіндегі көпшікті алды-артынан бастырып қоятын, үстің жез, күміспен қақтаған былғары

⁵² Белдік, тартпа сияқты заттардың ұшын бекіту үшін темірден жасалған зат

⁵³ Үзеңгіні ерге жалғастыратын, айылбасы бар қайыс бау, тұрман

⁵⁴ Ердің алдыңғы басы мен артқы басы

⁵⁵ Сәтті, пайдалы



– Па, шіркін, мына ер-тоқымды-ай, ә! Бағасына келіспейміз бе? – дейді.

– «Алтын ерің атқа тисе, алтынын ал да, отқа жақ» дейді ғой қазақ. Жарамаса, өзімдікі. Мал танысың ба? Жақсы аттың басы – жүз қой. Ал мынаны мен жүз елу қойға беремін бе? – деп қояды да, артынан, – қалауың білсін, – деп, аларманның еркіне береді. Саудаласа келіп, ақыры бұзаулы сиырға ер-тоқымды беріп, мырзаны жолға салады.

Бір күні ер-тоқымымен ат аунап, ердің қасы қық бөлініп қалады. Қараса, ердің қаңқа басы сиырдың тезегінен құйып жасалған екен. Жігіт ісмерге келіп, мәнжайды айтады. Оған қария:

– Е, ат аунағанда сынбай, қандай ер шыдасын! Бірақ мен саған ер-тоқым сатқам жоқ, – дейді. Сөзге түсіне алмаған мырза:

– О не дегеніңіз?.. – дейді таңданып.

– Мен саған өнер сатқан едім, – деп түсіндіреді де, қария тезек ерді қатқан қайыңнан шабылған ерге ауыстырып береді.

Бұл мәрттігіне разы болған аларман ақысына бір тайынша қосады. Ісмердің де өз еңбегіне ақыны толығырақ алғаны осы екен.



- Ісмердің игілікті ісінің мәні неде деп ойлайсындар?
- Мәтіндегі «Мен саған өнер сатқан едім» деген сөзді қалай түсінесіңдер?
- Ісмердің соншалық өнерлі бола тұра қарапайым өмір сүруі оның бойындағы ізгі қасиеттен бе? Әлде басқа себебі бар ма?
- «Жігітке жеті өнер де аз» деген ойдың астарына үңіліп көрдің бе? Мысал келтір.
- Ер сатып алушының орнында болсаң, қандай әрекетке барар едің? Әңгімелеп бер.



4-тапсырма. Төменде берілген өлеңді оқындар. Астарынан не түсіндіңдер? Тапсырманы дәптерде орында.

Бабаларым, рақмет сендерге!

Мұқағали Мақатаев

Бабаларым,
Рақмет сендерге!
Балаларым болмасын деп көр-кеуде,
Қобызыңмен қосып ән мен тіл бердің,
Өмірге мен мылқау болып енгенде.

Бабаларым,
Рақмет сендерге!
Жыраулардың жазбай кеткен жырларын,
Арулардың ашпай кеткен сырларын,
Қорқытыңның⁵⁶ қорқынышты мұң-зарын
Қобызыңның шанағынан тыңдадым.

⁵⁶ Халық ауыз әдебиетіндегі ажалдан қашып құтылу жолын іздеуші бейне



Құлазыған сенің құла түздерің
 Не білмеген, не көрмеген, ізгі елім.
 Жазылмаған тарихымның жолдарын
 Ауызекі аңызынан іздедім.

Мен білмеймін,
 Басыңа әлде орнап бақ,
 Шаһар салып, жасадың ба жәннат-бақ.
 ...Әлдеқалай тасқа түскен таңбаңа
 Табынамын, тарихымдай ардақтап.

Сыр ашпайды сенің құла түздерің,
 Сыр ашпайды тау-тастағы іздерің.
 Сенің бүкіл болмысыңның тағдырын
 Домбыраңның пернесінен іздедім.

Іздедім де, сәттерімде түңілген
 Тастап кеткен аңызыңа жүгінгем.
 Жүгінгем де, қайта туғам, тірілгем;
 Тарихымды жазудамын бүгін мен,
 Бабаларым, сенің Ана тіліңмен!

5-тапсырма. Төмендегі сұрақтар бойынша еліміздегі қала мәдениетінің кешегісі мен бүгінгісі туралы сауалнама жүргізіп, талқылаңдар.

- Астананың басқа қалалардан басты ерекшелігі неде?
- Өз туған өлкең немесе ауылыңның тарихы туралы баяндап бер.
- Ежелгі, ескі қалалар туралы білетін ақпаратты сыныптастарыңмен бөліс.

6-тапсырма. Төменде берілген «Алтын адам тарихы» туралы мәтінді оқып, туған өлкенің мәдени мұрасы жөніндегі ойларыңды сыныптастарыңмен талқылаңдар.

Алматы облысындағы Есік қорғанынан «Алтын адам» табылған кезде алыс-жақын елдердің барлығы елең еткен-ді... Бұл 1970 жыл болатын. Археологиялық олжаны тапқан тарих ғылымдарының докторы Кемел Ақышев басқа да ғалымдармен кеңесе отырып, бұл біздің заманымызға дейінгі IV ғасырда өмір сүрген сақ ханзадасы деген шешімге келді. «Алтын адамның» бойындағы қаруы да, үстіндегі киімі де түгелдей дерлік алтыннан құйылған. Бұл, ең алдымен, киімнің ішіндегі адамның, сонан соң оның елінің дәулетін көрсетсе, екіншіден, сол кездің өзінде-ақ түсті металлургияның қыр-сырын меңгерген тайпалардың өмір сүргенін куәландырғандай. Аталмыш олжаның көшірмесі Алматыдағы Орталық мұражайға қойылды, кейін қазақ елінің басты символы ретінде басқа елдерде қойылған көрмелерге шығарылды. Оңтүстік астананың орталық алаңында



(Республика алаңы) Тәуелсіздік монументінің негізгі бейнесі де – осы «Алтын адам».



«Мәдени мұра» аясында халқымыздың тасқа басылған тарихын түгендеу, ғасырлар қойнауында қозғаусыз қалып қойған әдеби-мәдени қазиналарын аршып алу тұрғысында да маңызды бетбұрыс жасалды. Еліміздің аумағындағы ежелгі қалалар мен ескі қорғандардың 40-тан астамы зерттелді. Соның нәтижесінде ата-баба тарихынан мол мағлұмат беретін құнды жәдігерлер ғылымға зор үлес болып қосылды. «Мәдени мұра» бағдарламасының рухани-мәдени өмірімізге тигізген үлкен бір шапағаты – ғылымға нақты қолдау жасалды. Жаңаша ізденістер мен зерттеу жобалардың арқасында отандық ғылым кеңістігі ерекше бағалы еңбектермен толықты. Заманауи технологиялармен жарақтанған баспа өндірісі жаңаша қарқынмен дамыды. Бұл тұрғыдан алғанда, әлемде бірде-бір аналогі жоқ «Мәдени мұра» бағдарламасы Елбасы көрегендігінің айғағы ретінде әлдеқашан өз бағасын алды.

Отырардағы той



*Сөзін жазған Сабырхан Асанов
Әнін жазған Шәмші Қалдаяқов*

Той басталды Отырарда,
Сырдың сұлу бойында.
Кеудесінде оты жанған
Қызылқұмның қойнында.
Аңыздарда аты қалған,
Талай ақын толғаған –
Осындай той Отырардан
Басқа жерде болмаған!

Отырардың күні бүгін
Қайта туды жаңғырып.
Жырлап жатыр ұлылығын
Барлық аймақ, атырап.
Әнмен бірге
Күймен бірге толғанам.
Осындай той Отырардан
Басқа жерде болмаған!

Қайырмасы:

Туған елім-ай,
Өскен жерім, асқар белім,
Сенсің әнім менің,
Сәнім менің.
Алақандай аялаған,
Арманым да өзіңсің,
Ақ тілегін аямаған,
Ардағым да өзіңсің.
Сендегі жас, кәрінің де,
Қуанышы мол болсын.
Шәуілдірдің әр үйінде,
Дәл осындай той болсын.

Қайырмасы

Зіл қара жер қозғалғандай
Палуандар алысқан.
Қызғалдақтай қыздар қандай –
Көз тартады алыстан!
Сол қыздарға оты бар жан
Жүрек отын жалғаған.
Осындай той Отырардан,
Басқа жерде болмаған!



27-28

ЖҮРЕК ҚАЛАУЫМЕН



*Жүрегіңнің сүңгі де түбін көзде,
Содан тапқан шын асыл тастай көрме.*

Абай

- Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңдар.



Ұлыма хат (Үзінді)

Немат Келімбетов

Мен онымен кездейсоқ таныстым. Аурухана ауласында серуендеп жүр едім. Бір сәт науқасы аса ауыр аурулар жататын реанимация бөлімінен бір жас әйел дауыстап жылап шықты. Ауыр науқастардың бірі дүние салған шығар деп ойладым. Есік алдындағы жеңіл мәшинесіне енді отырайын деп жатқан бір жас қазақ жігіті мәшине есігін қайта жапты да, тез жүріп маған келді:

- Не боп қалды, ақсақал?
- Білмедім. Шамасы, анау жылап тұрған әйелдің жақын адамы үзілген-ау, – дедім.

Екеуіміз әлгі әйелдің қасына барып, не болғанын сұрастырдық. Сөйтсек, оның сегіз жасар қызы әл үстінде жатыр екен. «Бір-екі сағат ішінде оған операция жасамаса, баланың өміріне қатер төніп тұр», – депті дәрігерлер. Ал, мұндай аса күрделі операция өте қымбат тұрады екен. Қыздың анасы ақшасы жоғын айтып еңіреп тұр.

Жаңағы жігіт екеуіміз де аяқ астынан не істерімізді білмей апалақтап қалдық. Жас жігіт менен гөрі есін тезірек жинады. Қалтасынан ұялы телефонын шығарды да, біреуге қоңырау соқты.

– Амансыз ба? Мен Жәнібек Айдарұлымын ғой. Бүгін қоймадан жүз мың теңгеге тауар алуым керек еді. Соны кейінге қалдырсаңыз. Құжаттар сіздің кеңседе жатыр. Кейін өзім тағы да хабарласам, – деді.

Соны айтты да, әлгі жігіт белдігіне байлап қойылған былғары әмияннан бір уыс ақша шығарды:

- Мінекейіңіз, алыңыз. Жүз мың теңге. Дәрігерлер операцияны қазір бастасын, өтінемін, – деді.

Бірақ жылап тұрған әйел ат-тонын ала қашты. Ақша беріп тұрған жігітке ризалықпен емес, үрейлене, күдіктене қарады. Өмірінде ешкімнен жақсылық көрмеген бейшара болса керек. Ақыры жігіт науқас қыздың анасын ақша алуға көндіре алмайтынына көзі жетті. Бір сәт ол маған көзін қысты да, дереу ауруханаға кіріп кетті.

Арада жарты сағат өтпей-ақ Жәнібек күлімсіреп қасымызға келді. Қолында тілдей қағаз. Онда: «нейрохирургиялық операция үшін жүз мың теңге төленді» деп жазылыпты. Арадағы ауыр тыныштықты Жәнібек бұзды:



– Ақшасын төледім. Міне, квитанция. Операция басталып та кетті. Дәрігерлер бәрі жақсы болады деп жатыр.

Бағанадан бері булығып, даусын қатты шығармауға әрекет жасап, өзінен-өзі тұншыға өксіген әйел Жәнібекті қапсыра құшақтап, барынша еңіреп жылап жіберді:

– Ойбай-ау, онша ақшаны өмір-бақи тауып бере алмаймын ғой. Күйеуім жоқ. Әке-шешем қарт зейнеткерлер. Енді қайда барам, қайдан табам, не істеймін, жарандар?!

– Қойыңыз. Жыламаңыз. Мына жұрттан ұят болады. Одан гөрі құдайдан операцияның сәтті аяқталуын тілеңіз. Ал, ақшаны қайтаруға асықпаңыз. Қызыңыз аман қалып, бәрі жақсы болса, он жылдан кейін күйеуге ұзатпайсыз ба? Сонда қыздың қалың малын мен аламын, – деді.

Бағанадан бері еңіреп, егіліп, бүгіліп тұрған әйел оқыстан күліп жібергенін өзі де байқамай қалса керек:

– Иә, карағым, өркенің өссін. Құдай ондай күнге жеткізсе, қалың малы сенікі. Қызыма өкіл әке боламын десең де ықтиярың, – деді.

Не керек, сол күннен бастап Жәнібек екеуіміз ағалы-інілі туыстардай боп кеттік.

Жақсы адамда жаттық жоқ қой. «Жақсының жаны жаннат» деп тегін айтпаса керек. Сол бір елгезек⁵⁷ жігітпен әңгімелескім келеді де тұрады.

Біздер аз күнде-ақ бір-бірімізді көптен бері білетін адамдардай жақындасып кеттік. Мен оны жақсы мағынадағы «жаңа қазақтардың» шынайы үлгісі дер едім. Кеңестік заманда Мәскеуде оқыпты. Техника ғылымдарының докторы. Бұл салада ашқан жаңалықтары да аз емес. Қазірдің өзінде ол үлкен бизнесті ғылыми-зерттеу істерімен қоса-қабат алып жүр. Әйтсе де, мені ерекше тандандырған жәйт Жәнібектің бизнесі де емес, ғылымы да емес, тіпті табан астында көрсеткен мырзалығы да емес еді.

Жәнібектің адами тұлғасын мен бір той үстінде тұңғыш рет көргендей болдым. Үстіндегі ақ жейденің жеңдерін білегіне дейін түріп тастап, орындықта сәл шалқая отырған күйінде қолындағы домбырасын безек қақтырып, Құрманғазы күйлерін бірінен соң бірін құйқылжыта жөнелгенде мен өзімді біресе Сарыарқада, біресе Алатауда тұрғандай сезіндім. Көп жылдар бойы Мәскеуде тұрып, қызмет істеген жігіттің ұлттық өнерімізді ұмытпай өзімен бірге ала жүргеніне ішімнен дән риза болдым. Ғұмыр бойы қазақ қауымының қақ ортасында жүріп-ақ домбыраны қалай ұстау керектігін білмейтін жігіттердің талайын көрдім. Анасынан о баста шынайы қазақ боп туылған жандар қай жерге барса да қазақ боп қалады екен-ау деген ой келді маған.



⁵⁷ 1. Айтқанды екі еткізбейтін тілалғыш, пысық, ширақ. 2. Ұшқыр, жүйрік. 3. Сергек, сезімтал



Сәл үзілістен кейін Жәнібек домбырасын қайта қолға алып, Қазтуған, Жиёмбет, Шалкиіз, Бұқар жырау толғауларын бірінен соң бірін термелей айта жөнелгенде отырған жұрт ду қол соғып, мәре-сәре боп қалды. Егер өзі қаласа, өнер саласында да биікке шарықтап шыға алатын қабілеті бар екен-ау деп ойладым. Енді өмірде сегіз қырлы, бір сырлы жігіттердің болатынына шүбәм қалған жоқ.

Дегенмен, Жәнібекті тағы бір қырынан кейінірек танығандай болдым. Ол қазақтың сан ғасырлық мәдениет, әдебиет және өнер тарихын да жетік біледі екен. Қазақ шежіресін жазуға деректер жинап жүргенін көрдім.

Иә, сырт көзге қарапайым ғана болып көрінетін осы бір жігіттің рухани әлемі мейлінше бай екенін мен кейінірек білдім. Жәнібекте материалдық байлық пен рухани байлық өзара әдемі үйлесіп жатқанын аңғардым.

Әдетте, біз ақшаға жомарттық жасаған жандарды ғана қайырымды деп түсінеміз ғой. Тегінде, шынайы қайырымдылық адамның рухани дүниесі арқылы көрініп жатады. Мұндай адамдардың қолы ғана емес, ішкі жан-дүниесі де барынша ашық-жарқын болады. Қазақта «Жақсы келді дегенше, жарық келді десейші, жақсылықтың ұрығын алып келді десейші» дейтін қанатты сөз де бар. Шынында да, Жәнібек өзі барған ортаға мейірімділік дәнегін шашып жүрген сияқты.

Ұлым менің!

Жалпы, мейірімділік жайын сөз еткенде, ең алдымен, аяулы анамның жарқын бейнесі көз алдыма келе қалады. Тегінде, қайырымдылық, бауырмалдық, жомарттық сезімдері адамға туа бітетін қасиет қой деп ойлаймын.



- Жәнібектің игілікті іс істеуінің мәні неде деп ойлайсыңдар?
- Мәтіндегі «Біздер аз күнде-ақ бір-бірімізді көптен бері білетін адамдардай жақындасып кеттік» деген ойдан не түсіндіңдер?
- Адамдар бір-бірімен риясыз араласуы үшін олардың бойында қандай қасиеттер болуы керек екен? Неліктен?
- Жәнібектің бойындағы өнерге деген құрмет пен сүйіспеншілік қандай ізгі қасиеттен туындаған?
- Өзің осындай оқиғаға тап болсаң, не істейсің? Әңгімелеп бер.



1-тапсырма. Төмендегі мәтінді оқып, түйінді ойларды іріктеп алып, жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан талдап, өз пікірлеріңді айтыңдар.

Жетестің Төле биге баруы

Тоғыз жасар Жетес тоқсандағы Төле биге сәлем бере барыпты, сонда Төле би былай деген екен:

– Бата басқа, қына тасқа, ақыл жасқа, не қалайсың? – депті. Сонда Жетес бала:
– О, қасиетті, баба! Ат берсеңіз өліп қалады, тон берсеңіз тозып қалады. Ат, тонға бергісіз өлмейтін, өшпейтін, өмірі естен кетпейтін бір өсиет айтсаңыз, соған ризамын, – депті. Онда қолыңды жай, балам, – депті Төле би:

Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің санасы бол!
Бір елдің атасы болма,

Бар елдің данасы бол!
Бір тонның жағасы болма,
Көп көлдің ағасы бол!



Ақты ақ деп бағала, аумин,
Қараны қорала,
Өзегің талса өзен бойын жағала,
Басыңа іс түссе көпшілікті жағала.

Өзіңе-өзің кәміл бол.
Халқыңа әділ бол,
Жауыңа қатал бол!
Досыңа адал бол! – аумин,

деп бата беріпті. Бұл сөзінен «тек өз қамынды ойламай, халықты да ойла, оларға тіреу, сүйеніш бол, қиын жағдайда көмектесіп, ақылыңды айт. Әрқашанда шындыққа жақ болып, әділетсіздікке бой алдырмауға тырыс. Жауыңа аяушылық танытпай, досыңа адал бол», – деуі тұнып тұрған өсиет-өнеге.

2-тапсырма. Жомарттық, мейірімділік, қайырымдылық туралы эссе жазыңдар.

3-тапсырма. Сырбай Мәуленовтің төменде берілген «Жүрек туралы» өлеңін оқып, «сүйіспеншілік», «достық» ұғымдары туралы өз ойларыңды жазыңдар.

Құстай бір канат қағасың
Кеудеде тұрсың ұялап.
Талмаурап әлсіз соғасың
Біреуден көрсең қиянат.
Күзетте кірпік ілмейсің
Сен үшін күндіз-түн бірдей.
Жаңарып иә кірлейсің
Тұрасың бірақ, сыр бермей.

Кеудені жарып шарқ ұрып,
Кең дүниеге шығардай.
Соғасың кейде алқынып,
Орнында тулап тұра алмай.
Торығып кейде сенделіп,
Ойлайсың қауіп-күдікті,
Махаббат, достық дем беріп,
Қуасың нәзік үмітті.



Ізгілік, Махаббат, Мейірім

Әкім Ысқақ

Ізгілік сезімді сергітіп, ой-сананды жарықтандырып, қиялыңа канат бітіреді. Кіршіксіз көңілді сұлулыққа, ақ айдынды әсемдікке жетелейді. Ізгілік – көкіректегі жақсылыққа ұмтылған нәзік сәуле. Бұл сәуле күн шапағаты тәрізді жүректерге жарық сыйлайды.

Махаббат, өмірге ғашықтық – сұлулыққа, адамға құштарлықтан бастау алады. Шынайы ізгіліктен, адами құштарлықтан махаббат туады. Махаббат – жүрегіндегі ізгіліктің түйір дәні өсіп, жапырақ жайып құлпыруы. Ол жан-дүниенді баураған әсемділік, алаулаған таңғы арайдай сұлулық! «Махаббат – әуелі адамның адамдығы», – дейді ұлы Абай. Шын сүйген түсіне алады. Егер кеудеде отың, шындыққа тура қарар бетің болмаса, жан-дүниен де жетім.

Мейірім, бойыңда адамдыққа ынтызарлығы, іңкәр құштарлығы, жүрегінде мейірімі жоқ – жасық⁵⁸ адам. Ізгілікке, жақсылыққа жеткізетін де мейірім шапағаты⁵⁹. «Мың адам салған көпірді, бір адам бұзады. Бір адамның жаққан отына он адам жылынады», – дейді қазақ. Мейірім – жан-дүниенің нәзіктігі, адам көңілінің мөлдірлігі.

⁵⁸ Жігерсіз, ынжық, былжыр

⁵⁹ Рақым, мейірім, шарапат, шапқат



Жан сөзі

Мағжан Жұмабаев

Өмір – теңіз, жоқ оның түбі, шеті,
Сылық-сылық күлген сиқырлы
толқын беті.
Осы өмірге кіргелі көп күн болды,
Енді бір ай – толады жиырма жеті.

Мен жоқ едім, бар қылып анам тапты,
Содан бері Күн талай шықты, батты.
Ес біргелі алыстым өмірменен,
Өмір – теңіз толқыны тым көп қакты.

Мен туғалы ағарып көп таң атты,
Қараңғылық жер бетін талай жапты.
Ес білгелі алыстым жүрекпенен,
Ырық бермеді, қаңғыды, ол не тапты?

Ессіз жүрек тулады, бермеді ырық,
Ақыл сорлы ере алмай қалды тұрып.
Ессіз жүрек, бөгелші бір азырақ,
Отыз тұр ғой үңіліп, арты – қырық.

Өмірінді екі қылмай орындадым,
Есімде отқа, суға ұрынғаным.
Өтті жылдар, жапанда жалғыз қаппын,
Өмірімді осынша улап, не қылғаның?!

«Жел бол!» – дедің, жел болып еспедім бе?
Уақыт талғап, ерте я кеш дедім бе?
Желдей жынды есалаң екпінді боп,
Заулап тұрған отқа өзім түспедім бе?!

«От бол» – дедің, от болып жанбадым ба?
Күйдірмей, сірә, нәрсе талғадым ба?
Күлді де алдым құшаққа, гүлді де алдым.
Мынау «күл», мынау «гүл» деп таңдадым ба?!

«Су бол!» – дедің, сылдырап ақпадым ба?!
Жыландай жүз бұралып жатпадым ба?
Ерікті-еріксіз суымнан татар жанды
Сиқырлап сылдырменен таппадым ба?

«Күн бол!» – дедің, мен Күндей күлмедім бе?
Күннен де астым, мен күндіз-түн дедім бе?
Күн – тәкәппар. Мен көппен құшақтастым,
Бұл ісімді күндікке мін дедім бе?

«Сұлулықтың асығы – жыршы!» – дер ме?
«Жүректің сырын шешер сыршы!» – дер ме?
Не қуаныш, не қайғы басқан күнде
Басыма келіп: «Ақын, тұршы!» – дер ме?



- Мәтіндегі «Жүректің сырын шешер сыршы!» – дер ме?» деген ойды қалай түсінесіңдер?
- Ақын өлеңіндегі астарлы ой мен құнарлы сөз тіркестерінен қандай ізгі қасиетті байқадыңдар?
- «Күн бол!» – дедің, мен Күндей күлмедім бе?» деген тармақты тарқатып айтып беріңдер.
- Адамның жаны сұлу болу үшін оның бойында қандай қасиеттер болуы керек екен?
- Рухани-адамгершілікке талпыну адам бойына қандай ізгі қасиеттерді дарытады деп ойлайсың?



4-тапсырма. Абайдың «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» деген өлең жолын басшылыққа алып, ақпарат көздерінен мысалдар жинастырып, әңгімелеп беріңдер.



5-тапсырма. Төменде берілген қайырымдылыққа қатысты түйінді ой-тұжырымдарды оқып, оларды біріктіретін ортақ ойды табындар.

Р. А. Әли: «Аз қайырымдылық жасаудан ұялма, өйткені құр алақан қайтару одан да аз».

К. Г. Паустовский: «Адам ақылды, кішіпейіл, әділ, батыл да, қайырымды болуға тиіс. Тек сонда ғана оның осынау адам деген мәртебелі атпен аталуға құқы болады».

6-тапсырма. Ділде Матайқызының төменде берілген өсиет әңгімесін оқып, білім мен байлық туралы түйген ойларыңды сыныптастарыңның пікірімен салыстырып, қорытынды жасаңдар.

Білім мен байлықтың қайсысын таңдарын білмей жол айрығында жасөспірім бір ғұламаға келіп ақыл сұраған екен. Сонда ғұлама білімнің артықтығын әртүрлі дәлелмен дәлелдепті.


Білім – даналардан қалған мирас, білім сені бағады, ал байлықты сен бағасың. Білім досыңды көбейтеді, ал байлық дұшпаныңды арттырады. Білім іздеген сайын көбейе береді, молая береді, жұмсағанмен азаймайды, ал байлық жұмсасаң азаяды, кемиді, жойылады.

Білімнің көп болса, ел сені құрмет тұтады, ал байлығың мол болса қызғанады. Білімге есеп-қисап жүргізбейсің, ал байлығыңды күнде есептеп отыруың қажет. Білім қаншама көп болғанымен іріп-шірімейді, бүлінбейді, ал байлық бір жұттық, өледі, жоғалады.

Білім жан дүниенді байытады, ал байлық қиялыңды, көзқарасыңды шектейді, тура жолдан тайдырады. Білімді адам мәдениетті, әдепті, адамгершілікті болады, ал байлығы мол адам мақтанады, әркімге астамшылық көрсетеді.

Таразының қай басы ауыр тартқанын өздерің бағамдай жатарсыңдар.

7-тапсырма. Тақырып бойынша өтілген материалды пысықтап, «Жүрек қалауымен» атты сөзжұмбақты шешіңдер (тапсырманы орындауда курсивпен бөлінген сөздерге назар аударыңдар).





Көлденеңінен	Тігінен
<p>5. Адамның өзгелерге адамгершілік танытып, өнеге ететін <i>жақсы</i> іс-қимылдары.</p> <p>6. Мейірімді, қайырымды, <i>кішіпейіл</i> адамның бойындағы көркем қасиет.</p> <p>7. Жаны <i>жомарт</i>, қайырымды, қолы ашық адамның ізгі қасиеті.</p>	<p>1. <i>Қайырымды</i> адамдардың көмекті қажет етушілерге нақты жәрдемі.</p> <p>2. Адамның <i>бауырларына</i>, ағайын-туыстарына адалдық сезімі.</p> <p>3. Адамды жақсылыққа жетелейтін <i>ізгі</i> ниет.</p> <p>4. Адам жанының нәзіктігі, <i>мейірімділігі</i>, көңілінің тазалығы.</p>



Адам – жүректің қалауымен іс қылса қалағаны болады. Жүрек – ой мен сезімнің қозғаушы күші. Оны ақылмен басқара білу білім мен білікті қажет етеді.

Жүрек – жақсылықтың қолдаушысы, қорғаушысы. Оның әр соққан дауысын ақиқатпен ұштастырып, байланыстыра білу – адамгершіліктің асқақ шыңы.

Жүрегіміздің саф тазалығын сақтап, рухани іліммен әрдайым сусындатып отыруымыз керек. Себебі жүрек те ілім мен білімге, жақсылық пен мейірімге шөлдейді. Оған да азық керек. Үнемі азықтандырып тұрсақ, жүрегіміз қараймай, қоршаған ортамызға сүйіспеншілігіміз арта түседі.



Сенім

Сөзін жазған Ринат Зайытов
Әнін жазған Ұлықпан Жолдасов

Сездірмей жүрген,
Тек өзім білген,
Бір сенім бар
Жоғалмас мүлдем.
Сол сенім барда,
Асығам алға,
Ақ тілегім, биікке самға!

Қайырмасы:
Тағдыр жолы көп торабы,
Ақ пен қара жолағы,
Сенім маған серік болады.
Ақ таңдарды мен көремін,
Дауылды да жеңемін,
Жүрегіммен сенемін!

Жылуын берер,
Шапағат төгер,
Махаббатым адаспай келер.
Асқардай биік,
Армандап жиі
Мен өтемін өмірді сүйіп.

Қайырмасы:
Тағдыр жолы көп торабы,
Ақ пен қара жолағы,
Сенім маған серік болады.
Ақ таңдарды мен көремін,
Дауылды да жеңемін,
Жүрегіммен сенемін!



29-30

АДАМЗАТТЫҢ ШЫНАЙЫ КӨШБАСШЫЛАРЫ



Ел қамын жеген ер – басшы.

Тоныкөк

- Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңдар.



Қонаевтың 12 қасиеті

Ораз Қауғабай

Әл-Фарабидің даналығында кемеңгер басшы өзінің сүйек-сыны, сыртқы тұлғасы арқылы ерекше көрінуі керек. Яғни ол адам өте сымбатты, «мінсіз, мүсіндей әдемі, иманжүзді болуға тиіс». Димекен жаратылысынан көрікті, бойшаң және жүзінен нұр төгіліп тұратын иманжүзді кісі еді. Кеңестік дәуірдегі мемлекет қайраткерлерінің ішіндегі ең сымбатты, бой жағынан да, ой жағынан да ерекше бөлек тұлға Димекен екені белгілі. Кемеңгер адамның бірінші қасиетін айттық.

Екінші қасиеті туралы дана ол адам «өзіне айтылған сөздің бәрін терең түсінетін және істің жай-жағдайына сәйкес жан-жақты тез ұғып алатын аса зерек болуы керек» дейді. Димекеннің зеректігі мен бәрін біліп, сезіп тұратын айрықша қасиеті жөнінде кемеңгер қасында жүрген серіктері қазірге дейін тандана айтады. Димекен адамның ішіндегісін біліп тұратын, сөзінен не ойлайтынын тез аңғаратын зерек жан еді. Димекеннің қариялардың сөзін мұқият тыңдап, сол бойынша кеңесіп, мәселе шешетіні көптеген естеліктерде айтылады.

Үшінші қасиеті туралы әл-Фараби былай дейді: «Ол өзі жүрген, көрген, естіген нәрселердің бәрін зердесіне ұзақ сақтайтын, бұлардан еш нәрсені ұмытпайтын адам болсын», – дейді. Димекен зерделілігі өз алдына – есте сақтау қабілеті аңызға айналған. Өзі араласқан оқиғалардың жыл, ай-күні тіпті, сағат, минутына дейін ол кісінің есінде өле-өлгенше сақталған. Қазақстандағы мыңдаған колхоз-совхоздардың, жер-судың және озат шопан, механизаторлардың есімін өмірінде ұмытпаған. Өндіріс, экономикаға байланысты сандар мен цифрларды кез келген жағдайда жаңылмай айтып отыратыны ғалымдардың өзін қайран қалдырған. Димекен естелігінде сүйген жары, өмірлік серігі Зухра Шәріпқызымен қанша жыл, қанша ай және қанша күн бірге болып, өмір сүргенін жарықтық сағатына дейін есіне сақтаған ғой.

Төртінші қасиет туралы былай делінеді. «Бірінші басшы терең ой иесі және жадына сақталғандардың бәрін айдан-анық етіп айтып бере алатын шебер әрі шешен болуы шарт». Димекен естігендері мен көргендерін өте шебер әрі бейнелі тілмен әңгімелейтін хас шешеннің өзі еді. Сөз арасында әдемі әзіл айтып баурайтын. Димекеннің бойында ақындық қасиет болған.



Дінмұхамед Ахметұлы
Қонаев



Кемеңгер басшының бесінші қасиеті «ғылым-білім мен өнерге жаны құштар, әр күн сайын оқып үйренуден шаршап-шалдықпайтын адам болуы керек» екен. Димекең туа біткеннен ғылым мен өнерді терең түсініп, ғылым жолында еңбектенген білімпаз еді. Ал, өнер мен мәдениетке дәл Димекеңдей жанашыр басшы болған жоқ. Димекең дәуірін өнер адамдары мен жазушылар қазір «алтын ғасыр» деп атап жүр. Димекең театрға жиі барды, ақын-жазушылардың жаңа шығармаларын оқып, авторларға өз пікірін айтып, олармен етене жақын араласты. Ғылым мен өнер саласын дамытудағы Димекең еңбегі ұшан-теңіз.

«Бірінші басшы терең ой иесі және жадына сақталғандардың бәрін айдан-анық етіп айтып бере алатын шебер әрі шешен болуы шарт»

Кемеңгер елбасының алтыншы қасиеті жөнінде ұлы философ: «Тағамға, ішімдікке, сайран-сұхбат құруға келгенде қанағатшыл болу керек», – дейді. Димекең тағамды талғап, тек адал асты ғана жеген. «Пейіш жемісі» алма жеу әдеті еді. Өйткені алманың ағзаға пайдасы мол. Димекең у-шу қала өмірін де ұнатпаған. Той-думанда шалқып сайран салған жоқ. Қонаев барлық жағынан қанағатшыл болып, көзінің тірісінде шын әулие атанды.

Жетінші қағидада айтылғандай, Димекең «жаратылысынан сауыққұмарлықтан аулақ болды». Демалысын таза ауада серуендеп, табиғат аясында өткізуді бұлжымас әдетке айналдырды. Аңшылық, саяткерлік салт және мергендік өнер Димекеңнің көзі жұмылғанша тастамаған ермегі әрі көңілді демалысы еді.

Сегізінші қағидада кемеңгердің шындықты сүйіп, жалғандыққа қарсы тұруы жөнінде айтылады. Димекең өтірік-өсек айтқандарды жек көрді. Жалған сөйлегендерді ұнатпады.

Тоғызыншы қағидада жазылғандай, Димекең «жаны асқақ және ар-намысын аса ардақтайтын адам» еді. Димекеңнің кісілік, адамгершілік, бекзаттық қасиеті және тәрбиесі өнеге. Мұны халық жақсы біледі. Димекең – ар-намысына кір шалдырмаған дана. Қарапайымдылығы мен кісілігін жоғалтқан жоқ. Зейнетте жүргенде де өзін төмендетпеді. Сондықтан көзінің тірісінде «әлемге әйгілі әулие» атанды.

«Оның жаны жаратылысынан пасық істердің бәрінен жоғары, игі істерге ынтызар болуға тиіс» деп оныншы қағидада айтылғандай, Димекең игі істердің ұйтқысы, жасампаздықтың жолбасшысы еді.

Әл-Фарабидің он бірінші «қағида-қасиетінде» «Әділетсіздік пен озбырлықты жек көретін адам болсын» деген жолдар дәл Димекеңнің өзіне арналып айтылғандай әсерде қалдырады. Қызметтен қуылып, партиядан шыққан талай бастықтардың «Қонаев қабылдауында» болып, әділ шешімді сол кісіден көріп, көсем жайында тебірене айтқандарын көп естідік. Димекең бар болмыс-бітімімен әділдікті сүйді, өктемдік пен озбырлыққа жол берген жоқ. Бір қайран қалдыратын нәрсе халық арасында Қонаев туралы бір қаңқу сөз, реніш, өкпе жоқ. Өйткені Димекең – өте әділ болған кісі. Бұл жағынан Димекең – бүгінгі ғана емес, келер ұрпаққа да үлгі болатын кемеңгер.

Әл-Фарабидің он екінші қағидасында, яғни басшы қасиеті жөніндегі тәмсілінде мынадай жолдар бар: «Өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асыруға келгенде шебер – шешімпаздық танытып, бұл шақта қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін



бірбеткей, батыл, ержүрек болуы міндет», – дейді. Мұнда айтылатын көсемге тән батылдық пен ержүректік Димекеннің бойында туғаннан бар еді. Атасы Қонайдың батыр, қорқуды білмейтін ержүрек қазақ болғаны белгілі. Оның бойындағы қасиет шөбересі Димашқа да дарыған ғой. О баста тау-кен инженері Қонаев Қоңыраттағы кеніште «қауіпті қопарылыстар» жасау жұмысына жауапты болады. Жазым, жазмыш болып тұратын жерде Димекеннің қорықпай тәуекелге барған кездерін халық біле бермейді. Қапшағай су қоймасын салу жөніндегі Димекеннің батыл шешімі мен іскерлігі тарихта өшпестей болып жазылып қалды. Медеу шатқалында тау жарып, қопарылыс арқылы бөгесін жасау «жоспар – шешіміне» басында кейбір ғалымдар «Алматыға қауіп төнеді» деп бұған қарсы болды. Димекен айтқанынан қайтпады. Соңында үрей қорқынышты елестеткен «қопарылыс әрекеті» сәтті болып тауда бөгесін жасалды. Медеудегі кейінгі сел-тасқын кезінде Димекен басын бәйгеге тігіп, су көкке шапшыған бөгеттің үстінде өзі жүрді. Өміріне қауіп төніп тұрғанын елемей, тасқын су бойында жұмысшылар мен мамандарға кеңес берді.



- Дінмұхамед Қонаев ағамыздың бойындағы қандай қасиеттер ерекше сүйсіндірді?
- Адамзаттың шынайы көшбасшысы дегенді қалай түсінесіңдер?
- Ол кісіні адамзаттың шынайы көшбасшыларының қатарына жатқызар ма едіңдер? Неліктен?
- Димаш ағамыздың бойындағы қандай қасиеттерді өз бойларыңда дамытқыларың келеді?



1-тапсырма. Төменде берілген қанатты сөздерді оқып, көшбасшылық туралы ойларыңды түйіндендер.

Сократ: «Әділдік пен шыншылдық бір билеушінің бойынан табылса, онда оның шыншылдығы мен әділдігінің арқасында өз өмірі де, билеп жатқан адамдарының өмірі де шаттыққа бөленеді».

Конфуций: «Мемлекетті басқаратын адам – халқын шын ықыласымен сүюімен қатар парасатты және шыншыл болуы шарт».

Жүсіп Баласағұн: «Ел-жұртты басқаратын адам – ақыл-парасаты ұшан-теңіз, ниеті түзу, сөзі шырын, білім мен өнерге жетік, қолы ашық, пейілі кең, жүзі жарқын, ешкімге кек сақтамайтын жан болуы шарт».

2-тапсырма. Өлең шумақтарын мұқият оқып, төменде берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

Екі Шыңғыс өнегесі

Мұхтар Шаханов

Екі Шыңғыс ғұмыр кешті мына ұмытшақ ғаламда
Екі дара із қалдырды олар елге, заманға.
Екеуі де дарынымен, жалынымен лаулады,
Бірі қылыш, найза кезеп, бірі рухпен баурады.
Екеуі де сан миллион адамдарды жаулады,
Екеуін де еске сақтап қалды қырғыз таулары.



Оның бірі – даңқ көгіне зорлығымен тырмысқан,
Жарты әлемді қан қақсатқан бас қолбасшы Шыңғыс хан.
Екіншісі – қару еткен рухи-намыс қанатын,
Қара күшке қарсы қойған адамдықтың санатын,
Әр жүректің айдынында ізгілік боп жанатын,
Жаңа Манас – ұлы Шыңғыс Айтматов болатын.

- *Екі Шыңғыс арасындағы айырмашылық қандай?*
- *Олардың ішінен қайсысын шынайы көшбасшы, ал қайсысын жай танымал деп атауға болады? Неліктен?*

3-тапсырма. Төменде берілген қасиеттерді пайдаланып, шынайы көшбасшы мен жай көшбасшыға мінездеме беріп, олардың портретін жасандар.

Көшбасшыларға тән қасиеттер: менмендік, еңбекқорлық, пысықтық, іскерлік, қырағылық, көрсеқызарлық, шешендік, адалдық, тәуекелшілдік, батырлық, сөзшендік, сабырлық, көңілшектік, құштарлық, көркемдік, тез бейімделушілік, бірбеткейлік, бауырмалдық, өркөкіректік, өнерлілік, табысқорлық.



Көшбасшы – қоғамға, ұйымға немесе топқа ықпал етуге қабілетті тұлға. Халықтың немесе белгілі бір топтың мақсат-мүддесін толық сезініп, қорғай білетін, бойына саяси қайраткерге лайықты қасиеттерді жия білген адам Көшбасшы ретінде танылады. Көшбасшы адамдардың күш-жігерін біріктіріп, іс-әрекетін қоғам мүддесіне сай жүргізеді. Көшбасшыға алғырлық, ақылдылық, қажырлылық, ұйымдастырушылық, жұртқа жағымдылық, сондай-ақ өзіне жауапкершілік ала білу және іскерлік таныта білушілік, т.б. қасиеттер мен қабілеттер тән.

Көшбасшының екі түрін атауға болады: шынайы көшбасшы және жай көшбасшы. Жай көшбасшы өзі үшін, ал шынайы көшбасшы басқалар үшін өмір сүреді. Шынайы көшбасшы қоғам игілігі үшін риясыз қызмет етеді. Оның ойлары, сөздері мен істері бір жерден шығады. Ол жеке бастың мүддесін немесе атақ-даңқты көздемейді. Олар адамдарға рух беріп, бойларына сенім орнатады. Адамдар шынайы көшбасшыларды шын жақсы көріп, олардың соңынан қорыққаннан емес, жүректерінің қалауымен ереді.



Менің сүйікті әкем

Әйгерім Шынтемірқызы

Біздің ауыл Қаратаудың етегінде орналасқан. Жүзге тарта түтіні бар «Қыраш» деген ауыл. Ауылымыздағы әр әулеттің тұрған жерлерінің атауы бар. Мен тұратын төбе «Бас жақ» деп аталады. Келесі төбе – «Құттырған төбе», неге олай аталғанын білмеймін. «Молданың ауылы», «Әжіннің ауылы», «Бай ауылы» – осылай аталып кете береді. Аттарынан-ақ білініп тұрған сияқты неге олай аталғаны.

Біз тұратын бас жақ пен мектебіміздің арасында канал бар. Анам айтпақшы, Алланың бізге берген бағы, үлкен сыйы «Қайнар» бұлағымыз да күндіз-түні сыбдыр қағып ағады. Қыста жай ағады, себебі үлкен тоғанымыз бар, қыстай



бұлақтың басын бұрып тоғанға салып су жинайды. Өйткені жазда әр үйге тоған арқылы бау-бақша егуге су жіберіледі.

Кейде ойлаймын, үлкендердің ұқыпсыздығы ма, бақшаға су алам деп жан-жаққа су кетіп жатады. Көктемде су тасыған кезде арық толып, каналға су жиналып қалады. Арықтан каналдың үстіне су өтетін «труба» бар, ол су «Бай ауылына», «Әжіннің ауылына», «Құтырған төбеге» кетуі тиіс. Сондықтан бізде өткел жоқ, арғы бетке труба арқылы өтеміз. Кейде кіші сыныптың балалары құлап жатады. Анам әрі-бері тиісті адамдарға айтып көріп еді. Одан еш нәтиже шықпады. Былтырғыдай емес, каналдың іші қазылған. «Жас балалар құласа, қиын болады», – деп, анам өкініп жүретін.

Бір күні інім екеуі ақылдасып, өткел⁶⁰ жасамақшы болды. Бірақ өте қиын, жанында үш труба болатын. Інім сол трубаны ашып көріп еді, еш қозғалмады. Ауыл адамдары «болмайды» деп өте шығады. Анам қалай да соны жасамақшы болды, бірақ қалай жасайды. Білмейді. Інім екеуі әкеме айту үшін ақылдасты.

Менің әкем – өте еңбекқор, шыншыл, адамгершілігі мол, бірақ өте қатал жан. Өтірік, өсекке жаны қас. «Сендерге не керегі бар?» – деп айта ма деген қорқыныш сезімі де болды. Әкемнің кішкентай тракторы болатын. Сол трактормен күнде тауға барып шөп әкелетін. Азанда кетіп, кешке келеді. Қатты шаршайды. Ал бүгін өте көңілді болатын. Інім сол сәтті пайдаланып, әкеме еркелей отырып, анам екеуінің ойын жеткізеді.



– Әке, биыл каналға өткел жасайықшы, көп адам өтеді, – деді ол.

– Сауабы күшті болады, – деп анам да әкемді көндіруге тырысты.

Әкем сәл ғана ініме басын бұрып, мақұл дегендей ишара көрсетті. Анам мен інім қуанып қалды. Түстен кейін, таудан ертерек келіп, әкем қолына күрек алып, анам мен інім айтқан каналды көріп келуге кетті. Біраздан кейін қайтып келді. Барып келгенше анам шәй қойып дайындап отырды.

Әкем дастарқан басына жайғасқан кезде, анам әкемнен:

– Қалай болады, өткел жасай аламыз ба? – деп сұрады.

Әкем «білмеймін» дегендей иығын қозғады. Бәріміз үнсізбіз, анамның көңілі түсіп кеткен. Інім де қарап отырмай анама: «Анашым, сіз «қалай да жасатамын, сендер жасамасандар қойыңдар деп айттым» деп келіп едіңіз ғой көпшілікке, дос-дұшпанға таба болатын болдыңыз ғой», – деді. Сол кезде әкем үнсіз орнынан тұрып, сыртқа шығып кетті. Артынша інім де шықты. Қасына еріп кеткен інім бір кезде қуанып келді.

Әкемнің канал басына барып, өткел жасауға кірісіп кеткенін айтты. Трактормен інім мен анам қозғай алмаған трубаны еппен, есеппен тартып, каналдың дәл ортасына біріне-бірін жалғастырып қойды. Сонымен кеш те батты. Кешкі аста енді ертеңгі жасалатын жұмысты әкем анам мен ініме түсіндіріп жатты.

⁶⁰ Өзеннен өтетін таяз жер, кешу



Куаныштарында шек жоқ. Осы өткелді жасап жатқанын көрген көршіміз Назгүл апа қандай көмек керек екенін айтты. Әкем: «Қиыршақ тас болса, жолды тегістеуге болар еді», – деді. Назгүл апаның ұлы Серік аға ауыр жүк көлігін айдайтын. Серік ағаға айтып, қиыршақ тасты түсіріп беруге уәде берді. Оны естіген анам мәз-мейрам болып қалды.

Таңертең әкем тракторын іске қосып, канал жаққа қарай беттеді. Біз сабағымызға кеттік. Мектептен қайтып келе жатып, өткелдің жасалғанын көріп қуандық. Керемет жасалған. Барлық оқушы бас жаққа, яғни үйлеріне қорықпай, өткел арқылы өтіп жатты. Іштей әкеме деген мақтаныш сезімі тұрды. Менің әкем осындай қайырымды адам. Мен әкемді мақтан тұтамын.



- Әкенің әрекеті неліктен мақтауға лайық болды?
- Әкенің бойынан көшбасшыға тән қандай қасиеттерді байқадыңдар?
- Көшбасшы болу үшін міндетті түрде атақты болу шарт па? Неліктен?
- Күнделікті өмірде үлгі тұтатын көшбасшыларың бар ма? Әңгімелеп беріңдер.
- Өздерің шынайы көшбасшы болуға қаншалықты талпынып жүрсіндер?



4-тапсырма. «Менің өмірімдегі шынайы көшбасшы» тақырыбына эссе жазыңдар.

5-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға өз беттеріңше ойланып, жазбаша жауап беріңдер.

- Менің ойым, сөзім және ісім әрқашан бір жерден шыға ма?
- Менің сөзім мен ісім тек өз мүддемді көздей ме, әлде «мен», «маған» және «менікінен» жоғары мұраттарым бар ма?
- Қабылдаған шешімім дұрыс болмай қалатындығына қарамастан, өз бетімше шешім қабылдауға батылым жете ме? Әлде басқаларға арқа сүйеп жүрмін бе?
- Өз қиындықтарымды сәтті жеңе білуге менің күш-жігерім мен табандылығым жеткілікті ме? Әлде қиындықтарға кездескенде айналып өтем бе?

6-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығып, алған әсерлеріңмен, түйген ойларыңмен бөлісіңдер.

Елдің иесі сендерсіңдер, қарақтарым!

Қасым Қайсенов

Айналайын балаларым, сендерді көргенде өзімнің балалық шағымды еріксіз еске түсіремін. Көз алдыма тай-құлындай тебісіп бірге өскен достарым келеді. Біз де сендер секілді ойынның қызығына тоймаушы едік. Жүгіреміз, жарысамыз, күресеміз, алысамыз. Шыжыған шілденің ми қайнатқан ыстығында өзеннен шықпаймыз. Бәрі қызық, бәрі тамаша. Сонда қол-аяғымыздың тілім-тілімі шығып ашығанын да сезбейтінбіз...

Міне, ұл-қыздарым, бәрің менің немере, шөберелерім сияқтысыңдар. Сондықтан да өте алыстап кеткен балалық шағымды сағына еске алып, сабақ болсын деп ауызға алып отырмын.



Балалық дәурен өтеді де кетеді. Бірақ қызығы да, қуанышы да, тіпті ауыртпалығы да аз болмайтын балғын шақтың әсері жадында мәңгі қалады. Өз басым бүгінде сексеннің ен ортасынан ассам да, алаңсыз кездің әдемі әсері санамда сайрап тұр. Ата-ана тәрбиесінің күші шығар, бойыма турашылық, бірсөзділік, қиянат көрсе өршеленіп кететін өршіл мінез, батылдық секілді қасиеттер молынан енді. Соның бәрі дерлік жан дүниеме балалық шағымда ұялады. Тек қана жақсы адамдарға үйір болдым. Істерінен, сөздерінен өнеге алдым.

Тәуелсіз қазақ еліне білімді де білгір, ақылды да алымды, іскер де намысқой азаматтар көп керек. Олар – сендерсіңдер! Елдің ендігі иесі өздерің екенін жадыларыңнан ешқашан шығармаңдар, қарақтарым!

- Қасым атаның өнегелі өсиетінен қандай ой түйдіңдер?



Қазақ отбасындағы көшбасшылық рөл әкеге беріледі. Өз отбасының, ағайын-туыстың мәселелерін шешуге атсалысып, ондағы қарым-қатынастың реттеліп, рөлдердің сақталуына басшылық жасап отырады. Әке – асқар тау. Отбасында әкенің орны бөлек. Әке – бала үшін әрқашан көшбасшы. Ол тек бір отбасының ғана емес, ауылдың, рудың қамқоршысы, ел ағасы.

Өмірге келген баланың әрбір сәтті қадамы әке үшін үлкен мәртебе, зор мақтаныш. Сондықтан да әке ақылымен жүру, ешкімнің ала жібін аттамай, адал ғұмыр кешу баланы тек жақсы болашаққа ғана әкеледі. «Әкеге бағыну – Аллаға бағыну» депті данышпан бабаларымыз. Демек, әкені ренжітпей, оның ойлаған ойынан шығып отыру – әрбір перзенттің басты парызы саналған.

Сонымен қатар қазақ халқында «ел ағасы» деген ұғым бар. Оның терең мағынасы «көшбасшылық» ұғымына сәйкес келеді. Ағайын-туыс арасындағы қарым-қатынас оның тегінен, туған ел-жұртының дәстүр-салтынан, үлкен-кішінің бір-біріне деген сыйластығынан, адал ниет, ақ тілегінен нәр алады.



Алға, қазақ жігіттері!

Сөзі мен әнін жазған Ержан Серікбаев

Асыл текті туған,
Алаш кегін қуған.
Ерлерім ел үшін,
Белін бекем буған.
Ақ білек күшімен.
Ақ найза ұшымен,
Қорғаған бабамның,
Үлгі алып ісінен.

Қайырмасы:

Алға, алға, алға қазақ жігіттері,
Сенім артқан жансын халық үміттері.

Көк аспанда желбіресін көк байрағың,
Жаса мәңгі, қазағымның жігіттері.
Жігіттер, жігіттер,
Биікке өрлеңдер.
Ел үшін, жер үшін,
Намысты бермендер.
Нардың күші дарып,
Жүрек дүрсіл қағып.
Жетіндер жеңіске,
Шаршы топты жарып.

Қайырмасы.



31-32

АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ БАЙЛЫҒЫ



Атамұраң – асыл қазынаң.

Халық даналығы

- Дәйексөздердің мағынасын қалай түсінесіңдер?



Бір күйдің тарихы

Ахмет Жұбанов

Әрбір халықтың ардақ тұтар айбыны мен ішкі әлемінің айдыны есепті ешбір нәрсемен алмастыруға болмайтын ұлттың өзімен бірге туындап, біте қайнасып келе жатқан мұрасы бар. Адам жанының ішкі толқынысын, сезім шеруінің нөпірін таңғажайып үн, әуен, ырғақпен жеткізе білетін қазақтың қара қобызы мен қоңыр домбырасы, сырлы сыбызғысы арқылы пайда болған күйлерді осындай мұра қатарына жатқызуға болады. Ұлттың рухани әлемі мен жан сұлулығы, ерлігі мен өрлігі, даралығы мен дарындылығын, дархандығы мен даналығын, тағы сол сияқты сан алуан қасиет-қабілетін осындай үнтөкпелерден таниды, сезінеді, тебіренеді, тәрбие алады.

«Ақылың болса жыр тыңда», «Жігітке өнер де өнер, өлең де өнер» деген қазақ, музыканы бір мезетте өмір құралы етуден тоқтаған жоқ. Театр, сурет өнеріндей белгілі жағдайды керек ететін емес, ән-күйдің ат жалында, түйе қомында жүріп те дами беретін ерекшелігі де біздің халықтық музыкамыздың ғасырлар бойы өмір сүруіне себеп болды. Тарихтың небір тар жол, тайғақ кешуін өткенде де қазақ халқы әні мен күйін демеу етіп, жан жарасын жазып жібермесе де жұбаныш етіп келеді.

Күй – көне жанр. Оның сан ғасырлық тарихы бар. Қалыптасқан дәстүрлері мен мектептері бар. Күй мазмұны – халықтың өмір айнасы. Күй тілі – ана тілімен бірдей. Құрманғазы күйлерін тыңдаған кез келген қазақ баласының неге делебесі қозып, көзі от шаша бастайды? Себебі бұл күйлердегі кең даланы дүбірлеткен ат тұяғының дүрсілі, ию-кию араласқан шайқас сарыны, үздігіп барып кең жазыққа шыққандай, жарқын жеңіске жеткендей жайраңдап шыға келетін жайма шуақ қоңыр әуен... Халық Құрманғазы күйлерінен бойына қуат, жанына медет, үмітіне тірек тапты. Шынайы өнер туындысының қадір-қасиеті уақыт өткен сайын бедерлене түсетіні белгілі.

Құрманғазының творчестволық кезеңінің аяқ жағына жататын күйлерінің бірі – көпке аты белгілі «Адай». Бұл күйдің шығуы жайлы ел аузында әлденеше түрлі аңыз бар.

«Құрманғазы жолаушылап келе жатып бір Адайдың (бұл арада ру аты) үйіне түседі. Үй ішінде шал мен кемпір болады. Қай жерден, қай елден келе жатқанын, толық аты-жөнін Құрманғазы ашық айтып бере қоймай, қазақ әдетіндегі «сүйрей салмамен» жүрген жерінің иттен-құстан амандығын, басқа «алды-салдының» естілмегенін, ат-көлігінің аман екендігін, «құдайы қонақ» екендігін айтумен



тоқталады. Бір кезек үй иелері шаруалары болып далаға шығып кетеді.

Осы кезде Құрманғазының көзі керегенің басында ілулі тұрған үкілі сары домбыраға түседі. Домбыраның үкісі – оның иесінің не қыз, не сал мен серінің бірі екенін ескертеді. Қаншама ұзақ жол жүріп шаршап келгенімен, домбыраны көргесін, оны ұстап қарағысы келіп, қолына алып, бір-екі қағып, әдейі теріс бұрап, қайтадан бұрынғы орнына іліп қояды. Біраз уақыт өткеннен кейін кемпір мен шал, он жеті-он сегіз шамасындағы қыз кіреді. Қыздың аты – Ақмаңдай екен. Ол келісімен-ақ, төрде отырған қонаққа көзінің қырын да салмай, бірден керегенің басындағы домбырасын алып, тартуға айналады. Бір-екі қаққансын-ақ, домбырасының бұрауының өзгергенін сезіп: – Мынаған кім тиген? – деп әке-шешесіне қарайды. Олар не дерін білмей, «жазықты осы болар-ау!» дегендей төр алдындағы күйшіге қарайды. Ақмаңдай енді қайталап сұрамай, домбырасын өз бұрауына түсіріп, бір күйге кірісіп кетеді. Ақмаңдай күйдің аяғына шыққан кезде Құрманғазы қызға қарап:



– Шырағым, күйдің шоғын тартпай, боғын тарттың ғой! Домбыраны бері берші! – дейді. Күтпеген жерден мұндай әңгіме есіткен Ақмаңдай, екі көзі күйшіде болып, домбырасын Құрманғазыға қалай ұсынғанын сезбей де қалады. Кемпір мен шал аң-таң болып, «бұл өңірде Ақмаңдайдың домбыра тартысы жөнінде ешкім бір ауыз сөз айтып көрген жоқ еді, бұл жер астынан екі құлағы тік шыққан қандай жік екен» дегендей біріне-бірі қарай береді.

Құрманғазы бір күйді болған кезде үй адамдары біріне-бірі сыбырлап, бұрын-соңды бұл айналада Ақмаңдайды домбырадан сүріндірмей келгендерден емес-ау, тартыс шоқтығы тым биік екен дегендей, бір жағынан жұмбақ қонақты шырамытқандай, баяғы ашудан тыс жылы шыраймен күле қарап:

– Шырағым, домбыра тартысың біздің бұл араның тартысына ұқсамайды, Қызылқұрт Құрманғазы деген бар деп еді, сен соның өзі емесісің, «аяқ алысың» әлей екен тым, – дейді.

Құрманғазы мұртынан күліп:

– Болсақ болармыз, – деген екен.

Енді үй іші болып қолқалап, Құрманғазыға қайтадан домбыра тарттырып, бірнеше күн жатқызып қонақ етіп, сый-құрметпен аттандырады. Сондағы қыздың тартқан күйі «Адай» да, Құрманғазының тартқаны «Серпер» күйі екен дейді.



- Адамның рухани әлемі мен жан сұлулығы қаншалықты байланысты? Нақты мысал келтіріп, түсіндір.
- «Қазақ деген кім? Домбыра деген не?» деген сұраққа өзің қалай жауап берер едің?



- Автордың «Тарихтың небір тар жол, тайғақ кешуін өткенде де қазақ халқы әні мен күйін демеу етіп, жан жарасын жазып жібермесе де жұбаныш етіп келеді» деген ойы нені білдіреді? Өмірден мысал келтір.
- «Құрманғазы күйлерін тыңдаған кез келген қазақ баласының неге делебесі қозып, көзі от шаша бастайды?» – деген пікірмен келісесің бе? Неліктен?
- Өзің домбыра әуенін, күй тыңдағанды ұнатасың ба? Қандай әсер аласың?
- Халық өнерінің бай мұрасы келешек ұрпақ тағдыры үшін қаншалықты маңызды деп санайсың? Ойыңды дәйектеп түсіндір.
- Сенің пікіріңше, адамның рухани әлемінің баюына қандай қасиеттер себеп болады?



1-тапсырма. Төменде берілген ақпарат бойынша өз ойыңды білдір.

«Қазақ әнін 2 миллиард халыққа паш еткен Димаш Құдайберген өз орындауынан кейін сахна сыртына барып, еңкілдеп жылаған. Себебі оның ең әуелгі мақсаты орындалды. Ол қытайларға, қала берді бүкіл әлемге қазақ әнін, қазақ күйін тыңдатты».

- Димаш орындаған ән мен күй сендерге таныс па? Қалай аталады? Авторы кім?
- Димаштың өнерінен өздерің қандай әсер алдыңдар? Не ұнады/ұнамады? Неліктен?

2-тапсырма. Мәтіннен үзіндіні және ұлы Абайдың өлеңін зер салып оқып, мазмұнына мән беріңдер. Өзі ойларыңды «Өнер – өмірдің мәні, өйткені...», және «Өнер – өмірдің сәні, өйткені ...» деп дәлелдеп жазыңдар. Ойларыңды топ алдында жария етіңдер.

Қазақ биі

Орынбасар Дөңқабак

... Осы жерде Шара апамыздың би туралы айтқан бір әңгімесін еске алудың реті келіп тұр. «Әлі есімде, – деп бастап еді сөзін көзінің тірісінде бір кездескенімде, – театрда «Айман-Шолпан» пьесасын қоюға дайындық жүріп жатқан шақ болатын. Бірінші күні музыкасын тыңдап әзірленіп жатқанбыз. Мұхаң, Мұхтар Әуезов мені оңаша шақырып алды да: – Шара, – деді, – мынау қазақ халқы дарынды халық, өнерпаз халық, ән деген, күй деген мұра қалған. Ал бұл қазақ халқынан қалған биден саған мұра жоқтың қасы. Сен осы биді қолыңа ал. Менің байқауымша, сенен бір нәрсе шығатын түрі бар. Ал қай өнерді алсақ та, опера болсын, мына музыка театры болсын, оның бәрі бисіз болмайды. Осы «Айман-Шолпаннан» баста. Қандай би бар?..


– Мұха-ау, қандай би? Менің билеп жүрген билерім әртүрлі. Бұған қандай би лайықты екенін өзіңіз айтыңыз.

– Сен мынадан баста. Қазақтың мидай даласы... Көкпарды көрдің бе? Бәйгені көрдің бе? Қаражорғаны көрдің бе?

– Е... көрдім...



– Мына аттың жорғасы, жәй жүрісі, сылбыр жүрісі, шабыс жүрісі, осының бәрі би емес пе, би. Күйді тыңдап көрдің бе? Күй, қол өнері, ағаш үйдің өзі, ою, кілем тоқу, өрмек тоқу, ши орау, осының бәрі қимыл, осының бәрін ойлап, музыкасын тауып, күйін тауып сәйкестірсең би болып шығады. Енді «Айман-Шолпанда» сен мына «Қоян биінен» баста, – деп өтініш айтты. Сонымен екі қызбен қоян болып билеп, кейінірек «Қаражорғаны» билеп, би өнерін бастадым, – деген еді сонда. Ұлттық би өнерімізге қамқоршы болған заңғар жазушының сол бір көреген қасиетінің өміршендігіне бүгінде көзіміз жеткендей. Мұхаң айтқандардың бәрі қазақ биінің табиғатында бар десек ешкім бізбен дауласа қоймас. Ұлы тұлғалар негізін қалап кеткен ұлттық дәстүрлі би мектебіміз де бар, тек оны өз халқымыздың дүние танымына сәйкес туындылармен, ұлттық бояумен өрнектей білсек болғаны.



Қазақ вальсі. Г.М. Исмаилова. 1958 ж.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы

Абай

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.
Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол – ақынның білімсіз бишарасы.

Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.
Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?

3-тапсырма. Берілген сөзтізбекті дұрыс шешсеңдер, Абайдың өнер туралы қанатты сөзі шығады. Тапсырманы дәптерде орындаңдар.

1-сөз: Өнерлі адам.

2-сөз: Шартты рай тұлғасындағы етістік (2-ші жақ).

3-сөз: Туынды етістік.

Ө		е			а			о		а		,
					а			а		а		

4-тапсырма. Нақыл сөздерді оқып, негізгі ойын анықтап, бүгінгі өмірмен байланыстырып, қорытынды жасаңдар.

М. Әуезов: «Заман толқыны тарих теңізінің жағалауында көркем өнердің баға жетпес меруерт-маржандарын қалдырады».

Н.А. Некрасов: «Ақын болу шарт емес, азамат болу – парызың».

П. Корин: «Өнер адамды асқақ сезімге бөлеуге, адамның жан дүниесін нұрландырып, байыта түсуге, ал өмірдің өзін кемелдендіріп, игілікті етуге тиіс».

К. Маркс: «Өнер туындысы өнерді түсінетін және сұлулықтан ләззат алуға қабілетті адамдарды тудырады».

Аристотель: «Адамдардың мінез-құлқын, ішкі жан дүниесін, әрекетін көрсететін таза ырғақтың көрінісі, себебі би қимылдары туар кезде ырғақтық сурет әдетте оны туғызған сезім күйіне сәйкес келеді».

Жамбыл: «Өн – халық үні, оның шындығы, оның ойы мен сезімі».

Д. Шостакович: «Музыканы сүю үшін ең алдымен оны тыңдай білу керек».

Зейнолла Серікқалиұлы



«Өнер» ұғымының халық шығармашылығы, көркем әдебиет, живопись, мүсіндеу, музыка, кино, театр, сәулет т.б. қамтитыны белгілі. Бірақ картина мен музыкалық шығарманың, роман мен статуяның, кинофильм мен ғимараттың арасында оларды біріктіретін, жалпы не, қандай күш бар? Бұлардың барлығын неліктен бір ғана «өнер» ұғымымен танып, біріктіреміз?

Мұның себебі, жақсы романды оқу да, әдемі өнер туындысын, мысалы картина немесе мүсінді тамашалау да, жақсы музыканы тыңдау да жүректі тербетіп, жылатады да, күлдіреді; қуанышқа бөлейді де, қайғыға батырады, толғанысқа түсіріп, шаттыққа бөлейді; олар адамды жазушының, суретшінің, композитордың т.б. соңынан ертіп, солармен бірге суреткерлердің мүсіндеген, туғызған әлеміне жетелейді.



Рухани ұлы мұрат

Зейнолла Серікқалиұлы



Әлем картасы ала-құла. Деректер мен көрсеткіштердің өзі әр тілде сөйлейді. Жарық дүниеге дайын біліммен келетін тірі пенде жоқ. Шыр етіп жерге түскен сәттен бастап нәресте үшін бүкіл өмір оқылмаған қалың кітап тәрізді... Еңбектеп, қаз-қаз басып, бірте-бірте тілі шығады. Ержетіп, есейеді... Ол ғұмыр бақи осы өмір кітабын оқып өтеді.

Білім – дүниенің кілті. Білім дегеніңіз – ғылым. Ғылым дегеніңіз – электроника, теледидар, ғарыш... Адамзат ұрпағының қазіргі бүкіл рухани, ғылыми-техникалық игілігі осы білімнен тамыр тартқан. Мектеп – білім бастауы; кітап, кино, жоғары оқу орындары, радио, теледидар, баспасөз – қазіргі заманда қай елдің, қай халықтың болмасын ұлттық мәдениетінің негізін қалайтын, мерейін өсіріп, шаңырағын көтеретін ұлы тірегі.

Соңғы жиырма шақты жылдың өзінде, бұрын-сонды қолына кітап ұстап көрмеген кең дүниенің езілген, қайыршы 800 миллион халқы бірте-бірте сауатын ашып, көкірегі оянып, білімнің, ғылымның, рухани өнер игілігінің не екенін



сезіне бастаған.

Әділдік, азаттық үшін, жер бетіндегі баянды бейбітшілік үшін күрес – татар дәм, бір үзім нан үшін ғана күрес емес, ол – бүкіл ізгілік жұрағатының ұлы тиянағы адам намысын қорғау жолындағы теңдік, бауырластық, ғалам жарастығы үшін күрес, ар-ождан тазалығы, ғылым, білім үшін күрес.

Қарап отырсаңыз, адамзат ұрпағына қызмет ететін игілікті, ғылыми-техникалық, рухани қазынаның бәрі де ғасырлар бойғы адамдар арманының ақиқатқа айналған ұлы ырысы екен. Адам тек өз қарабасының қамы, мұң-мұқтажы жайлы ғана емес, бақытты өмір сүрсем деген жұпыны талап-тілегінен бастап, өз ортасы, төңірегі, елі, жері, жарық дүние, бүкіл әлем тағдыры туралы ойланған.

Адам мен арман – егіз. Ғалам әдебиеті асыл қазыналарының бірі, біз өз жазбаларымызда орала беретін ежелгі Вавилон мұрасы Гильгамеш эпосынан бастап, бүкіл халықтар тарихындағы батырлық, ерлік жырларының қай-қайсынан да адамзат ұрпағының ең ізгі арман-үмітімен сабақтас әр қилы іздену жолдарын аңғару тіпті де қиын емес. Ұлан-ғайыр кең әлемді кезіп, мәңгілік ғұмыр жырын шерткен Қорқыт қобызының зарлы сарыны да ұрпақтан ұрпаққа дүние сұлулығы, баянды бақыт туралы аялы арманына дем беретін рухани сүйеніш боп қала берген. Біз енді осы байырғы халық аңыздарының жаңа мағынасын жаңаша сезінеміз. Адам өзі өлсе де, ешқашан оның ісі өлмесін! Арман қашан да ұлы идеялар мен ғұмырлық мұрат-мақсаттардың негізі болған.

Адам баласының пейіл бояуы әлі де ғасырлар картасының жүзіндей алабажақ. Бір жерде болмаса бір жерде әлдекімге кезелген мылтық дүрбісі, тірі жанның өңменіне қадалар оқ сұсы, өлім сұсы тұрғанда, бір халықтың бір халыққа озбырлығы – отарлық езгі үстемдігі бар кезде әрбір ойланатын жүрек саусағын жылы суға малып, жайбарақат мүлги алмайды.

Ендеше бүгінгі заман мәдениеті мен әдебиетінің әлеуметтік орнын айқындайтын басты меже де: ұрпақ пен ұрпақты рухани жалғастырып жатқан, адамгершілік пен азаттық мұратын жырлайтын, ой-өрісінді кеңейтіп, болашақ өмір келбетін тек ізгілік жүзінен іздейтін, бейбіт еңбек пен жарасты тұрмыс салтанатын дәріптейтін, жер бетінде әлі де қыруар қамқөңіл жүректерге шапағатын дарытып, үміт шырағын жағатын таза шеберлік, сұлулық үлгілері деп білу керек.



- Сенің ойыңша, өнер неге арналған, оның басты мақсаты неде?
- Өнер адамға қалай әсер етеді?
- Адамдар өнермен неге айналысады және оған деген қажеттілік бар ма?
- Суретші үшін көрерменнің пікірі маңызды болса да, ол неліктен ешқашан біреудің жетегіне ермейді?
- Сенің өмірінде өнердің алатын орны қандай?
- Сенің өнермен айналысқың келе ме? Қандай түрімен?
- Адамның өмір бойы көркемөнер туындыларына көңіл аудармай өтуі мүмкін бе, қалай ойлайсың? Сенің ойыңша, мұндай өмірдің қандай кемістіктері мен жетістіктері бар?
- Көркем өнердің, әдебиеттің адамдарды, халықтарды біріктіруші күші жөнінде қандай ой түйдің?



5-тапсырма. «Жазушының (суретшінің, өнер адамының) рухани бейнесі» немесе «Менің рухани бейнем» тақырыбына шағын зерттеу жүргізіп, ой қорытындысын ортаға салыңдар.

6-тапсырма. Орыс суретшісі, пейзаж шебері Исаак Ильич Левитанның (1861-1900) өнер туындысын қарап, орыс жері табиғатының көктемгі бейнесін өзін туған өлкенің әсем табиғатымен салыстыр. Төмендегі сұрақтар бойынша өз ойыңды білдір:

- Еліміздің, шетел қылқалам шеберлерінің табиғат көрінісін бейнелейтін қандай шығармаларын білесің?
- Бұл шығармаларға ортақ не нәрсе деп ойлайсың?
- Оларды не біріктіреді?




*Алма ағаштар гүлдегенде.
1890 жылдардың ортасы. И.И. Левитан*

7-тапсырма. Төменде берілген өлең үзіндісін оқып, «көзқарас – себеп – мысал – қорытындылау» әдісімен талқылаңдар.

Қолөнер – өзің өлсең, бірге өледі,
Сонда-дағы қалғандар үйренеді.
Сен кетсең де өнерің елде қалып,
Талай жанға азық пен мал береді.

Шәкәрім

8-тапсырма. Тақырып бойынша өтілген материалдарды қайталап, «Рухани мұра» атты сөзжұмбақты толтырыңдар (тапсырманы орындауда курсивпен бөлінген сөздерге назар аударыңдар).



Көлденеңінен	Тігінен
<p>4.Адамның өз қолымен, ақыл-ойымен жасағандары және жасап жатқан мәдени мұрасы.</p> <p>6.Қымбат мүлік, асыл тастар, алтын-күміс бұйымдардың жалпы атауы.</p> <p>7.Адам дүниетанымының кеңдігі, рухани байлығы, ізгі ниеттілігі, қайырымдылығы.</p> <p>8. Дәстүрлі тұтыну және сәндік бұйымдарын әдетте қолмен жасайтын ұсақ өндіріс.</p>	<p>1.Объектіні бейнелі түрде көркем, образды суреттеу.</p> <p>2. Кәсіби немесе әуесқойлық істі іскерлікпен шебер үйлестіріп, жүзеге асыру.</p> <p>3. Адам бойындағы терең мақсатты, асыл арманды, үлгі-өнегені білдіретін ұғым.</p> <p>5. Даналардың ұрпақтарға жеткізетін ұлағатты ой-пікірі.</p> <p>9. Адамның дүниетанымын, ішкі сезімін көркем образдар арқылы бейнелеу.</p>



Зейнолла Серікқалиұлы

Өнер әлемді тек өзіне ғана тән тәсілмен бейнелейді. Суреткердің өмірді бейнелеуі мен өзінің ойын, сезімдерін білдіру тәсілі көркем образ деп аталады. Образды, ғылыми ұғымнан ерекшелетін нәрсе – оны әртүрлі сезім арқылы қабылдап, көруге және естуге болады.

Шын суреткер – бір қалыптан шыққандай өз тегі, өз заманының ортақ ұлы ғана емес, ол – қайталанбас дарынды дара тұлғасымен, шеберлігімен, ерекше қатынас-көзқарасымен өзі жасаған туындыға өз қолтаңбасын қалдыра алатын адам...

... Адам өзін нағыз адам ретінде сезінуі үшін оған материалдық құндылықтардан басқа да байлық керек. Бұл – эстетикалық құндылықтар. Олар қоршаған әлемді ғана емес, сонымен бірге өзінді де танып, білуге көмектеседі. Сұлулық адамды әртүрлі сезімге бөлейді: қуану мен қайғыру, таңдану, көңілдену, біреудің қайғысын бөлісу т.с.с.



... Адамзат ақыл-ойы дарытқан ғылым-білім, парасат мұратын өз бойына жан-жақты сіңірген көркемөнер үлгілері ғана ұрпақтан ұрпаққа қастерлі қазына болып қала береді. Шын мәніндегі сүбелі өнер туындыларының қай-қайсынан да біз осындай жаратылыс тынысына жан біткендей, суреткер көңіл-күйімен, шеберлік, сезімімен біте қайнасып, біртұтас рухани игілікке айналған бай білім, өлмес бейнелер қуанышын табамыз.



Домбыра туралы баллада

Сөзін жазған Шәмшібай Сариев

Әнін жазған Кеңес Дүйсекеев

Күй ойнайды қазағымның қанында,
Күй ойнайды қазағымның жанында.
Жүрегінің, жүрегінің, жүрегінің дүрсілі -
Күмбірлеген домбырасы барында.

Қайырмасы:

Бабамыздың мұңысың сен, домбыра,
Анамздың сырысың сен, домбыра.
Қазағымның жүрегінен жаралған,
Даламыздың үнісің сен, домбыра!

Домбыра бұл, үнсіз қалып көрмеген,
Қуаныш та, қайғы-мұң да кернеген.
Үзіледі, үзіледі, үзіледі әуендер
Ғашықтардың көз жасындай пернеден.

Қайырмасы.

Домбырадай шежіре жыр болмаған,
Даламыздың тағдырларын толғаған.
Армандарын, армандарын, армандарын халқымның
Аманат қып ұрпағына жолдаған.

Қайырмасы.



33-34

ҚАНДАЙ ӘСЕМ ӘЛЕМ!



Адамға тән бір жақсы қасиет – өзін қоршаған әлемнің әсемдік сырларына үңілу, содан рухани нәр алу.

Әл-Фараби

- Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңдар.



Өмір сүрудің ең жақсы жолы

(Тәмсіл)

Кішкентай бір ауылда жас адам кішкентай дүкен ашып өз ісін бастаған екен. Адам ақпейілді, жақсы мінезді болғаны үшін сол ауылдың адамдарының бәрі оны жақсы көретін. Оның дүкеніне барып сауда жасайтын, таныстарына да тек қана сол адамнан алуға кеңес беретін. Ісін кішкентай дүкеннен бастаған адам уақыт өте келе Американың түкпір-түкпіріне жайылған дүкендер желісінің иесі болады.

Бір күні ауыр науқастанып, бұл дүниеден көз жұмуына аз қалғанын сезеді де, үш ұлын қасына шақырып:

– Үшеуіңнің біреуің барлық дүкендерімнің иесі болады. Мирасымды оған қалдырамын. Қайсысың оған лайықты екенін білу үшін әрқайсысыңа бір доллардан беремін. Барып сол долларға бір нәрсе алыңдар. Кешкісін келіп, алған нәрселерің менің осы бөлмемді толығымен толтыруы керек. Шартым осы.

Ұлдары үлкен компанияны басқару мүмкіндігі алдында тиышсызданды. Қалаға барып үшеуі де долларларын жаратты. Кешкісін әкелерінің қасына қайта келген кезде, үлкен баласы:

– Досымның шаруашылығына барып екі қап сабан сатып алдым, – деді де, қаптарды ашып, сабанды әр тарапқа шаша бастады. Алайда көп ұзамай сабандар еденге түсіп, бөлмені толтыра алмады.

Екінші баласы:

– Дүкенге барып екі жастық алдым – деді де, жастықтарды сөгіп, ішіндегі жүнді бөлме ішінде шашып тастады. Бірақ жүн де көп ұзамай жерге түсіп, бөлмені толтыра алмады.

Үшінші ұлы:

– Долларды ұсақтап, 50 центін⁶¹ шіркеуге бердім, 20 центін қайырымдылық қорға бердім, 20 центін де садақа ретінде тараттым. Қалған 10 центке екі нәрсе алдым – деді де, қалтасынан сіріңке мен шырағдан⁶² шығарды. Бөлменің жарығын



⁶¹ АҚШ, Канада сияқты кейбір елдердегі бір доллардың жүзден біріне тең ұсақ ақша

⁶² Ортасына жіңішке жұмыр білте салып жасалған майшам



сөндіріп, шырағданды жақты. Сабан мен жүнге толмаған бөлме аз уақыт ішінде жарықпен толды.

Әке баласына риза болып:

– Мирасымды саған қалдырамын. Өйткені, өмір сүрудің ең жақсы жолын білесің – айналаңа жарық тарату! – депті.



- Жақсы өмір сүру дегенді қалай түсінесің? Сен үшін жақсы өмір сүрудің мәні неде?
- Қарттың ұлдарының бойындағы қасиеттерін атап бер, жауабыңды дәлелде.
- Балалардың әкесінің «...өмір сүрудің ең жақсы жолын білесің – айналаңа жарық тарату!» деген сөздерін қалай түсіндіресің?
- Сенің пікіріңше, өмір сүрудің ең жақсы жолы қандай болуы керек?
- Егер саған осындай шарт қойылса, оны қалай орындар едің? Мысал келтіріп, түсіндір.
- Оқылған мәтіннен өзің қандай сабақ алдың?



1-тапсырма. «Өзін-өзі тану» сабақтарынан не үйрендің? Ойыңды сыныптастарыңның алдында дәйектеп ортаға сал.

2-тапсырма. «Мен үшін жақсы өмір сүрудің мәні – ...» деген ойды толықтырып жаз.

3-тапсырма. «Табиғат – баға жетпес сый» атты мереке өткізіндер. Бұл үшін жобаның таныстырылымын әзірлеп, шығармашылық жұмыстардың, сондай-ақ фотокөрме және бейнематериалдар көрмесін ұйымдастырындар.

Жобаны жүргізіп, оны жүзеге асыруға сыныптастарыңның әрқайсысының қосқан үлесін қалай көрсетуге болатынын ойластырындар. Табиғат туралы өздерің сүйіп айтатын әндерді орындап, өлеңдер оқындар. Мерекеге достарыңды, ұстаздарыңды, ата-аналарың мен өздерің қамқорлыққа алып, көмектесіп жүрген қарт адамдарды шақырындар. Қонақтарға өз қолдарыңмен жасаған сыйлықтар дайындандар.

Мерекенің аяғында өздерің жыл бойы орындаған шығармашылық жұмыстарыңды пайдалана отырып, «Қайырымдылыққа толы әлем қандай әсем!» атты коллаж жасаңдар.



Адамның рухани өсіп, дамуы оның өзінің күнделікті өмірінде мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтармен үйлесімдікте өмір сүрген кезінде орын алады. Руханилық – бұл адамдардың қарым-қатынастарында көрініс тапқан адалдық, қайырымдылық, даналық, риясыз махаббат.

Ұлы қазақ ақыны әрі ойшылы Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныш



өмір сүруге мүмкіндік жоқ», – деп жазған. Адал еңбек, арлы ақыл және ақ жүрек – бұл қол, бас пен жүрек бірлігі. Осы үштік бірлік ой, сөз және іс бірлігінде көрініс табады. Адамның шынайы рухани байлығы оның басында туған ойдың жүрегінен өтіп, содан кейін сөз бен істе жүзеге асырылуында. Рухани білім – әрқашан практикалық білім.



Бақыт деген

*Сөзін жазған Мұқағали Мақатаев
Әнін жазған Бақтығали Жұмалин*

Бақыт деген – сенің бала күндерің
Бақытсыз-ақ бақытты боп жүргенің,
Бақытын да, басқасын да білмеуің
Бақытсыз-ақ ойнағаның-күлгенің.

Бақыт жайлы менің мынау білгенім.
Бақыт деген – бірде шаттық, бірде мұң.
Бақытты сол – тәрік етіп түндерін,
Бақыт іздеп азаптанса, кімде-кім.

Бақытың – мен, бақытым деп біл мені,
Мені білсең, бақытыңды білгенің.
Ал мен үшін ең бақытты күндерім –
Балам, саған бақыт іздеп жүргенім!





БІЛІМДІ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТІЛЕУ

1-тест

Әрбір ұлт тек өзінің төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады.

- а) Қазіргі уақытта басқаларға танылу міндетті емес деп санаймын.*
- ә) Келісемін, әрбір ұлт тек өзінің төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады.*
- б) Келіспеймін, басқаларға төл мәдениетсіз де танылуға болады.*

2-тест

Жамбылдың «Ән – халық үні, оның шындығы, оның ойы мен сезімі» деген ойына пікірім:

- а) Дұрыс айтады, ән-күй халықтың өмірімен тығыз байланысты, ән-халық өмірінің шежіресі іспеттес.*
- ә) Меніңше, қазіргі көптеген әндер туралы осы пікірді айтуға болмайды.*
- б) Ән арқылы өмір шындығын көрсету мүмкін емес.*

3-тест

Шынайы көшбасшы қоғам игілігі үшін риясыз қызмет етеді. Сенің көзқарасың?

- а) Өте дұрыс, шынайы көшбасшы қоғам игілігі үшін риясыз қызмет етеді.*
- ә) Жоқ, шынайы көшбасшы, ең алдымен, өз мүддесін ойлайды.*
- б) Мүмкін. Бірақ толықтай қосыла алмаймын.*

4-тест

Елімізде өнер мен әдебиеттің адамдарды, халықтарды біріктіруші күші жөніндегі пікірім:

- а) Жаһандану заманында өнер, әдебиет туралы сөз қозғау мүмкін емес.*
- ә) Көпұлтты, көпконфессиялы елімізде өнер мен әдебиеттің ел бірлігін сақтап қалудағы маңызы зор.*
- б) Әр ұлт өзінің төл мәдениеті мен әдебиетін дамытса жетіп жатыр.*

5-тест

Халық өнерінің бай мұрасы келешек ұрпақ тағдыры үшін қаншалықты маңызды деп санайсың?

- а) Иә, мұндай бай мұраны мұражайларда сақтау керек.*
- ә) Келешек ұрпақ үшін өнердің басқа түрлері жеткілікті болады.*
- б) Әрине, ұлт ретінде сақталып қалу үшін келешек ұрпақ халық өнерін үйреніп, қорғауы тиіс.*

Қымбатты жас достар!

Оқу жылының аяқталуымен құттықтаймыз! Қызыққа толы жазғы демалыстарында қоршаған орта, табиғат туралы өз білімдеріңді толықтыру мүмкіндігі тұр. «Табиғат – баға жетпес сый» жобасы бойынша жасаған қайырымдылық шараларын жазғы демалыста да одан әрі жалғастырыңдар.

Біз жыл бойы өзіміздің ойымыз, сөзіміз, ісімізді тек қана жақсылыққа, ізгілікке бағыттап жақсы, ізгі болуы керек екенін ұғындық.

Шынайылыққа, адамдыққа, ізгі мақсаттарға қарай өзгеруге нықтап ден қойдық. Күнделікті өмірде біреудің бізге жасаған жамандығын, біздің өзгелерге жасаған жақсылықтарымызды естен шығарып, ұмыту керек екенін түсіндік.

Сендердің ақ пейілдерің мен ізгі істерің жүректерден жол тауып, әлемді ізгі, мейірімді, шуақты ететіне сенеміз!



Жаз. В.Жиляков.

«ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» ПӘНІ БОЙЫНША ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІК

Абырой – 1. Ар, ұят. 2. Атақ, дәреже, бедел.
Адал – 1. Шын берілген, сенімді. 2. Кіршіксіз, мінсіз, қалтқысыз. 3. Турасы, шыны, ақиқат. 4. Пайдалануға, ішіп-жеуге жарамды, бағалы, пайдалы.

Адалдық – адам бойындағы таза ниет, имандылық қасиет.

Адам – 1. Ойлау, сөйлеу қабілеті бар, еңбек құралдарын жасап, оларды өз қажетіне жарата білетін, саналы қоғам мүшесі. 2. Көпшілік қауым, жұрт, халық.

Адамгершілік – қоғамдық талапқа сай ізгілікті, инабаттылықты білдіретін моральдық ұғым.

Адамдық – 1. Адамға тән ізгі қасиет. 2. Адамшыл, адамгершіл. Адамға арналған.

Адамзат – бүкіл адам баласы.

Ақиқат – 1. Заттар мен құбылыстардың практикада тексерілген анық бейнесі. 2. Шындық, дұрыстық.

Ақыл – 1. Адамның ойлау қабілеті. 2. Түйінді ой, пайдалы кеңес.

Ар – адамгершілік ізгі қасиет.

Арлы – ар сақтағыш, ұятты.

Ақниет – көңілі таза, пейілі ақ, адал пиғыл адамның кісілік тұлғасы мен мінезіндегі аса құнды қасиет.

Ақкөңілділік – адам баласының жақсы қасиеттерінің бірі. Ақкөңіл адам өзгенің жетістігіне, қуаныш, бақытына өз жетістігі мен игілік-бақытындай қуанады.

Әдеп – 1. Халықтың әдет-ғұрпында қалыптасқан этикалық тәртіп. 2. Сыпайыгершілік, ізеттілік.

Әдепті – инабатты, ізетті, тәртіпті, биязы, сыпайы.

Байсалды – ұстамды, байыпты.

Байсалдылық – байыптылық, сабырлылық, ұстамдылық.

Бейімділік – 1. Икемділік, ыңғайлылық. 2. Қабілеттілік, іскерлік.

Борыш – 1. Қарыз, бересі, берешек. 2. Міндет, парыз.

Даналық – кеменгерлік, данышпандық.

Дарын – адам бойындағы ерекше қабілет, талант.

Дүниетаным – дүниенің даму заңдылығын білу қабілеті, жалпы ой-өріс.

Жақсылық – қайырымдылық, рақымдылық, мейірімділік.

Жанашырлық – 1. Ниеттестік, тілектестік, қамқорлық, ет жақындық. 2. Бір адамның қиын жағдайға тап болған өзге адамға тілектес, ниеттес, сыйлас кісілеріне деген ерекше көңіл-күйі, қамқорлығы.

Жауапкершілік – 1. Адам бойындағы белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті орындап, жүзеге асыруынан байқалатын адамгершілік қасиет. 2. Өмірге, іс-әрекетке ар-ұятпен, аса ұқыптылықпен қараудың белгісі. Жауапкершілік - тәртіптіліктің, адамдықтың белгісі.

Жігер – қажыр-қайрат, күш-қуат.

Жігерлену – қайраттану, қуаттану, қажырлану.

Зеректік – адамның өзінің маңындағы нәрселер мен құбылыстарды танып білудегі сезімталдығын, ақыл-ойының ұшқырлығын, ойлау әрекетінің орамдылығын білдіретін даралық қасиеті.

Ибалылық – әдептілік, инабаттық, сыпайылық.

Иман – адам бойына тән ізгілік, адамгершілік.

Игілік – 1. Қайырымды іс, жақсылық. 2. Бақыт, дәулет, ырыс. 3. Қажетті жағдай, пайда.

Имандылық – адамгершілік және адамгершілік ережелері.

Инабаттылық – әдептілік, ибалылық, ізеттілік.

Кемел – әбден толып-жетілген, өскен, ержеткен.

Кемелдену – толысу, жетілу.

Кісілік – адамгершілік, азаматтық.

Қабілет – адам бойындағы бір нәрсеге деген бейімділік қасиет, іскерлік.

Қайырымдылық – қайырымы молдық, мейірімділік.

Қамқор – біреудің қамын ойлайтын, оған тірек болатын.

Қамқорлық – қамқор болушылық, қамын ойлаушылық.

Қанағат – барға ризалық, нысап, тойым.

Қасиет – әрбір затқа тән айрықша белгі, ерекшелік, жақсы белгі.

Қиянат – зрлық-зомбылық, озбырлық.

Құндылық – 1. Қымбаттылық, бағалылық. 2. Маңыздылық, мәнділік.

Мақсат – бір нәрсеге (нәтижеге) жету үшін

алға қойылған міндет.

Махаббат – ата-ананың балаға, адамдардың туған жерге, елге деген сүйіспеншілік ыстық ықыласы.

Мейірім – қайырымды көңіл, ақ пейіл, ықылас.

Мейірімділік – мейірбандылық, қайырымдылық, шапағаттылық.

Мүмкіндік – қолайлы жағдай, мүмкіншілік.

Міндет – парыз, борыш.

Мінез-құлық – адамның іс-әрекетінен, жүріс-тұрысынан байқалатын өзіндік қасиет.

Намыс – 1. Адамгершілік, ар, абырой. 2. Ұят, ұждан. 3. Адамның қадір-қасиетіне байланысты өте нәзік, өткір, күшті, лап етпе сезім.

Намысқой – ар-абырой, намысшыл.

Ниет – бір нәрсеге деген пейіл, ықылас, ынта.

Нұр – сәуле, жарық, шұғыла.

Өмірлік ұстаным – адамның дүниетанымдық, моральдық-психикалық қасиеттері және оның қоғамға қарым-қатынасын білдіру арқылы көрінетін ішкі қағидасы.

Өмірлік ұстаным – жеке адамның іс-әрекетінің белгілі бір бағыттылығы.

Өнеге – тәлім-тәрбие, үлгі, ақыл.

Парасат – ақыл-ой, сана-сезім.

Парыз – адам бойына тән азаматтық борыш, қастерлі міндет.

Рақмет – ілтипат білдіріп, айтылатын ризалық алғыс.

Рақым – қайырым, мейірім, шапағат.

Рақымды – мейірімді, мейірбанды, қайырымды.

Риясыз – шын ықыласпен істелген, қалтқысыз, бүкпесіз.

Риясыздық – қалтқысыздық, бүкпесіздік, шынайылық.

Рух – 1. Табиғи материалдық бастамадан өзгеше, затсыз, идеалды бастаманы білдіретін философиялық ұғым. 2. Рухани күш-қуат, батылдық.

Рухани – адамның ой-санасына, ішкі дүниесіне байланысты, соған тән.

Рухани дүние – адам мәнінің ең биік көрінісі, оның жалпыадамзаттық инабат, парызды түсіне білуі, болмыстағы өз орнына сай қызмет ете алуы.

Руханилық – рухани, адамгершілік және интеллектуалды қызығушылықтардың материалдыққа қарағанда басым жағдайы, адам жанының таза қасиеті.

Сабыр – шыдам, тағат, төзім.

Сабырлы – салмақты, ұстамды, байыпты.

Сабырлылық – 1. Ұстамдылық, шыдамдылық, салмақтылық. 2. Адамның өз мінез-құлқын басқарып, иелік ете алуы, ашулы, ызалы кезінде, қиын жағдайға тап болғанда, өмірлік мәселелерді шешкен кезде өзін-өзі ұстай білуі.

Сана – объективті шындықты идеалды түрде бейнелеудің адамға ғана тән ең жоғарғы формасы.

Сезім – сыртқы дүние мен құбылыстардың адамға еткен іс-әрекетін сезіну, байқау, қабылдау қабілеті.

Сенім – 1. Жеке адамдар арасында, не жеке адамдар мен қоғам арасындағы қатынастардың сапалық өлшемі, наным. 2. Күткен үміт, ықылас, ниет.

Сұлулық – келбеттілік, өңділік, ажарлылық. 2. Әсемдік, әдемілік.

Сүйіспеншілік – құштарлық, ынтықтық көңіл күйі.

Сыйластық – сый-құрметке лайық, татулық, достық.

Татулық – тату болушылық, жақсы сыйластық.

Талпыныс – алға ұмтылушылық, тырысушылық, талаптанушылық.

Ұждан – ар, намыс, ұят.

Ұстаным – нақты бір мәселеге көзқарас, позиция.

Үйлесім – келісім, жарасым.

Үлгі – өнеге, тәлім.

Шындық – ақиқаттық, дұрыстық.

Шыншыл – турашыл, адал.

Шыншылдық – адалдық, турашылдық. Шындықты бағалай білу және шындықты айта білу, адамның іс-әрекеті оның ойы мен сөзіне қайшы болмауы үшін өмір сүре білуі.

Ізгі – адал, ақ, игі.

Ізгілік – жақсылық, адалдық, игілік. Адамдарға деген адамгершілік, сүйіспеншілік қатынас, бұл өзге адамға жақсылық жасаудың негізі.

Ілтипат – ықылас, пейіл, көңіл.

Ілтипаттылық – кішіпейілділік, әдептілік, инабаттылық.

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

- Абай Құнанбайұлы** (1845–1904) – қазақ ақыны, қазақ әдеби тілінің негізін салушы, ойшыл, ағартушы, философ. Оның туғанына 150 жыл толуы 1995 жылы ЮНЕСКО-ның арнаулы шешімімен дүниежүзілік деңгейде атап өтілді.
- Айбергенов Төлеген** (1937–1967) – қазақ ақыны.
- Аймауытов Жүсіпбек** (1889–1931) – қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі.
- Айтматов Шыңғыс** (1928– 2008) – қырғыз жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, КСРО-ның Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтарының иегері.
- Ақсұңқарұлы Серік** (1950) – ақын, аудармашы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.
- Алтынсарин Ыбырай** (1841–1889) – қазақ ағартушысы, педагог, ақын, жазушы.
- Амангелдиев Әшірбек** (1955) – журналист, «Зерде» журналының бас редакторы.
- Анаш Думан Нұрланұлы** (1984) – журналист, «Әулет» атты публицистикалық жинағы жарық көрген.
- Аристотель** (б.з. дейінгі 384 жылы туған – 322 жылы қайтыс болған) – ежелгі грек философы, ғалым, ойшыл.
- Асанов Сабырхан** (1937–1996) – ақын, аудармашы, өлеңдері орыс, неміс, латыш, татар, башқұрт, якут, қырғыз т.б. тілдерге аударылған.
- Асыллов Ұлықман** (1939–2015) – педагог-жазушы, аудармашы.
- Әбдіразақов Ілияс** – композитор.
- Әбу Насыр Әл-Фараби** (870–950 ж.ш.) – әлемге әйгілі ойшыл, логика, музыка зерттеушісі.
- Әйтеке би** (1666–1722) – қазақ биі, қоғам қайраткері.
- Әлімбаев Мұзафар** (1923) – Қазақстанның халық жазушысы.
- Әлімқұлов Нұрсұлтан** (1928–1982) – ақын, кең таралған ән мәтіндерінің авторы.
- Әміров Есжан** – белгілі сазгер, Қарағанды гуманитарлық колледжінің директоры.
- Әуезов Мұхтар Омарханұлы** (1897–1961) – қазақ жазушысы, ғалым, «Абай» эпопеясының авторы, оның туғанына 100 жыл толуы 1997 жылы ЮНЕСКО-ның арнаулы шешімімен дүниежүзілік деңгейде атап өтілді.
- Байтұрсынов Ахмет** (1873–1937) – қоғам қайраткері, ақын әрі аудармашы.
- Бақыткерейұлы Ғалым** (1966) – дінтанушы.
- Баласағұн Жүсіп** (1015(16) ж. туған – қайтыс болған жылы белгісіз) – түркітілдес халықтар ақыны, ойшыл, тілгер, «Құтты білік» дастанының авторы.
- Баяндин Нұғыман Ыбырайұлы** (1912–1991) – топырақтанушы, ауыл шаруашылығы ғылымының докторы.
- Березин Илья Николаевич** (1818–1896) – орыс ғалымы, шығыс зерттеуші, Петербург университетінің профессоры.
- Бөкейханов Әлихан** (1866–1937) – қазақ зиялылары арасындағы ірі тұлға, XIX ғ. соңы-XX ғ. бірінші жартысында зиялы тұлғалардың көшбасшысы, жетекшісі.
- Буаст Пьер** (1765– 1824) – француз лексикографы.
- Бұхар жырау** (1668–1781) – қазақ ойшылы.
- Виктор Гюго** (1802–1885) – француз жазушысы, ақын және драматургі.
- Вуйчич Николас** (1982) – кәсіби мотивациялық шешен.
- Гельвеций Клод Адриан** (1715–1771) – француз әдебиетшісі, философы.
- Гете Иоганн Вольфганг** (1749–1832) – неміс ақыны, ойшылы.
- Гоббс Томас** (1588– 1679) – ағылшын философы.
- Гоголь Николай Васильевич** (1809–1852)

– орыстың ұлы жазушыларының бірі.

Горький Максим (Алексей Максимович Пешков (1868–1936) – орыс жазушысы.

Гуго Сен-Викторский (1096–1141 жылдар) – француз ойшылы, педагогі.

Гюго Виктор Мари (1802–1885) – француз жазушысы.

Дзержинский Феликс Эдмундович (1877–1926) – көрнекті мемлекет және партия қайраткері.

Дөңқабәқ Орынбасар – журналист, қазақ радиосының ардагері.

Дулатов Міржақып (1885–1935) – қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, жалынды көсемсөз шебері.

Дүйсекеев Кеңес Дүйсекеұлы (1946) – композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақ ұлттық Өнер академиясының профессоры.

Есебаев Бауыржан – композитор, көптеген танымал әндердің авторы.

Есенберлин Гияс (1915–1983) – аса көрнекті қазақ жазушысы, жекелеген шығармалары әлемнің 15 тілінде жарияланды.

Есенжанов Хамза (1908 – 1974) – жазушы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Есімов Ғарифолла (1947) – ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ғылым академиясының академигі, абайтанушы.

Жабаев Жамбыл (1846 –1945) – қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жырышы.

Жамалбек Ұиқын – әнші, композитор, 2012 жылы Т. Жүргенов атындағы Өнер академиясын бітірген.

Жаманқұлов Қуаныш – ақын, сазгер.

Жарылқасын Дәулет (1963) – ақын, сазгер, сатирик, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері.

Жиенбаев Сағи (1934–1994) – көрнекті қазақ ақыны.

Жиенбайұлы Қуаныш – жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері.

Жолдасбеков Мырзатай (1937) – мемлекет қайраткері, ғалым, филология ғылымының докторы, профессор.

Жолдасов Ұлықпан (1966) – әнші, композитор, музыкалық продюсер. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының Мәдениет саласының үздігі.

Жұбанов Ахмет (1906–1968) – ғалым, композитор, дирижер.

Жұмабаев Мағжан (1893–1938) – қазақ ақыны, педагог.

Жұмалин Бақтығали (1961) – композитор, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері.

Зайытов Ринат (1983) – қазақтың айтыскер ақыны.

Зейнел-Ғабиқызы Марал (1951) – дәрігер, ақын, журналист.

Иманжанов Мұқан (1916–1958) – қазақ совет балалар әдебиетінің қалыптасып көркеюіне көп еңбек сіңірген жазушы.

Иүгінеки Ахмет (XII ғ.) – түркі халықтарының ақыны.

Карлейль Томас (1795–1881) – Британ жазушысы, тарихшы және философ.

Кекілбайұлы Әбіш (1939–2015) – Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері.

Келімбетов Немат (1937–2010) – түрколог-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі.

Кенжеахметұлы Сейіт (1939) – жазушы, этнограф. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері», «Қазақтың дархан дастарқаны», «Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті» атты көлемді энциклопедиялық еңбектер жазған.

Конфуций (б.з. дейінгі 551–476) – ежелгі қытай философия-ойшылы.

- Костылецкий Николай Федорович** (1818 – 1869) – шығыстанушы, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Ш.Ш. Уәлихановтың мұғалімдерінің бірі әрі досы.
- Көпей Мәшһүр Жүсіп** (1858–1931) – қазақ ақын-жазушысы, шежіреші-тарихшы.
- Күзембай Қуаныш** – ақын, балаларға арналған өлеңдер жинағының авторы.
- Қажыбаев Төлеген** (1942) – жазушы, ақын. Республикалық Журналистер одағының А. Байтұрсынов атындағы сыйлығының лауреаты.
- Қазыбек би** (XVIII ғ.) – орта жүздің төбе бийі.
- Қайсенов Қасым** (1918–2006) – Қазақстанның Халық қаһарманы, Халықаралық Фадеев атындағы сыйлықтың лауреаты, көрнекті жазушы, Ұлы Отан соғысының ержүрек батыры, әйгілі партизан, көзі тірісінде аты аңызға айналған халқымыздың қайталанбас біртуар даңқты перзенті.
- Қалдаяқов Шәмші** (1930 –1992) – композитор, Қазақстан мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, осы заманғы қазақ эстрадасының негізін салушылардың бірі, Қазақстанның халық әртісі.
- Қалдыбай Мамытбек** (1939) – жазушы, журналист, Бауыржан Момышұлына «Ұмытылмас кездесулер», «Атақ пен шатақ» туындыларын арнаған қаламгер.
- Қалиев Серік** (1961) – айтыс ақыны. Өлеңдері 1987 жылы жас ақындардың «Қарлығаш» ұжымдық жинағына («Жалын») енген.
- Қауғабай Ораз** – белгілі жазушы-журналист.
- Қашқари Махмұд** (1029–1038 жылдар аралығында туған – қайтыс болған жылы белгісіз) – түркі ғалымы, «Түркі тілінің сөздігі» атты көп томды сөздіктің авторы.
- Қашқынов Жеңіс** (1942–2005) – ақын, он шақты жыр жинағының авторы.
- Қоразбаев Алтынбек** (1948) – қазақстандық композитор, әнші. Қазақстан халық әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері. Қырғызстанның халық әртісі.
- Қорқыт ата** (VIII ғ.–да өмір сүрген) – ақын, күйші, ойшыл. Оның есіміне қатысты жәдігерліктер «Қорқыт ата кітабына» (XI ғ.) жинақталған.
- Кұдайбердіұлы Шәкерім** (1858–1931) – ақын, аудармашы, философ.
- Кұрманалин Мұхтар** (1927–2011) – ақын, жазушы.
- Левитан Исаак Ильич** (1861–1900) – орыс суретшісі, пейзаж шебері.
- Мақатаев Мұқазали** (1934–1978) – қазақтың көрнекті ақыны.
- Матайқызы Ділдә** (1929) – ел анасы атанған елеулі жанның бірі, бірнеше кітаптың авторы.
- Маханов Құрман** – әнші, композитор.
- Мәуленов Сырбай** (1922–1993) – ақын, қырыққа жуық жыр жинақтарының авторы.
- Меңдеке Әмірхан** (1956) – жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері.
- Молдағалиев Жұбан** (1920–1987) – қазақ ақыны, Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты.
- Молдағалиев Тұманбай** (1935–2011) – Қазақстанның халық жазушысы.
- Момышұлы Бауыржан** (1910–1982) – Кеңес одағының батыры, жазушы, Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы.
- Монтень Мишель** (1533–1592) – француз философы және жазушысы.
- Моцарт Вольфганг Амадей** (1756–1791) – австрия композиторы.
- Мұқанов Сәбит** (1900–1973) – Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері.
- Мұратбеков Сайын** (1936–2007) – жазушы, аудармашы.
- Мұстафин Ғабиден** (1902–1985) – қазақ

жазушысы.

Мұхтар Болатбек – журналист.

Мүсірепов Ғабит (1902–1985) – қазақ жазушысы және драматургі.

Мырза Әли Қадыр (1935–2011) – Қазақстанның халық жазушысы.

Назарбаев Нұрсұлтан (1940) – Қазақстанның мемлекет қайраткері, ғалым, Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті.

Назарбаева Сара Алтықызы (1941) – Қазақстанның қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының Бірінші Ханымы, «Бөбек» қайырымдылық қорының негізін қалаушы, «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының авторы.

Нәжімеденов Жүмекен (1935– 1983) – қазақ ақыны, Қазақстан комсомолы сыйлығының иегері.

Нельсон Анна – Ресей журналисі, режиссер, жазушы.

Нельсон Мандела (1918–2013) – Оңтүстік Африка Республикасының бұрынғы президенті, белгілі қоғам қайраткері, Нобель сыйлығының лауреаты.

Ницше Фридрих Вильгельм (1844–1900) – неміс философы, ақын және композитор.

Нұршайықов Әзілхан (1922–2011) – Қазақстанның халық жазушысы.

Нүсіпбеков Ержан – «Қазақстан тарихы» анықтамалық веб-порталының қызметкері, Алматы көлік және транспорт коммуникациялар колледжінің директоры.

Омаров Марат (1959) – әнші-композитор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі.

Омарұлы Қаржаубай (1946) – жазушы, Ол«Қоңыраулы бесік», «Әке», «Бала-балапандар» повестері үшін балалар мен жасөспірімдерге арналған үздік әдеби шығармалар бәйгесінің үш рет жүлдегер атанды.

Оңғарсынова Фариза (1939–2014) – қазақ ақыны, халық жазушысы, «Үйім – менің

Отаным», «Маңғыстау монологтары», «Революция және мен» өлеңдері топтамалары үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

Оразбаев Иранбек (Иран-Ғайып) (1947) – қазақтың көрнекті лирик ақыны, драматург.

Өзденбаев Жанбай – ақын, техника ғылымдарының кандидаты.

Платон (205– 270) – ежелгі грек философы.

Потанин Николай (1835–1920) – Орта Азияның табиғатын, этнографиясын зерттеген саяхатшы, географ, этнограф, фольклоршы.

Рахимов Тұрсынғазы (1951) – әнші, сазгер, Қазақстанға еңбек сіңірген мәдениет қызметкері.

Рахимов Тынышбай (1946 – 1999) – қазақ ақыны.

Рахманинов Сергей Васильевич (1873–1943) – композитор, пианист, дирижёр.

Ромен Роллан (1866–1944) – француз жазушысы, қоғам қайраткері.

Сариев Шәмшібай Назашыбайұлы (1946) – ақын, аудармашы, Кафка атындағы Халықаралық сыйлықтың және «Платиналы Тарлан» сыйлығының лауреаты.

Сәрсекке Медеу (1936) – жазушы, «Сәтбаев», «Ебіней Бөкетов» атты деректі ғұмырнамаларын, «Жаңғырық», «Көмбе» романдарын жазды.

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы, шын есімі – Ғабдулғани (1899–1964) – геолог-ғалым, минерология ғылымдарының докторы, профессор, академик.

Сәтиев Қайырбек – композитор, Ш.Қалдаяқов атындағы компози-торлар байқауының лауреаты, Павлодар қаласы әкімінің «Жыл композиторы» грантының иегері.

Сейдімбек Ақселеу Сланұлы (1942–2009) – жазушы, әдебиет зерттеуші, ғалым.

Сенека Луций Анней (б.з. дейінгі 4

жылдар шамасында туған – б.з, 65 жылы қайтыс болған) – философ, ойшыл.

Сервантес Мигель (1547–1616) – испан жазушысы.

Серікбаев Ержан (1960–2011) – белгілі әнші және композитор.

Серікқалиұлы Зейнолла (1938–2004) – жазушы, аудармашы, ғалым.

Сократ (б.з. бұрынғы 436–338) – ежелгі грек публицисі, философы.

Софокл (б.э.д.497 – 406) – ежелгі грек драматургі.

Сухомлинский Василий Александрович (1918–1970) – атақты украин педагогі.

Сыдықов Ерлан Батташұлы (1956) – тарих ғылымдарының докторы, профессор.

Табылдиев Әдібай (1926) – ақын, жазушы, драматург, профессор.

Тоғысбаев Бек (1936) – жазушы, драматург.

Толстой Лев Николаевич (1828–1910) – граф, орыс жазушысы.

Толыбаев Құрманбай Игілікұлы (1926–2004) – жазушы.

Төржанов Мәдіхат (1921) – жазушы, «Бітпеген ойын», «Тең ойын», «Шегіртке мен ара», «Қанатбек пен Жанатбек», «Кім ақылды», «Түйе қалай өз көлеңкесін жоғалтты» секілді прозалық кітаптардың авторы.

Тұрманжанов Өтебай (1905–1978) – балалар жазушысы, фольклоршысы.

Тұрсынжан Шапай Мұқанұлы (1957) – әдебиет сыншысы.

Тілендиев Нұргиса (1925–1998) – қазақтың әйгілі күйші композиторы, дирижер, дәулескер домбырашы. КСРО халық әртісі, Халық қаһарманы.

Уәлиханов Шоқан Шыңғысұлы (1835–1865) – қазақ ғалымы, ағартушы, саяхатшы.

Ушинский Константин Дмитриевич (1824–1870) – орыс педагогі.

Үсенұлы Серік (1966) – «Құланиек», «Ақшаттың суы мөп-мөлдір» прозалық

кітаптар авторы.

Фейербах Людвиг (1804–1872) – неміс философы.

Хасанғалиев Ескендір Өтегенұлы (1940) – әнші, композитор.

Чернышевский Николай Гаврилович (1828–1889) – Ресей философы, публицист, жазушы, әдебиет сыншысы.

Черчилль Уинстон (1874 – 1965) – премьер-министр, Ұлыбританияның мемлекет және қоғам қайраткері, Нобель сыйлығының лауреаты, жазушы.

Чехов Антон Павлович (1860–1904) – орыс жазушысы, прозашы, драматург.

Шайманұлы Болат – ардагер журналист, заңгер, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері.

Шаймерденұлы Ербол (1954–2012) – ақын, жазушы-публицист, рәмізтанушы, аудармашы, қоғам қайраткері.

Шакузадаұлы Нұрхат – жазушы.

Шекербеков Ғазизхан – әнші, сазгер.

Шекспир Уильям (1564 – 1616) – ағылшын ақыны және драматургі.

Шостакович Дмитрий Дмитриевич (1906–1975) – орыс компо-зиторы, пианист, педагог, профессор.

Шынтемірқызы Әйгерім – жас жазушы.

Ынтықбаев Еркін – композитор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері.

Ысқақ Әкім (1960) – философиялық тәлім-тәрбиеге негізделген «Жүректегі жазулар», «Адам іздеп жүрмін» атты эссе-кітаптары жарық көрген. Көптеген әндердің авторы.

Ысқақ Қалихан (1935–2014) – қазақ прозасының қара нары атанған жазушы, сыншы, драматург, аудармашы.

Ясауи Қожа Ахмет (1103(05) – 1167) – түркі тілінде жазған ақын, әйгілі «Диуани хикметтің» («Даналық кітабы») авторы.

МАЗМҰНЫ

I тарау. Таным қуанышы

«Табиғат – баға жетпес сый» жобасы. I кезең.....	7
1-2 сабақтар. Ақиқатты іздеу жолында.....	8
3-4 сабақтар. Адамның мүмкіндіктері.....	16
5-6 сабақтар. Өзіне сенім.....	23
7-8 сабақтар. Әсемдікке талпыныс.....	31

II тарау. Адам болам десеңіз...

«Табиғат – баға жетпес сый» жобасы. II кезең.....	41
9-10 сабақтар. Өзгелермен үндесу.....	42
11-12 сабақтар. Ақкөңілділік туралы.....	50
13-14 сабақтар. Ар-ұждан және абырой туралы.....	57
15-16 сабақтар. «Адамдық борышын».....	63

III тарау. Адам және әлем

«Табиғат – баға жетпес сый» жобасы. III кезең.....	71
17-18 сабақтар. Отбасының жылуы.....	72
19-20 сабақтар. Сыныптағы достық.....	78
21-22 сабақтар. Мен және қоршаған әлем.....	85
23-24 сабақтар. Қоғам игілігі үшін қызмет.....	93

IV Адамзаттың рухани тәжірибесі

«Табиғат – баға жетпес сый» жобасы. IV кезең.....	100
25-26 сабақтар. Дәуірлерді жалғастырушы желі.....	101
27-28 сабақтар. Жүрек қалауымен.....	108
29-30 сабақтар. Адамзаттың шынайы көшбасшылары.....	115
31-32 сабақтар. Адамзаттың рухани байлығы.....	122
33-34 сабақтар. Қандай әсем әлем!.....	131

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша түсіндірме сөздік.....	136
---	-----

Есімдер көрсеткіші.....	138
-------------------------	-----

Оқу басылымы

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ

Нұркеева Сатуалды,
Алиев Бақыт Шалабайұлы,
Бақаш Ерғали

**Жалпы орта білім беретін мектептің
6-сыныбына арналған оқулық**

Редактор Нұркеева С.
Техникалық редактор Песина Е. М.
Суретшілер Калачева А.О., Ширшина Н.В.



Басуға 20 маусым 2018 ж. қол қойылды.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс. Қаріп түрі Times New Roman.
Пішімі 700x100/16. Баспа табағы 11,61.
Таралымы 196 009 дана. Тапсырыс 1252-19.

«Интеллсервис» ЖШС-нде басылды
B64E9X5, Талғар қаласы, Промышленная к-сі, 5 үй
www.intellservice.kz